

М. ОМАРҰЛЫ, Г. НИШАНОВА, Р. ӨСЕРОВА

ОҚУ КІТАБЫ

Жалпы орта білім беретін мектептердің
3-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

6-басылымы



ТАШКЕНТ – «О‘ЗБЕКISTON» – 2019

УЎК 372.41y821.512.122-3
КБК 81.2 Каз-922
О-56

Пікір жазғандар:

А. Нысанбаева – Низами атындағы Ташкент
Мемлекеттік педагогика университетінің
«Бастауыш білім беру және спорт мәдениеті» факультетінің
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты;

А. Ғаниева – Ташкент облысы, Қыбырай ауданындағы
9-мектептің бастауыш сынып оқытушысы;

Б. Жолдыбекова – Ташкент облысы, Шыназ
ауданындағы 12-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.



Оқы



Сұрақтар мен тапсырмалар



Есінде сақта



Бөлімді қайталауға арналған
сұрақтар мен тапсырмалар

Бұл кітапқа қатысы бар барлық құқықтар баспаға
тиісті және ол заңмен қорғалады. Ондағы суреттер мен
мәтіндерді баспаның ризалығынсыз толық немесе ішінара
көшіріп басуға болмайды.

**Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары
есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-283-7

© М. Омарұлы және басқ., 2008–2014, 2016, 2019

© «O'ZBEKISTON» БПШІ, 2008—2014, 2016, 2019

I бөлім. БІЗ – ҰЛЫ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫЗ



1 ҚЫРКҮЙЕК – ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



1991 жылдың 31 тамызы Өзбекстанымыз үшін ғасырға татитын күн болды. Осы күннен бастап Өзбекстан елінде киелі «Тәуелсіздік» сөзі асылға баланып, жүректердің төрінен орын алды.

Тәуелсіздікке қол жеткен соң, қысқа мерзім ішінде Өзбекстан әлемдегі өркендеген елдердің қатарынан орын алды. Оның шын иелері, басқарушылары – сендерсіңдер, қымбатты оқушылар! Бүгінгі игілікті жұмыстар, құрылыстар сендерге – балаларға мәңгілік меншік болып қалады.

Өзбекстан деп аталатын гүл жайнаған өлке мен жер-мүлік иелері оқыған, өнерлі, өз құқығын жақсы білетін болып өсуге тиіс. Тәуелсіз республикамыз балаларының білім алуы мен өнер иеленуі үшін дүниенің қақпалары кең ашылды.

(Сафар Барноев.)



1. Неліктен 1991 жылдың 31 тамызын ғасырға татитын күн деп атаймыз?
2. Өзбекстанның шын иелері кімдер?



МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН

Туған жердің көгілдір аспаны сенің кеудең секілді. Сол аспан төсінде түнде жарқырап тұрған жұлдыздар сенің көздерің секілді. Сен сол туған жердің аспанымен тыныстайсың. Туған жердің жарық күнімен алысқа қарайсың.

Туған ел! Бұл кішкентай үйіңнің табалдырығынан басталады. Содан шексіз, шетсіз қияға өрлеп кете барады. Оның жұпар атқан жусаны, оның жүректей болып желмен лүпілдей соққан қызыл гүлдері, оның кеудеңе құйылған мөлдір ауасы, жотаға өрлеген жалғыз аяқ жолдары – осының бәрі-бәрі сенің туған еліңді құрайды.

Туған жерсіз адамның күні жоқ. Алыс кетсең, өз үйіңнің мұржасына дейін сағынасың. Туған жерің түсіңе енеді. Алыстан қол бұлғай шақырады.



Туған ел мағынасы тереңде жатыр. Балғын балалық шақ! Күлдір-күлдір кісінеп, айнала шапқылаған ала аяқты құлыншақ! Сәуірде бүршік атқан, қылтиып күн көзіне көрінген балауса көк шөп. Өзен үстінде үйіріліп ұшқан шағала! Кемеріне жайлап соққан көгілдір көл. Күннің қызғылт шапағына бөленген үйлер – осының бәрі тұтас туған ел! Ал енді ананың бесікте жатқанда айтқан әлдиі, әженің тамылжыта төккен тамаша ертегілері, туғандарыңның мейірбанды күлкілері, жеңгелеріңнің тәтті әзілдері – осының бәрі туған еліңнің керемет сипаттары! Туған елдің тілі барша жанға түсінікті!

(Сырбай Мәуленов.)



1. Аспан дегенде нені түсінесіңдер?
2. Аспан төсінде не жарқырайды?
3. Жұлдыздар неге ұқсайды?
4. Туған ел қайдан басталатынын түсіндіріп бер.
5. Құлыншақ, шөп, шағала, көл сөздерінің өзімен байланысқан сөзді табыңдар.



Мақалдар

Жері байдың – елі бай.

* * *

Адассаң еліңмен адас.



БОРЫШ

Тыныштықпен атса егер
Аппақ таңдар,
Саған сыйлап сол таңды
Жатқандар бар.

Ол – жауынгер, ол – Отан
Бекем жатқан,
Өз борышын сен үшін
Өтеп жатқан.

Жақсы оқы, жақсы жүр
Сол үшін де,
Бұл Отанға өтеген
Борышым де.

(Ескен Елубаев.)

Өлеңді жаттап алыңдар.

ӨЗБЕКСТАН

Өңірді кезген кезімде,
Бөлендім ғажап сезімге...
Сүйемін Отан аумағын.
Елімнің тыңдап аңызын,
Туындар ойлы парызым.
Дариям беріп шабытты,
Ертегі болған халықты,
Аралап өттім, жатпадым,
Тең келер оған таппадым.

(Хамит Әлімжан.)



1. Өңірді, туған жерді кезгенде ақын қайтті?
2. Отан алдындағы парызымыз не?



ЕГЕМЕНДІ ЕЛІМІЗДІҢ КАРТАСЫ

Математиканы айтпасақ, Расул басқа пәндерден едәуір нашар оқиды. Әсіресе сурет сабағын сүймейді. Қыздардың кесте тіккені сияқты әлдеқандай гүлдер мен заттардың кескінін ерінбей сызып отыруға шыдамы жоқ еді. Сондықтан да сынып жетекшісі оны ең озат оқушылардың бірі Саматқа қосып қойған. Бірақ Расул ағасы үйінде болған кездерде ғана Саматтың айтқанын істейтін, яғни тыныш отырып сабақ дайындайтын, ал басқа уақытта Саматты күреске шақырып, тар бөлменің шаңын шығарып жүрді. Сол себепті



Самат олардың табалдырығынан әрең аттайтын еді.

Бірақ бірде ол аптығып кіріп келді. Қолындағы сөмкесін бір шетке лақтырып жіберіп, қойнынан төрт рет бүктелген қағазды шығарды.

— Қара, не сыздым, — деді толқып тұрып. — Аулымыздың картасын. Мына жерге шекарашыларды қойдым. Қалай, тамаша ма?

Самат осындай істерімен кейде оны тез-тез таңқалдыратын да еді. Ана бірде резеңке арқылы жүретін қайықша жасап келген болатын. Сабақ бір жақта қалып, екеуі қайықшаны шарадағы суға салып әбден ойнаған. Оның

аптыға кіруінен тағы да соған ұқсас бір нәрсені күткен Расул суретті көріп, ернін тұштитты.

— Осының несіне соншалықты аптығасың? — деді ол. — Жай ғана сурет қой.

— Бізде әлі ешкім аулымыздың картасын сызбаған, — деді Самат қызбаланып. — Мұны бірінші болып мен сыздым. Сен жақсылап қара, өте қызық бұл. Мына біреуі — өзіміз жазда шомылатын көл, ал мынау — мал қора. Үлкен көшені сәл иректеу етіп сыздым. Мынау — мектеп, емхана. Е, дүкен қалып кетіпті ғой. Ә, мейлі, кішкентай нәрсені қағазға түсіру қиын. Бірақ өзіміздің ауланы қиыннан қиыстырып сыздым.

Расулға бәрінен де ирелеңдеген сызықтарды жағалап бара жатқан шекарашылар ұнады.

— Дәл біздің Алапарымызға ұқсайды екен, — деді ол суретті бармағымен нұсқап.

— Ол қалайша сенің итің болады? — деді Самат. — Біздің Төрткөз ғой бұл! Қара, маңдайында екі қалы бар.

Расул табалдырыққа таяу жерде шелектей басын аяқтарының үстіне қойып жатқан итіне көңілсіз ғана көз салды. Итінің жағдайы тәуір еместігіне өкінді. Дегенмен, сыр бергісі келмей, шекарашыларға қарай ым қақты:

— Онда мыналар кім?

– Алдағысы – мен, соңындағысы – сен. Ауылды күзетудеміз. Қызық болсын деп сызғаным ғой.

– Ауылды кімнен күзетіп жүрміз? – Расул таңданды.

– Кімнен болушы еді... – Самат жауап таба алмай, бір сәт мүдіріп қалды. – Кімнен болушы еді, қасқырдан да. Өткен жылғы қыста қойларымызды жайратып кеткені есіңнен шықты ма?

– Онда мұны шекарашы емес, күзетші дейді.

– Не айырмасы бар? – деп Самат тұштиып, суретке қолын соза бере, табан асты жүзі нұрланып кетті. – Айтқандай, мұғаліміміздің сөзі есіңде ме? Ол кісі: «Аулымыздың өзі бір отан, кішкене отан», –деген емес пе еді? Отанды күзетші емес, шекарашы күзетеді.

Бұл сөз әуелі өзінің ойына келмегеніне Расул іштей қатты өкінді. Сонан соң ол екінші шекарашыға қарағанда біріншісінің суреті едәуір жақсы салынғанын байқады.

– Екіншісі емес, біріншісі – мен, – деді ол.

– Жоқ, біріншісі – мен.

– Мені бүкірге ұқсатып қойыпсың ғой!

– Ешқандай! – Самат қағазды бүктеп қойнына салды. – Өзің сыза алмайсың, сызғанды көре алмайсың.

Бұл сөз Расулға ауыр тиді.

– Сиза алмаймын ба?

– Сиза алмайсың! – деді Самат тікесінен. – Бұл саған әншейін сурет емес, карта. Карта-ны сызу үшін бас керек. Бұл іс бәрінің де қолынан келе бермейді.

– Сиза алмаймын ба?

– Жоқ, сиза алмайсың!

Олардың егесі Саматтың ренжіп қалуымен аяқталды. Саматтың сөзі Расулдың көкейінен кетпей қалды. «Сен сызған нәрсені мен сиза алмаймын ба? – деді іштей ширғып. – Сондай бір тамаша карта сызайын әлі, таң қалғаннан аузыңның суы ақсын». Ол ауылы мен оның атырабындағы жерлерді көз алдына келтіріп, үстел басына отырды. Бірақ сызғаны өзіне ұнаған жоқ. Екіншісі, үшіншісі де солай болды. Саматтың дәптерінде шекара нүктелі сызықтармен сызылып, сол нүктелер суретті өте ажарландырып тұрған еді. Амал не, қанша әрекет жасаса да, нүктелердің бәрі бірдей шықпай-ақ қойды: бірі үлкен, бірі кіші. Саматтікі болса, нақ бір қалыптан шыққан кірпіштей тегіс еді. Бұл сырдың түбіне жете алмаған Расулдың басы қатты. Сызғандарын умаждап, лақтырып жібермекші де болды, бірақ Саматтың сөзі есіне түсіп, ол пікірінен қайтты. Ол жерге бүк түсіп, қағаз бетіне алғашқы сызықтарды жүргізді. Жүргізді де, қуанғанынан айқайлап жіберді:

– Мынаны қара, мынаны қара! – деп ол орнынан ұшып тұрып, қағазды ағасына көрсетті.

Ағасы кітаптан басын көтеріп, қағаздың бетіне селсоқ үңілді.

– Не боп қалды?

– Қарашы, нүкте, нүкте...

– Несі бар, кілемнің үстіне қойып сызғаныңнан кейін нүкте – нүкте болмағанда қайтеді?

Өзі үшін зор жаңалық сияқтанған істі ағасының тез әрі оп-оңай түкке тұрғысыз етуі Расулді таңдандырып, берекесіздендірді.

– Сурет салмақшы болсаң, қағаздың астына анау фанерді қой, – деді ағасы. – Сонда біркелкі, тегіс шығады.

Расул қолындағы қағазға бір, жердегі қалың кілемге бір таңдана қарап тұрды да, үстел үстінде жатқан картаға назарын аударды. Карта қызғыш, сарғыш реңдермен боялып, әр жер-әр жеріне көне жәдігерліктердің титтей бейнесі түсірілген, ал жанына қала аттары қоса жазылған болатын. Бұл картаның алдында Саматтың сызғаны өте жұпыны еді. «Мұндайды Самат та сыза алмайды, – деп ойлады Расул картаға әуесі кеп. – Бірақ мен салсам, Саматтың жүрегі қызғаныштан жарылып өлер еді». Одан картасын қызғанбаған ағасы үлкен, қалың қағазын да аяған жоқ. Әйтсе де карта туралы ескертіп қойды:

– Тек бояп жүрме, бүгін сатып алдым.

Әуелі жұмыс тым жеңіл басталды. Расул шөлдер мен өзендердің бейнесін оңай түсірді, бірақ қалаға келгенде, біраз ойла-нып қалды. Өлденеге картадағы бейнелерді сол қалпындағыдай көшіргісі келмеді. Кө-не жәдігерліктердің титтей бейнесі оны қанағаттандырмады. Ағасының кітабын ақта-рып, одан Шахизинданы тапты да, суретті мүмкіндігі барынша соған ұқсатуға тырыс-ты. Кейін жанына «Самарқант» сөзін жаз-ды. Бұхараны бейнелегенде төбесі көкке тиіп тұрған мұнара салумен шектелді. «Хиуа» деген орынға Шахизиндаға ұқсас жәдігерліктерді бейнеледі. Кейін өмірінде көрмеген Ташкентті өзінше қиялдап, көп қабатты ғимараттың кескінін салып, жаны-на автобусты таяп қойды. Содан соң карта-да аты жазылған басқа қалаларға да соған ұқсас суреттер салды. Қағаздың беті толған сайын, одан бетер қайраттанып, шөл деген жерге қойдың суретін орналастырды. Қой дегені итке көбірек ұқсап кеткеніне де көңіл бөлген жоқ. Бірақ мақтаның суретін жайнатып салды. «Таулы аймақ» дейтін бөлімге таудың бейнесін келтіріп, аппақ бұлттардың үстіне нұрын шашып жарқыраған күнді қондырды. Дегенмен, ең қызығы, сурет аяқталған сай-ын ол Саматты да, оған деген ыза-кегін де

ұмыта бастады. Еңбек етіп, қатты ізденгеніне өзінің әуесі келді. Картаны көрген ағасының жүзі нұрланып кетті:

– О-о, зорсың ғой!

– Суреттің атын не деп қоямыз? – деді Расул ағасының мақтағанына да қарамай.

Ағасы ойланып, ой түбіне жетемін дегенше, атты өзі тауып, қаламмен картаның аяқ тұсына: «Өзбекстан» деген сөзді жазды.

Сөмкесін ұмытып қалдырған Самат қайта кіргенде, үстел үстіндегі Расул салған картаны көріп, таң қалғаннан аузын ашып ұзақ тұрды.

(Нармұрат Нарқабыл.)



1. Самат пен Расул не үшін тартысып қалды?
2. Расулдың ағасы не деп ескертті?
3. «Ізденген жетер мұратқа» деген мақалды қалай түсінесіңдер?

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Туған жеріңді азамат ретінде қалай сипаттайсыңдар?
2. «Туған жерсіз күнің жоқ» деген сөздің мағынасы қандай?
3. Самат пен Расул не үшін тартысып қалды?
4. Туған жеріңнің картасын сыз.
5. «Туған жер» тақырыбына шағын шығарма жазыңдар.

II бөлім. КІТАБЫМ – ШУАҒЫМ



Кітапқұмар Ахмет

Кітап көрсе, ойланып,
Көңілі тез жайланар.
Ахмет біздің жарайды!
Ондай бала қайда бар?!

Кітап көрсе – жайраңдап,
Кетер лезде жадырап.
Суреттері аз болса,
Ұнатпайды ол бірақ.

Кітапқұмар жасынан
Біздің Ахмет жарайды!

Суреттері көп болса,
Ұзақ-ұзақ қарайды!

Қарап отыр мәз болып,
Жыпық қағып кірпігі.
Кітаптағы Мысықты,
Тышқан, Күшік, Түлкіні.

Үйрек, Қаздар шулайды
Берекені кетіріп.
Ағаштарда бір тынбай,
Маймылдар жүр секіріп!

Қоқиланған ақ Қораз
Қуалап жүр Тауықты.
Анау жатқан — Жолбарыс,
Оған жолау қауіпті!

Парақтайды кітабын
Бізді өзіне қаратып.
Ахметжаным сұрақты
Берер сосын боратып!

— Түрленеді несіне
Хамелеон еріккен?
Ақ тиіннің құйрығы
Ұзын болған неліктен?

Имек тұмсық Үкіні
Көрген жан таң қалады.
Айтыңдаршы, неліктен
Түнде көзі жанады?

Айтқаныма сеніңдер,
Көне, достар, келіңдер!
Мықты болсаң,
Ахметке
Жауап тауып беріңдер!

(Қ. Мұхаммади.)



1. Ахмет қандай бала?
2. Ахметтің сұрақтарына өздерің жауап беріңдер.
3. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.



ОҚЫҒАННЫҢ КӨЗІ АШЫҚ

Жанна екінші сыныпта оқып жүр. Бір күні ол кітабынан «Оқығанның көзі ашық. Оқымаған адам соқыр болады» – деген мақалды оқып көрді де:

– Бұл не деген сөз? – деп сұрады.

– Оқыған адам көп біледі. Көзінің ашық болатыны содан. Ал оқымағанның дүниеден хабары аз болады. Бұл соқырмен тең етеді, – дедім мен.

Бұл жауапқа Жанна ырза болмай қалды:

– Міне, әжем оқымаған. Сонда да соқыр емес қой. Ал сен қызметтен келсең-ақ болды, отырып алып, оқи бересің, оқи бересің. Сонда да көзіңнің ашық ештеңесі де жоқ. Әжемнің көзіндей, – деді.

– Несін жасырайын, дөп жауап таба алмай, күмілжіп қалдым.



– Сөйтіп баламыз екеуміз «дауласып» отырғанда, Жанна оқыстан қолын сиялап алды. Ол тазалықты жақсы көретін. Үсті-басы кіршіксіз, жинақы жүруші еді. Сол дағдысына бағып жуына бастады. Сия дағы бірден кете қоя ма? Тырнағының көбесінде, саусақ арасында қалып қойды. «Ыстық сумен жу» – деген әжесінің тілін алам деп, күйіп те қала жаздады. Менің көмектесуіме тура келді. Әуелі мен оған:

– Қолыңды сула, – дедім.

Жанна айтқанымды орындап, қасыма келді! Мен бір тал сіріңке шырпысын алдым да, күкіртімен сияның дағы бар жерлерді ысқылап жібердім. Содан кейін қызым қолын жууы мұң екен тап-таза болып шыға келді.

– Мұны кімнен көрдің, әке? – деп сұрады қуанған Жанна.

–Ешкімнен де көрген жоқпын. Кітаптан оқыдым. «Оқыған адамның көзі ашық» – деген міне осы.

Өңгіменің мәніне Жанна енді жете түсінді-
ау деймін, күлімісіреген қалпы ойланып
қалды.

Сауфан Шаймерденов



1. Жанна нені көрді?
2. Кімнің көзі соқырмен тең болды?
3. Жанна нені жақсы көретін?
4. Жанна енді нені түсінгендей болды?
5. Оқыған кітабыңды таза сақта. Шимайлама.



Жұмбақты шешіңдер

Қабат-қабат қаттама,
Қаттамадан аттама.

--	--	--	--	--



КІТАПТЫ ҚАДІРЛЕГЕН АНАЛАР

(Сыныптан тыс оқу)

Абай Қарқаралыдан қайтқан соң атқа мініп
ел аралаған жоқ. Көбінесе Жидебайдағы ау-
ылда шешелерінің қасында болды. Көктемге
дейін күндіз-түні кітап оқуға салынды.

Аздан соң, кешкі шайдан асқа шейінгі
мезгілде Абай кейбір оқып шыққан кітаптарын
үй ішіне әдемі әңгіме қып айтып беріп оты-
ратын әдет тапты. Бұған әжесі себеп болды.

Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап, бір күні кешке:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айрылма! Ұқсама аналарға!.. – деген.

Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай риза болып, жаңағы сөзден соң күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды. Шешелер, малшылар, балалар боп, баршасы телміре тыңдайтын.

Абай әңгіме айтуға бір түрлі шешен, шебер боп барады. Ғабитхан, тіпті өзі оқып шыққан кітаптарды Абай хикая қып айтқанда, бар бейілімен, жақсы ілтипатпен тыңдайтын.

Бір жаманы, жалғыз-ақ көктем болып, мал төлдей бастаған уақытта қызық кітаптың бәрі тегіс оқылып, бар әңгіме айтылып қалды.

«Әңгіме, әңгіме», – деп, Абай емініп отыратын үй іші енді, алғаш Абай айтқан әңгімелерді, кейбір малшы қатынға немесе балаларға қайта айтқызып, қайта тыңдасатын болды.

Бірақ олардың айтуы Абайдай емес, дәмсіз, үстірт.

Ұлжан соларын сезіп, кей кезде қалжың етіп, тоқыратып тастайтын.

Бірақ шешелер оңашада Абайға жақсы кітаптың жақсы хикаяларын қайтадан ескерте беруші еді.

Ғабитхан мен Абай екеуі маңайда кітабы бар молда сүрей кәріден, шала сопылардан бірен-саран кітап тапқызып алысты. Тағы бір кезде Ғабитхан әдейілеп тұрып, Қарашоқыға, Күңкенің аулына барып, екі қоржын басы кітап әкелді.

Құнанбай Қарқаралыда Хасен молда арқылы бірталай қызық кітаптар алғызған еді. Оны елге де жеткізген. Бірақ Абай бір рет:

– Бізге беріңіз! – деп сұрағанда:

– Қасымда отырып, өзіме де естіртіп оқып бер! Сүйтсең берем. Әйтпесем қызығын өзім көріп, өзім ғана білем дегеніңе бермеймін! – деп, бергізбей қойып еді.

Абай әке қасына барғысы келмегендіктен ол кітаптардан да құр қалып жүрген. Ғабитхан соның есесін тауып, бірер күн сұрап жүріп, алып келді. Үй ішіне де, Абайға да Ғабитханның табысы үлкен олжа еді.

(Мұхтар Әуезов.)



1. Абай не оқуға салынды?
2. Не үшін Абай әжесіне разы болды?
3. Қарқаралыдан кім кітап әкелетін?
4. Қолдарың бос уақытта кітап оқыңдар.



НАҚЫЛ ӨЛЕҢ

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады
Қыранның қырдан байқар баласындай.
Жаман парқы жақсымен бірдей емес,
Жақсы жігіт елінің ағасындай.
Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма, өріктің ағашындай.

(Сүйінбай Аронұлы.)



1. Жақсы жігіт, жақсы әйел қандай?
2. Жақсы жігіт уәдесінде тұра ма?
3. «Жақсының сөзін әркім пайдаланар. Миуалы алма, өріктің ағашындай», – дегенді қалай түсінесіңдер?



Сөздік

Әмме – барлық деген мағынада.

Миуалы – жемісті.

Миуа – жеміс.



КІТАП ОҚУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Асылбектің ең осал жері – кітап... Қараса болды ұйқысы келеді. Өткенде қызық болған. Әкесі мен шешесі інісі Жақсыбекті ертіп, көрші ауылдағы тойға кетті. Асылбек үйде жалғыз

қалды. Іші пысқан соң, сөредегі кітаптардың бірін алып, диванға қисайған. Тарс ұйықтап қапты. Ұйықысы қатты. Біреу көтеріп кетсе де оянбайды.

Әкесі мен шешесі есік-терезесін әрі қағады, бері қағады. Асылбектің оянатын түрі жоқ. Амал не, әкесі сарайдан темір тауып әкеп, есікті бұзып кіреді.

Сөйтсе, ол «Қазақ халық ертегілерін» бетіне жауап алып, қаннен-қаперсіз ұйқыны соғып жатыр... Сондағы қысылғаны-ай!..

– Бұл ма, бұл адам болса болар еді, – дейді әкесі түңіліп.

Бұған қарағанда інісі Жақсыбектің еті тірі. Қолынан кітап түспейді. Асылбек бір көзін ашса, кітапқа әлі үңіліп отырғаны. –Ту, шаршамайды екен, – дейді бұл аударылып түсіп.

Сондықтан да сабақтарынан да білгіш. Кейде бұған үйретіп отырады. Қанша жазушы, қанша ақын бар, жатқа соғады. Асылбек таң қалады.

– Оқығанның – тоқығаны көп, – дейді әкесі.

Өзімен бірге отыратын Жазира да сондай. Есіл-дерті – кітап. Кейде сабақта жасырып оқып отырады. Ол «беске», бұл «үшке» оқиды.

Бірде «Алғаның – үш, соның өзі – күш» деп мазақтады. Еркебұлан мен Қызылшеке төбелесіп қалғаны бар.

– Еркебұландікі дұрыс, – дейді Жазира. Сынды көтере білу де – ерлік.

Жазираға екі-үш күн өкпелеп жүрді. Өткенде шалшық судан арқалап өткізіп жібергеніне қатты өкінді. Еркебұланға болысатынын білгенде, арқалап өткізбек түгіл, шалшаққа итере салатын еді ғой. Қап...

Ал Жазираның баяғысы. Бұған әдеттегіше әдемі жымыып күледі. Ештеңе болмағандай.

– Әкем ертегі кітап әкелді. Үйге кел, бірге оқиық, – дейді бұған. Жазира қиылып тұрған соң, амал жоқ, барды.

Жазираның кітап оқуы керемет. Қайғылы жеріне келгенде қабағы түйіліп, көзі жасаурап кетеді. Ал қуанышты жерінде алма бетіне қан жүгіріп, алаулап шыға келеді. Сықылықтап күліп қоятынын қайтерсің. Асылбек, те онымен бірге қайғырды, қуанды. Қарап отырып, Жазираға жаны ашыды. «Барлық қызық кітапта екен ғой», – деп ойлады.

Үйде де ауық-ауық кітап оқитын әдет тапты. Бұрынғыдай ұйқысы келмейді. Қарсы алдында Жазира қарап отырған сияқты сезінеді. «Мына жерінде ол жылап алар еді-ау, мына жерінде сықылықтап күлер еді-ау» деп ойлайды. Сөйтіп отырып, кітапты оқып бітіргенін де сезбей қалады. Қазір Асылбек сабақтарынан жаман емес. Бұрын жүргізіп оқи алмайтын, Енді аузы-аузына жұқпайды.

– Қалай тез оқисың?... – деп апайы аңтаң. Жазира жымыып күледі. Іші біледі...

Балтабай Әділов



1. Асылбек кімге еріп көрші ауылға кетті?
2. Жақсыбектің қолынан не түспейді?
3. Жазираның күлкісі қандай?
4. Кітапты сүйіп оқыңдар.



АҚЫЛ ТАРАЗЫСЫ

Атасының кабинеті. Қабырға толы кітаптар. Төбеге дейін тіреліп тұр. Үстел үсті де қобыраған қағаз, қат-қат кітап. Азамат кітаптың көптігіне қайран қалады. Атасы бірден жауап береді. Ал сыныптасы Шотайдың кітаптар туралы ойы қызық. «Оқымаймын, керегі жоқ» – дейді. Азамат оған ештеңе дей алмай қалады. Атасына келеді. Ал атасы көп оқыған.

- Ата, кітапты көп оқыса не болады?
- Білімді болады.
- Оқымаса?
- Оқымаса, бәрінен артта қалады.
- Оқыса ше?
- Оқыса озады.
- Ал, Шотай, оқымай-ақ бәрін білем дейді.
- Қалай біледі екен?
- Интернетте бәрі бар дейді.

- Интернет адам емес қой...
 - Ата, сен көп оқыдың ба?
 - Иә, балам.
 - Интернеттен де білгішсің бе?
 - Интернетті де оқыған адам ойлап тапқан, ол – оқығанның олжасы.
 - Неге ол білгіш сонда?
 - Интернет – адамның еңбегі. Еңбек – ісіңе керек, білім – ойыңа керек, балам.
 - Сонда екеуі де керек пе?
 - Иә, балам. Оқыған интернетпен дос болады, оқымаған құр ойынпаз болады.
- Азамат атасының ақылын түсінді. Бұдан былай екеуімен де дос болуға бекінді.

Жақау Дәуренбек



1. Шотайдың кітап туралы ойы қандай?
2. «Интернетте бәрі бар» деп кім айтты?
3. Азаматқа атасы қандай ақыл айтты?



ОҚУЛЫҚ

Санаңа құяр
Білімнің мөлдір бұлағын,
Оқулық кітап –
Өмірге қажет құралың.
Ұқыппен қарап,
Кірлетпей, жыртпай, лақтырмай,
Құрметтеп ұста
Қадірін біл, шырағым.



Алдыңа кітап
Келген жоқ шәкірт оп-оңай,
Шыбықтар егіп,
Өсіріп орман, сан тоғай.
Қағаз үшін
Ағашты кесіп ағалар,
Тер төкті қанша
Шаршаса да дем алмай.

Кесілген ағаш
Зауытқа күн, түн тасылып,
Жасалды қағаз
Көптеген қанша басылып.
Арналып жазған
Әр пәнге бөлек өзгеше,
Ғалымдар еңбегі
Кітапқа енді жазылып.

Ойланып бір сәт
Кітапқа қара сен ептеп,
Бояумен түрлі
Қағаздың бетін өрнектеп.

Талай суретші
Әлемі ғажап әдемі,
Суреттерін салды
Тыным таппай тірнектеп.

Көптеген адам
Баспада еңбек еткенін,
Терумен әріп
Уақыты қанша кеткенін.
Білесің бе сен
Бейнеттің үлкен күшімен,
Оқулық кітап
Алдыңа солай жеткенін.

«Балдырған» журналынан




1. Өмірде керегі мол қажетті құралдардың бірі не деп ойлайсыңдар?
2. Кітап болып шығу кімдердің еңбектері?
3. Міндетсіз достың кім, не екенін айтыңдар.

**Бөлімді қайталауға арналған
сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Кітапқұмар Ахметтің сұрақтарына өздерің жауап беріңдер.
2. Кімнің көзі соқырмен тең болады?
3. Абайдың кітап оқуға салынуы жайлы айтып беріңдер.
4. Кітап оқудың пайдасы қандай?
5. Азаматтың атасы қандай ақыл айтты?
6. Кітап болып шығу кімдердің еңбектері?
7. Міндетсіз достың кім, не екенін айтыңдар.
8. Үйдегі кітап сөрелеріңді кітаппен толтырыңдар.

III бөлім. МЕКТЕП – КИЕЛІ МЕКЕН



МІНЕ, ҮЛКЕН АЗАМАТ

Шынықтырып денені,
Тісін жуып тазалап,
Мектебіне келеді,
Міне, үлкен азамат.

Орамалы қалтада,
Үсті-басы таза, боп.
Отыр алғы партада,
Міне, үлкен азамат.

Жазықсыздан жолдасын
Жатса біреу жазалап,
Аямайды ол басын,
Міне, үлкен азамат.

Ойнамайды орынсыз
Үйдің ішін мазалап.
Кездессеңіз, оны сіз
Дейсіз үлкен азамат.



1. Азамат деп не үшін өлеңде айтылып тұр.
2. Азамат деген сөздің мағынасын білесіңдер ме?
3. Біреу қиналып жатса, оған көмекке келген кісіні (баланы, қызды) кім деп атаймыз?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.



ҚОҢЫРАУ

*Сөзін жазған: Нұрсұлтан Әлімқұлов
Әнін жазған: Мэлс Керейбаев*

Жаз айында гүлдей жайнап,
Жадырады жарқын жүз.
Сайрандадық күліп-ойнап,
Келді міне, алтын күз.

Қайырмасы:

Шырқап достар көңілді әнін,
Би билейді далада.
Қосыл бізге, қоңырауым,
Сыңғырлай бер тағы да!

Күн сәулелі мектеп-анам,
Шақырғанда ағылдық.
Әсем үні сыңғырлаған
Қоңырауды сағындық.

Қайырмасы:

Шырқап достар көңілді әнін,
Би билейді далада.
Қосыл бізге, қоңырауым,
Сыңғырлай бер тағы да!



ТАБЫЛҒАН АҚЫЛ

(Сыныптан тыс оқу)

Бауыржан ойда жоқта үш теңге тауып алды. Біреуден түсіп қалған болу керек – жолда жатыр. Төңірекке қарап еді, көз жетер жерде ешкім көрінбейді. Енді қайтпек? Біреудің еңбекпен тапқан ақшасы бұл, оны иемденсе, ол адалдыққа жатпайды. Иесіне берер еді, оны қайдан таппақ?.. Милицияға апарып тапсырса ше? Бірақ, үш теңге жоғалттым деп милицияға кім барады? Бұл да қисынға келмейді.

Бауыржан ойға қалды. Бәлкім, анасына берер? Ол тауып алдым деген сөзіңе сенсе жақсы. Басқаша ойлауы да мүмкін ғой. Ағасына берсе қайтеді? Бірақ ол кеше әкемнен қармақ сатып алуға ақша сұрап жүрген. Әкем: «Алдымен суда жүзіп үйрен, қармақты содан кейін сатып аларсың» деді. Сондықтан бұл ақшаны оған да беруге бол-

майды... Айтпақшы, кішкентай қарындасына сыйласа ше? Бауыржан бұл ойынан да тез айныды. Балмұздақ жеп тамағы ауыруы мүмкін ғой...

Бауыржан жақын жолдасы Сақтағанмен ақылдасқысы келді. Бірақ бұған да батылы бармады. «Ол «ақшаның жартысын бердесе қайтем? Тіпті үш теңге тауып алдық деп жұртқа жаюы ықтимал...» Бауыржан әрі ойланды, бері ойланды. Қолындағы үш теңгеден құтылудың амалын таппай қиналды. Ақша тауып алудан ақыл табу қиын екен.

Осындай ой құшағында келе жатып, ол кітапхана үйіне таяп қалғанын байқады. Кеше ғана келіп кітап алған. Бауыржан тоқтай қалды: «Әй, мына ақшаға дүкеннен бір қызық кітап сатып алып, кітапханаға тарту етсем қайтеді?!» Бауыржан қуанып кетті: «Ол кітапты басқалармен бірге үш теңгесін жоғалтқан адам да алып оқуы мүмкін-ау! Міне, табылған ақыл!»

Бауыржан иығынан ауыр жүк түскендей, бойы жеңілдеп, кітап дүкеніне бұрылды.

Мұхтар Құрманәлин



1. Бауыржан жолдан не тапты?
2. Ол кімге беруді ойлады?
3. Бауыржанның кіммен ақылдасқысы келді?
4. Мәтін неге «Табылған ақыл» деп аталады?
5. Әңгіменің мазмұнын айтыңдар.



МЕН МЕКТЕПКЕ БАРАР ЕМ

Ойлануым тегін бе
Кўрсем мектеп алаңын?
Бар ўйимде менің де
Дўптерим мен қаламым.

«Әліппені» ақтарып,
Әріппен де таныстым.
Отырғам жоқ мақтанып,
Жөнін білем әр істің.

Ағам – үлгі тұтарым,
Бес жас үлкен,
Ол аз ба?
Қолға алса ол кітабын,
Мен де үңілем қағазға.

Айтсам сөздің келтесін –
Өз көңілім тұр өсіп.
Шығам үйден ертесін
Сол ағама ілесіп.

Ертіп алса не етеді
Жақсы інісін жақсы аға?
Ол мектепке кетеді,
Ал мен балабақшаға.

Бір ойым бар көкейде,
Қорқам айта салуға.

Дайын тұрмай кей-кейде,
Мен мектепке баруға.



1. Нені көрсем, ойлана бастаймын?
2. «Әліппені» неге қолға алады?
3. Не үшін мектепке баруға дайын ол?
4. Сен ше? Ұйықтап қалып, сабақтан кеш қалып жүрмейсің бе?



ҚАМҚОРЛЫҚ

Алтынкүл мектептен шығысымен үйіне тез жетуге асықты. Ертеңгілікте шешесі: «Сабақтан соң кешікпей кел. Қапшағайдағы әжеңе барып қайтамыз» деген. Осы сөз көкейінде. Асығыс басып келе жатқан. Екінші көшенің қиылысынан өткенде жылаған баланың даусын естіді. Тұра қалып, жан-жағына қарады. Үстінде жолақ көйлегі бар бір бала екі көзін жеңімен сүртіп, жылап тұр. Дереву қасына жетіп барды.

— Неге жылайсың?.. Жалғыз жүргенің не? Апаң қайда? — деп мән-жайды сұрастырды.

— Апаммен бірге базарға келгенмін. Ада-сып қалдым. Үйге қалай жетерімді білмей тұрмын. Ақшам да жоқ, — деді бала жыламысырап.

— Қайда тұратыныңды білесің бе?

— Білемін. Бесінші шығын ауданда.

— Қаншасыншы автобус барады?

– Алпыс алтыншы.

– Жүре ғой. Ана аялдамаға барайық. Үйіңе апарып салайын. Атың кім?

– Атым Жомарт. Бейсенбектің баласымын. Апам – Рахила, – деп тақылдап жауап беріп, күлімсірей қарады.

Алтынкүл адасқан бала – Жомартты үйіне ертіп әкелді. Анасы базарда ажырасып қалған баласын қайдан іздеймін деп, аңтарылып отыр екен. Жомартты қуана қарсы алып, бауырына басты. Оны ертіп келген Алтынкүлді де айналып-толғанып, маңдайынан сүйді. Ризалығын білдіріп, аналық алғысын жаудырып жатты. Үйде анасының күтіп отырғанына, жол жүруге әзірленіп асыққанына қарамастан, жолынан қалып, адасқан балаға қол ұшын бергенін ертеңіне сыныптастары да есітіп, қуанып қалды.

Кішкене балаларға қамқор болу – үлкенге парыз. Мұндай қайырымдылықты тек әдепті, қайырымды балалар ғана жасай алады. Алтынкүл болса – өте кішіпейіл. Оқуда да үздік. Тәртібі де өте жақсы. Өзі көпшіл. Өнерпаздар үйірмесінің мүшесі. Талшыбықтай бұрала билегенін көрсең ғой. Қимыл мәнерлерін әдемі келістіреді. Өнерімен де, өнегесімен де көпшілікті риза етіп жүрген Алтынкүлді мектептегілер де мақтан тұтады.



1. Жылаған баланың даусы қайдан естілді?
2. Адасқан баланы – Жомартты Алтынкүл қайда бастап келді?
3. Кіші жастағыларға қамқоршы бол.



ӨЗІЛХАН МЕКТЕПКЕ БАРАДЫ

Өзілхан мектепке барады. Сонда да майкесін бірде оң, бірде теріс киеді. Әжесі ылғи оң ки деп ескертеді.

– Теріс бағып кетесің, оң ки, – деді бір күні әжесі тағы да қайталап.

– Теріс баққан деген не?

– Жолың болмайды.

– Жолы болмағаны қалай?

– Мысалы, біреумен төбелесіп қаласың, сүрініп құлайсың немесе сабақтан екілік аласың.

– Түсіндім, – деді Өзілхан.

– Түсінсең, майкеңді оң ки.

Өзілхан таза киініп, тамағын ішкен соң, мектепке кетті. Сабақтан соң қайтып келе жатты. Бұрыштағы көк қақпалы үйден шынжырын сүйреткен сабалақ сары ала күшік шыға келді. Өзілхан тұра қашты. Күшік шәуілдеп қуып берді. Өзілхан арықтан аттай беріп, құлап түсті. Сумкасы ұшып кетті. Кітабы шашылып қалды.

Бір апай келіп, орнынан тұрғызды. Кітабын жинасып, үстін қақты. Өзілхан үйге бода-бода болып жылап келді.

– Не болды? – деді әжесі.
 – Жолым болмады.
 – Жолы болмағаны несі, біреу ұрды ма?
 – Жоқ, – деп Өзілхан болған жайды айтты.

– Қап қараңғағылардың күшігі-ай! Неғып бос қойды екен? – деді әжесі шешендіріп жатып.

– Жоқ, одан емес, майкемді теріс киген шығармын, – деді ол қуақыланып. Әжесі өз сөзін еске алып, жымыып қойды. «Қарағым зерек болады екен», – деді іштей қуанып.

Дәулет Қасенов



1. Өзілханға әжесі ылғи нені ескертеді?
2. Сабақтан қайтып келе жатқан Өзілханға не болды?
3. Өзілханды үйге кім алып келді? Неге?



МЕКТЕПТЕН ЖЫРАҚ ЖОЛ

Жаңа оқу жылы да басталды. Биыл Бақытжан 3-сыныпта оқиды. Сабаққа да өзі барып, өзі қайтады. Анасы баласының бұл жетістігіне іші жылып, қуанып та қояды.

Әдепкіде Бақытжан сабағын жақсы оқып, мұғалімнің, ата-анасының алдында абыройлы болып жүрді. Кәмила апайы кейде: «Бақытжан сияқты оқымайсыңдар ма?» – деп, басқа оқушыларға үлгі етіп айтса, оның білімге де-



ген талпынысы одан әрі артып, күніне үйге үш-төрт бестікті арқалап келетін.

Ай артынан ай өтіп, оқу жылының үшінші тоқсаны да аяқталуға тақап қалған. Бірақ Бақытжанның бұл тоқсанда сабаққа келгенінен келмегені көп болып кетті. Анасы бірде таңертең автобуска мінгізіп жібергенде, оның көзі жол жиегіндегі «Ойын автоматы» дейді. «Бұл не ойын екен?» деген қызығушылық Бақытжанды ойда жоқ жұмбақ әлемге сүңгітіп-ақ жіберді.

Бір күні әбден шыдамы таусылған ол әлгі ойын автоматы бар аялдамадан түсіп қалды. Анасының мектепте қарның ашып қалмасын деп берген ақшасы қалтасында екені есіне түсті. Сол ақшаны тамаққа емес, ойын автоматына жұмсамақ болды. Сөйтіп бұл бір рет

қана емес, күнделікті әдетке айналды. Есілдерті сол ойынға ауып кеткендіктен, оған екі күн бармаса басы ауыратын жағдайға да жеткен. Сабақтан жиі қала бергендіктен, үшке оқитындардың қатарына оп-оңай-ақ қосылды. Мектепке барса мұғалімі ұрсады, ата-анасы мұның сабаққа мүлдем қатыспай жүргендігін біліп қойса қайтпек? Екі ортада не істерін білмей жүрген Бақытжан қулыққа көшіп, ойын клубынан сабақ біткен кезде шығып, үйіне бірдеңе тындырғандай болып келетінге көшті.

Ал Кәмила апайы Бақытжан сабаққа бір апта бойы келмеген соң «ауырып қалған шығар» деп ойлаған. «Бірақ анасы хабарласып, бір ауыз айтуы керек еді. не де болса, шешесінен сұрап көрейін» деп, Бақытжанның үйіне телефон шалмақ болды.

Таңғы уақыт еді. Бақытжан бұл кезде үйден шығып кеткен. Бір кезде телефон зырылдай жөнелді. Тұтқаның арғы жағынан Кәмила мұғалиманың даусы естілді. Көтеріңкі жайдарылық жоқ, керісінше, ренішті дауыс. «Әлде ауырып қалды ма? неге хабарласып айтпадыңыз...» деген сөз Бақытжанның анасын төбесінен жай түскендей етті.

— Сіз не айтып тұрсыз? Бақытжан күнде сабаққа барып жүр ғой! Мүмкін емес... Ол басқа қайда барады? — деді мұғалимаға сенерін де, сенбесін де білмей.

Мұғалима аң-таң. Анасы да неше түрліні ойлап, жанын қоярға жер таппай әлек. Соңғы кезде Бақытжанның қатулы, жанары солғын тартып жүргені көз алдына кел қалды. «Бұл менен бірдеңе жасырып жүр...» деп ойлады іштей. Сол сәтте ауыр сөмкесін артынып-тартынып Бақытжан да кіріп келді. Құдды күні бойы сабақ оқып, басы қатып есеп шығарған оқушыдай...

Әншейінде үйдің табалдырығынан күтіп алатын анасы бұл жолы өйтпеді. Бақытжанның да іші қылп ете қалды. «Бәлкім, Кәмила апай үйге звандап, менің сабаққа бармай жүргенімді айтқан болар, ә?!» деп үстіндегі сырт киімін шешті де, төргі бөлмеге енді.

Бақытжан өзінен-өзі қуыстанып, өзге киімдерін тез-тез шешті де, іле-шала дастарқаннан тоқаш алып, бірінен соң бірін аузына тоғыта берді. Қарнының әбден ашқандығын аңғартып болған соң ол әдеттегідей кітап, дәптерін жайып тастап, оқуға кірісті. Кешке тамағын ішті де, сылқ етіп құлай кетті.

Ертесіне анасы Бақытжанды күндегідей автобустың алдыңғы есігінен мінгізіп жіберді де, өзі артқы есіктен кірді. Бақытжан өзінің үйреншікті аялдамасына жеткенде автобустан түсіп бара жатқанын байқаған анасы кейінгі есіктен шыға қойып, жаймен ізіне түсті.

«Ойын автоматының» есігіне құлдыраңдап барып кірген баласын көрген ана бармағын тістеген күйі сілейіп қалды.

Динара Мыңжасарқызы



Сөздік

Жырақ – алыс, қашық.

Төбесінен жай түскендей – қатты таңдандырды.

Құдды – кәдімгі.

Қуыстану– ыңғайсыздану.



1. Үшінші тоқсанда Бақытжанның сабағы неге төмендеп кетті?
2. Телефоннан естілген хабар Бақытжанның анасына қалай әсер етті?
3. «Бармағын тістеу» дегенді қалай түсінесіңдер? Бақытжанның анасы неге бармағын тістеп тұрып қалды?
4. Өңгімеден қандай қорытынды жасауға болады?



МЕН ЕМЕС!

Алғашқы сабақ жүріп жатыр. Баукен ағай өткендегі сабақтарды пысықтап, сұрау беріп жүр.

Бір кезде ол Ораздың жанынан өте беріп, тоқтай қалды.

– Мынаны өзің жаздың ба? – деп, Баукен ағай парта бетіндегі «Ораз» деген жазуды

нұсқады. Ораз сыныпқа елдің алдымен келіп, «біреу орнымды алып қоймасын» деп жазып қойған.

Ұрсады ғой деп, Ораз сасып қалды. «Бір рет өтірік айтсам, ештеңе етпес», – деп ойлады ол ішінен.

– Мен емес, ағай.

– Енді кім?

– Білмеймін, ағай. Мен емес, ағай... – Ораздың даусы күмілжіп зорға шықты.

– Сулы шүберекті алып, сүртіп таста.

Баукен ағай басқа сөз айтқан жоқ, сабағын жалғастыра берді. Мұғалім де, оқушылар да Ораздың өтірік айтқанын білді. Бірақ олар Ораздың мүләйімсіген жүзіне қарап, кінәсін іштей мойындаған шығар деп ойлаған еді. Ораз болса, өзінше бір бәледен оп-оңай құтылдым-ау деп есептеді.

Арада біраз уақыт өтті. Осы күнде Ораздың «Ораз» аты сирек естіліп, құрбыларының арасында «Мен емес» аталып барады. Оған себеп: сол бір алғаш өтірік айтқан күннен бастап, Ораздың аузынан «Мен емес» деген сөз бір түспей-ақ қойды.

– Ораз, жаныңдағы баламен сөйлесіп пе едің?

– Мен емес, ағай, сөйлескен.

– Ораз, алдыңдағы қыз баланы неге түртесің?

- Мен емес, ағай, түрткен.
- Ораз, аяғыңды тарсылдатпа!
- Мен емес тарсылдатқан.

Қойшы әйтеуір мұндай ескертулерге Ораздың айтары бір ғана «мен емес».

Жаңа ғана ілінген қабырға газетінің жанына оқушылар топталып жинала қалды. Бау-кен ағай да осында екен. Барлығы мерекеге арналған әсем газетке сүйсіне қарап тұр.

– Ораз, сен бе газетті әсемдеген? – деп Баукен ағай Оразға күлімсірей қарады.

– Мен емес, ағай!

Шынында Ораздың сурет салу қабілеті бар еді. Оны достарының бәрі суретші болады деп жүретін. Мына газетті көркемдеген де сол болатын.

– Ол емес! – десті балалар күлісіп. Ораз бұрын-соңды тап мұндай ұялып көрмеген-ді. Ішінен: «Келесі жолы не істесем де, дұрыс жауабын берермін» деді.

Өтен Ахметов

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. «Міне үлкен азамат» өлеңін жаттап алыңдар.
2. «Табылған ақыл» әңгімесінің мазмұнын айтыңдар.
3. Адасқан баланы – Жомартты Алтынкүл қайда бастап барды?
4. «Мен емес» әңгімесін рөлге бөліп оқыңдар.

IV бөлім. КҮТКЕН КҮЗІМ, КЕЛДІҢ БЕ?



ҚЫРКҮЙЕК

Қыркүйек – алтын күз табалдырығы. Бұл – барлықтың, байлықтың айы. Қиырына көз жеткісіз алтын толқынды дән теңіздерінде мыңдаған «дала кемелері» жүзіп жүр. Қырманын қызылға толтырған диқанның қуа-

нышы қойнына сыймайды. Күндіз демей, түн демей әрекет етеді. Аспанның самсаған жұлдызына жердегі мың-сан жұлдыз астасып, боз ала таңға дейін жымыңдасумен болады.

Қыркүйек – арайлы ай. Оның бұл қасиетін күнде танымын десең, мамыражай ашық күнде тоғай аралап көр. Ала жаздай сәуле түспеген қалың нудың іші қазір де нұрға толы.

Түн баласы самсаған жұлдызы жыпырлай төніп есінді алады. Аспан әлемін айқара құшып Құс жолы жатады сайрап. Ықылас қойып, құлақ түре білсең, құстардың үдере көшкен сарынын естисің.

Сүмбіле түсті. Сылдырай аққан арық суына қарап тұрсаң, мұны анық сезесің: әрі мөлдір, әрі салмақтана түскендей. Өзен, көлдердің суы да тұп-тұнық.

Қыркүйекте ерекше бір күн бар. Ол – айдың 22-жұлдызы. Бұл күні табиғаттың ең таңғажайып құбылыстарының бірі болады: күн мен түн теңеледі.

(Бекболат Әдетов.)



1. Қыркүйек – қай жыл мезгілінің табалдырығы?
2. Диқан қуанышы неге шексіз?
3. Нелердің үдере көшкен сарыны естіледі?
4. Күн мен түн қашан теңеледі?



ҚАЗАН

Көк жүзін құрым киіздей тұтасқан сұрқай сұр бұлттар басқан күндер басталды. От қамшысымен осып-осып жіберіп, қора-қора мама бұлтты желкелеп әкеп, желінін идіретін шуақтар бұл.

Тегі, табиғат жыл тәулігіне екі мәрте гүлдейтін болса керек. Көктемде айнала төңірек ақ ұлпа гүлге бөленсе, қазір қызыл сары гүл шашып тұрғандай. Әсіресе өрік ағашына қарашы, жапырағы түгел гүл боп кеткен бе дейсің. Қып-қызыл-ау, қып-қызыл!

Қазан – ай аты да, амал аты да. Олай болатыны – енді аз күнде, бір түннің ішінде суық түсіп, әзірге әр алуан түспен көз тартып тұрған өсімдік атаулыны бір-ақ соғып кетеді. Халық мұны «қазан ұрды» дейді. Иә, жиын-терім аяқталды. Сабантойлар басталды. Піл сауырлы қара жер бойындағы барын беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған мерейлі ана іспетті – көсіле түсіп, рақат құшағында дамылдап жатыр. Демін алсын Жер-ана, келер жылдың ризығын көп көтеріп, мол қарпыр енді тағы да.

(Бекболат Әдетов.)



1. Қандай күндер басталды?
2. Өрік ағаштарының жапырақтары қай түске боялды?

3. Жиын-терім аяқталды ма?
4. Бұл айда кімдерге көмек береміз?
5. Халық нені «қазан ұрды» дейді?
6. Гербарий жинаңдар.

ҚАРАША

Күздің соңғы айы – қараша.

«Қараша» десе дегендей: айнала тегіс тұлдыр: көзге көрінетін тек қана адыр, айдалған жер, қара жон ғана. Жапырағынан айырылған ағаш қара суықта қалтырап, жүдеу далаға өң бере алмайды.



1. Жер жырту жұмыстары қай айда басталады?
2. Ерте сүдігерлеудің пайдасы бар ма?



КҮЗГІ ЖАПЫРАҚТАР

Алтын сары, қызыл, көк...
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Күн шуаққа маужырап,
Жатыр еді атырап.
Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.

Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ.

Бақтың іші алаша,
Аунар ма еді жатып ап.

(Қуандық Шаңғытбаев.)



1. Қандай түсті білесіңдер?
2. Күздегі жапырақтардың түсі қандай болады?
3. Күзгі бақтың іші не үшін көз тартады?
4. Атырап неге маужырайды?
5. Өлеңнен қандай? қай? сұрақтарына жауап беретін сөздерді табыңдар?



ҚАРБЫЗ

Жаз өтті де, күз келді,
Күз дегенің жақсы-ау, ә!
Ермек атай біздерді
Ертіп барды бақшаға.



Деді бізге: – Балалар,
Міне, қарбыз, таңдаңдар.
Қателесіп қалмаңдар,
Тек шикісін алмаңдар.

Білдік мұны... білемін
Атай бізді сынады!
Алдым жұлып біреуін, –
Қурап қапты «құлағы».

Қателестім, бәлкім мен
Салмағы да шықты зіл.

Үйге әкеліп бәкімен
Қақ жарып ек,
Қып-қызыл!

(Бекшүкір Қаршалов.)



1. Ермек атай балаларды қайда ертіп барды?
2. Ол кісі бізге не деді?
3. Шикі сөзінің мағынасы не?
4. Қарбыздың қандай түрлерін атай аласыңдар?



БІР КҮНДІК ҚЫЗЫҚ

Әнел әкесімен бірге қаланың сыртына се-руенге шықты. Тау баурайы. Неше алуан гүл өскен көкорай алаңқай. Әкесі сурет салатын аспабын құрып, іске кірісті.

Әнел гүл арасынан ақ қанат көбелекті байқады. Соңынан жүгіріп ойнай бастады. Көбелек қанаттары үлбіреп гүлден-гүлге қонады. «Қалайша шаршамайды өзі. Қанаттары қайтіп талмайды? –деп ойлады Әнел. – Өлде менен үркіп, ұстап алады деп жүр ме екен?» Әнел енді көбелекті қуаламай, оны алысырақта тұрып бақылады. Көбелек бәрібір сонысынан танған жоқ: ұшады, қонады.

– Көке, көбелек гүлден-гүлге неге ұшып-қона береді? – деп сұрады ол. – Мен оны қумасам да сөйте береді.

– Ол гүлдерді кереметтей жақсы көреді. Сондықтан бәрін көріп қалуға, бәрінің шырынын татып қалуға асығып, ұша беретін болар, – деді әкесі.

– Неге асығады? – деді Әнел әкесіне таңырқай қарап. – Әлде мына гүлдер ертең солып қала ма?

– Жоқ, қызым, бұл гүлдер жаз ортасы ауғанша солмайды.

– Онда көбелек неге асығады, қайда асығады? – деп қоймады Әнел.

– Қалай десем екен? – деп қиналды суретші. – Көбелектердің көпшілігі бар-жоғы бір-ақ күн өмір сүреді. Табиғаттың заңы сондай, таңертең қауашақтан шыққан көбелек, кешке...

– Кешке өліп қалады ма? – деді Әнел көздері мөлтең етіп.

– Жоқ, неге өлсін. Өлмейді. Кешке ол гүлдің ұрығына айналып жерге түседі. Содан соң ертең мына гүл боп өсіп шығады, – деді суретші қызының маңдайынан сипап. – Қызық емес пе, а?!

– Білдім, білдім! Көбелектің гүлдерге ұшып-қона беретіні – ол тезірек гүлге айналғысы келеді екен ғой. Қандай қызық! Көке, олардың өздері де гүл сияқты ғой: ақ, сары, көк көбелек...

Әнел үлбірек қанат көбелекпен жарысып, көкорайдың ішінде асыр салды. Екеуі де та-

мылжып тұрған жаздың бір күндік қызығына тоймағандай.

(«Балдырған» журналынан.)



1. Өнел әкесімен қайда барды?
2. Өнел нені байқады?
3. Көбелек қанша өмір сүреді?
4. Көбелектер неге ұқсайды?
5. Мәтіннен қанша? неше? деген сұрауларға жауап беретін сөздерді табыңдар.



Мақал-мәтелдер

Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.

* * *

Шын ер жеңсе, тасымас,
Жеңілсе, жасымас.

* * *

Жауға жаныңды берсең де,
Сырыңды берме.

* * *

Жүк ауырын нар көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.

* * *

Батыр туса, ел ырысы,
Жаңбыр жауса, жер ырысы.

* * *

Батырға оқ дарымайды,
Батылға жау жоламайды.

* * *

Отан үшін отқа түс – күймейсің,
Арың үшін алыссаң – өлмейсің.



Жұмбақтар

Ол күнді күзетеді,
Күн оны түзетеді.

* * *

Ұзын терек, іші кеуек.

* * *

Тұзсыз піскен ас көрдім,
Домаланған тас көрдім.



Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Неліктен жыл мезгілдерінің бәрін алтынға теңейді?
2. Жыл мезгілдерінің ішінде күздің орны қандай?
3. «Күз – алтын қыстың табалдырығы» деген халық сөзіне түсінік бер.
4. Күз туралы өзің білетін қанатты сөздерден айтып бер.
5. «Жер айдасаң, күз айда, күз айдамасаң, жүз айда». Бұл мәтелдің астарында не жатыр?
6. Қыркүйек – қай жыл мезгілінің табалдырығы?
7. Жер сүдігерлеудің қандай пайдасы бар?
8. Күздегі жапырақтардың түсі қандай болады?
9. Ермек атай балаларды қайда ертіп барды?
10. Өнел әкесімен қайда барғанын әңгімелеп беріңдер.
11. «Алтын күз» тақырыбы бойынша сурет салыңдар.

V бөлім. ДОСТЫҚ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ



СЫНАҚ

— Дос адал болуы керек. Ол ешқашан сырттан жамандамайды, — деген атам бірде. Осы бір сөз есіме түскенде қарадай қысылам. Біліп айтқан екен ғой. Бәріне кінәлі өзім. Нұр мен Ебекханның достығын сынап нем бар десеңші. Сол күні ойынға алдымен Нұр

келген-ді. Басқа көшенің балаларымен жарыс өткізбекші едік.

- Ебекхан қайда? – деп сұрадым.
- Біраздан соң келеді, – деді ол.
- Неге?
- Әкесі ағаш жарғызып жатыр.
- Сол-ақ жұмыс істей қалады екен.

Нұр маған таңдана қарады.

– Мен білсем, ол орталық шабуылшы болғаны үшін кеудесін қағады. Содан басқа ешкім шабуылшы бола алмайтындай бәлсінуін, – дедім қызбаланып. Менің сөзім ерсі көрінді білем.

– Ебекхан ондай емес, – деді Нұр. – Ол еңбекқор. Киімін де өзі үтіктейді, түймесін де өзі қадайды.

Шыдай алмай күліп жібердім. Нұр аң-таң. Сөйтіп тұрғанда ысқыра басып, қақпасынан Ебекхан шықты.

– Жасырын, – дедім Нұрға. – Қазір Ебекхан сені жамандамаса, қара да тұр.

Менің ойымды тез түсінген Нұр есіктің тасасына тұра қалды.

– Бүгін жеңетін шығармыз, – деді Ебекхан анадайдан. Қабағымды түйе қойдым.

– Нұр кешігіп жатқан жоқ па? – дедім.

– Әлгінде ғана саған кеткен, – деді Ебекхан жік-жаппар болып.

– Е, енді түсінікті. Ол әлгінде: «Ебекхан шабуылшы болса, мен ойнамаймын», – деген.

Ебекхан шыр-пыр болды.

– Ол өйтпейді. Мүмкін емес. Шабуылға шыққысы келсе, мен-ақ қорғаушы болайын. Ол бірақ жақсы ойнайды.

– Сөйте тұра тым мақтаншақ, – дедім мен. Ебекхан бұл сөзге төзбеді.

– Сен өзің дұрыс ойнай алмайсың! – деп дүрсе қоя берді.

– Несін жақтайсың, екеуің ылғи келіспей қалушы едің ғой, – дедім.

Ойын үстінде қызбалық бола береді. Біз әрқашан доспыз, – деді Ебекхан.

Нұр шыдамаса керек, есіктің қалқасынан шыға келді. Екеуі құшақтаса кетті. Сонда барып, екеуінің қаншалықты дос екенін сынаймын деп, олардан бөлектеніп қалғанымды аңғардым.

(Шәкен Күмісбаев.)



1. Ата бірде не деген еді?
2. Бәріне кінәлі кім?
3. Нұр маған қалай қарады?
4. Ебекханның достығын оның қай сөзінен байқауға болады?
5. «Шыр-пыр болды» деген сөзді қалай түсінесіңдер?



ТАШКЕНТ – ӨСЕМ АСТАНАМ

Ташкент – Өзбекстан Республикасының астанасы. Ол – көрікті, сәулетті үлкен қалалардың бірі. Көшелері жасыл желекпен көмкерілген. Бұл көшелерде электр шырақтары нұр шашып, автобус қатынайды. Сондай-ақ Ташкентте теңдесі жоқ метрополитен – жер асты темір жолы да бар.

Ташкентте балалар бақшалары, мектептер, оқу орындары, мәдениет сарайлары, театрлар тым көп-ақ. Жастар мен жастықтың қаласы болып табылатын астанамыз – ғылым, мәдениет және ірі өнеркәсіп ордасы да.

Ташкент – Жер-ананың жылуы мен күннің нұры тең шашылған құтты қала. Оның қасиетті топырағы әрбір азаматты асқақ арман мен тәтті үмітке бөлейді.

Ташкент – достық пен ынтымақ қаласы. Бұл қалада ғылымның түрлі салалары бойынша халықаралық жиындар, спорт ойындары өтеді. Қаланың қай шетіне барып қараса да, теңдесі жоқ биік ғимараттар алыстан көз тартады.



1. Ташкент қай республиканың астанасы?
2. Ол қандай қала?
3. «Ғылым, мәдениет және ірі өнеркәсіп ордасы» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Ташкентте қандай шаралар өтеді?



ТҮЛКІ МЕН ЖОЛБАРЫС

(Мысал)

Бұрынғы уақытта түлкі мен жолбарыс жолдас болыпты. Екеуі бір жардың басына келіп қоныпты. Жолбарыс айтыпты:

– Мен мына жардан құлап кетермін, сен түлкі, менен төмен жат, – депті.

Сөйтіп, түлкі жолбарыстың аяқ жағына жатыпты. Жолбарыс ұйықтап қалғанда, түлкі жолбарыстың үстіңгі жағына шығып жатып:

– Әй, жолбарыс, мені басып кеттің, арырақ жат! – депті. Жолбарыс жылжи бере, жардан құлап кетіпті. Құлап барып, өліп қалыпты.



1. Түлкі жолбарысты қалай алдады?
2. Жолбарыс қалай өлді?
3. Түлкі жолдастыққа жарады ма?
4. Жолдастықтың мәнін қалай түсінесің?

ТЫРНАЛАР

Қуантар барлық баланы,
Бір шөкім бұлтсыз күзгі аспан.
Тырналар қайтып барады,
Қатарын, сірә, бұзбастан.

Бір жаққа бәрі бет бұрып,
Батысқа тура тартыпты.



Танытып ұшқан тектілік,
Не деген бұлар тәртіпті.

Қанатын босқа талдырмас,
Тырнада көп-ау күш тегі.
Қатардан бірін қалдырмас,
Бірлігі қандай күшті еді!

Біздерге ұнап тұрды олар,
Жүрсек те біраз шалғайда.
Баратын жерге тырналар
Аман-сау жетіп алғай да.

(Мекембай Омарұлы.)



1. Тырналар қай кезде қайтады?
2. Олар қайда ұшып барады?
3. Тырналардың бойында не көп?
4. Тырналардың бірлігі қандай қасиетке жатады?
5. Өлеңді жаттап алыңдар.



Қанатты сөз

Құстар – біздің досымыз. Оларды атуға болмайды.



ӨЗБЕК ЕЛІ – ӨЗЕГІ БІР ӨЗ ЕЛІМ

Түріп тастап қараңғылық түндігін,
Өзбегіме нұрын шашты күн бүгін.
Еркіндіктің шапағында жадырап,
Танып-білген өздерінің кімдігін.

Қараңғы екен жарық деген күндері,
Төмен екен асқақ деген үндері.
Сағым екен қызыл-жасыл құлпырған,
Ашылмапты нағыз өмір гүлдері.

Бүгін, міне, артта қалып қара күн,
Тәуелсіздік көкке жайды қанатын.
Осы кезең – елдің бағы жанатын,
Осы шағың – іздегенді табатын.

Тәуелсіздік - арман толған жыр еді,
Халқымыздың тынбай соққан жүрегі.
Келешегі, ұрпағы да, түлегі
Елмен жасап, елмен бірге жүреді.

Тәуелсіздік – көкте сөнбес күн еді,
Жанымызды жайлап өскен гүл еді.

Тәуелсіздік – осы күнді әлдилеп,
Өзбек халқы мәңгілігін тіледі.

Тұрап Айдаров



1. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқыңдар.
2. Өзбекстанның тәуелсіздікке дейінгі өмірі өлеңнің қай шумағында бейнеленген?
3. Өзбекстан халқы басынан қандай күндерді кешірді?
4. Өзбекстан жайлы өлеңдерді жинаңдар.



Мақал

Өзбек – өз ағам.



АРЫСТАН МЕН КҮШІК

(Сыныптан тыс оқу)

Лондонда жабайы аңдар көрмесі өтіп жатты. Барғандар оны ақша төлеп немесе аңдардың азығы үшін ит пен мысық өткізіп көретін.

Хайуанаттарды көргісі келген біреу көшеден бір күшік ұстап алып, көрменің иесіне берді. Ол әлгі кісіні аңдарды көруге жіберді де, өзі азық етсін деп, күшікті арыстанның торына апарып тастады.

Күшік құйрығын қысып, тордың бұрышына жабысты. Арыстан жақындап келіп, оны иіскеледі. Күшік шалқасынан жата қалып, аяқтарын көтерді де, құйрығын бұлғаңдата

бастады. Арыстан күшікті аяғымен ақырын аунатты. Күшік атып тұрып, арыстанның алдында артқы аяғымен қаздия қалды.

Арыстан күшікке қарап қойып, мойнын олай бір, бұлай бір бұрды да, оған тиіспеді. Ал иесі ет әкеліп тастағанда, арыстан оның бір бөлігін үзіп алып, күшікке қалдырды. Кешқұрым арыстан ұйықтауға жатқанда, күшік бауырына кіріп, арыстанның аяғына басын қойды.

Сөйтіп, күшік тор ішінде арыстанмен бірге тұра берді. Арыстан оған тиіспеді, тамақты бірге жеп, бірге ұйықтады. Кейде екеуі асыр салып ойнайды.

Бірде хайуанаттарды көруге келген бір бай өзінің күшігін таныды, күшік өзінікі екенін айтып, хайуанаттар иесінен босатып беруін өтінді. Хайуанаттар иесі босатып бермек болып, тордан шығарғысы келіп, күшікті шақыра бастады, арыстан айбат шегіп, ақырып жіберді.

Өстіп арыстан мен күшік тор ішінде бір жыл бірге тұрды. Сонан кейін күшік ауырып, өлді. Арыстан нәр татудан қалды, күшікті иіскелеп, жалап, аяғымен түрткілей берді. Күшіктің өліп қалғанын білген соң, арыстан ырғып түсіп, түгін тікірейтіп, құйрығымен екі бүйірін сабалап, торға соғылып, ілгек пен тақтайды аузына басып, тістелей бастады.

Ол күні бойы аласұрып, торға соқтығып, өкіріп жүрді де, ақыры өліп жатқан иттің

қасына жатып, тына қалды. Иесі күшіктің өлігін шығарып тастағысы келіп еді, арыстан оның қасына ешкімді де жолатпай қойды.

Қасына күшік қойсам, арыстан қайғысын ұмытар деп ойлап, иесі торға басқа күшік жіберді, бірақ арыстан сол заматта оның парша-паршасын шығарды. Сонан кейін арыстан бауырына басқан күшігін аяғының арасына қысып, бес күн жатты.

Ал алтыншы күні өзі де өлді.

(Аударған Қ. Толыбаев.)



1. Лондонда не болып жатты?
2. Арыстанның алдына күшікті кім, не үшін алып барды?
3. Арыстан күшікке қалай қарады?
4. Күшік пен арыстан қалай жасады?
5. Күшік өлген соң арыстанның халі не болды?
6. Әңгімеден қандай әсер, үлгі-өнеге алуға болады?

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Ташкент баласы жайлы айтып бер.
2. Нұр мен Ебекханның достығы қалай сыналды?
3. «Түлкі мен жолбарыс» мысалындағы жолбарыс қалай өлді?
4. Тырналардың бірлігіне қандай қасиеттер жатады?
5. Тырналардың бірлігіне қандай қасиеттер жатады?
6. Өзбекстанның тәуелсіздікке дейінгі өмірі қандай болған екен?
7. «Арыстан мен күшік» әңгімесін мазмұндап бер.

VI бөлім. ӘДЕПТІЛІК – АДАМ КӨРКІ



ӘДЕП ӘЛІППЕСІ

Көшеде

Көшеге шығудан бұрын әуелі киген киімдерің ретті ме, соны тексер.

Үлкендерге, қыздарға жол бер. Оларды қоғамдық көліктерге алдымен мінгіз.

Қоғамдық орындарда...

Гардеробқа сырт киіміңді өткізіп, шашыңды түзеп, театрға, кино мен концертке мезгілінде бар.

Ойын жүріп жатқан сәтте сөйлеспе, тамақтанбай үзіліске дейін шыда.

Мұражайда көрмені аралап жүріп экспонаттарды қолыңмен ұстама. Өз пікіріңді дауыстап айтпа. Бұл өзгелерге кесірін тигізеді.

Үстелде...

Аузыңды қатты ашып сөйлемес, әуелі тамағыңды жұтып ал. Көптен тістеме, қомағайлық етпе. Бұл жақсы емес, қақалып қалуың да мүмкін.

Шанышқымен жейтін тамаққа қасықты пайдаланба. Ешқашан да пышақпен тамақтанба.

Нанды қабығына дейін жеп тауыс.

Сен қонаққа келдің ...

Үйге енбес бұрын аяғыңды жақсылап сүртіп ал.

Үлкендер отырғанша отырма. Егер бөлмеге үлкен кісі немесе қыз бала кірсе, тұр да оларға орныңды ұсын, өзіңе орындықтың өзгесін алып кел.

Жантайып отырма, аяғыңды аяғыңа қойма. Бұл — сән емес, әдепсіздік.

(«Жыл он екі ай» журналынан.)



1. Мәтін неліктен «Әдеп әліппесі» деп аталған?
2. Көшеге шығудан бұрын неге көңіл бөлу қажет деп ойлайсыңдар?
3. Театрға, кино мен концертке не үшін өз мезгілінде бару керек?
4. Ата-анаңның бойындағы асыл қасиеттер жайлы әңгімелеңдер.



Халық даналығы

Әдепсіз бала жүгені жоқ атқа ұқсайды.

Шарада

Бірінші түбір сөз —
Аузыңа алмас зат мұны.
Екінші түбір сөзі —
Үлкен өзеннің бірі.
Екеуін қосып оқысаң,
Спорттың түрі.

(У-шу)



СӘЛЕМ БЕР

Келе жатсың оқудан,
Кеңілің бір кемеңгер.
Көлеңкеде отырған
Көрші апаңа сәлем бер.

Бақ ішінде жотада
Тартылып жатыр асыл күй.

Алма жиған атаңа
Қол қусырып басынды и.

Көңіліңде тәтті үміт,
Өзің барда жоғалмас.
Қой қайырған ат мініп
Ағамен де амандас.

Балам, саған бір көрген
Артады ғой ел сенім.
Сәлем берсең үлкенге,
Үлкейгенің ол сенің.

(Тұманбай Молдағалиев.)



1. Өлеңде қай жақсы қасиет туралы айтылған?
2. «Әдептілік белгісі» — иіліп сәлем бергенің» дейтін сөздің осы өлеңге де қатысы бар екенін әңгімелеңдер.
3. Өлеңді жаттап алыңдар.



Халық даналығы

Әдеп сәлем беруден басталады.



ӘКЕМ МЕНІҢ

Далада асыр салып ойнап жүрген жерімде
папамның даусы құлағыма келсе-ақ болды,
ойынды тастап, қасына жеткенше асығамын.
Өйткені, әкем маған бәрінен қымбат.

Ал, кейбір балалар менің бұл әдетімді «Әкесінен зәресі қалмай қорқады» деп те жорып жүрді. Бірақ, мәселе онда емес еді.

Алтын күздің салқын күндерінің бірі. Ауыл сыртындағы сортаңда доп ойынын қыздырып жатырмыз. Кенет оң бүйірім тартып, ішім ауырды да, домалап түстім, аржағын білмеймін...

Есімді жиып қарасам, ақ желеңді медбике бетімді орамалмен желпіп отыр екен. Ұйқыдан тұрғандаймын. Медбикеге таңдана қараймын. Менің ойымды сезгендей, ол маған: «Бәрі жақсы өтті, көп қимылдамай жат, әкең де осы жерде, қазір келеді» – деп жұбату айтты. Мен оның жұбатуынан гөрі тезірек әкемді көргім келді.

Бір кезде есіктен кіріп келе жатқан әкеме көзім түсті. Жемге ұмтылған бүркіттей маған қарай ентелеп келеді. Бірақ, бір аяғында бәтеңкесі жоқ, жұп-жуан етіп, ақ шүберекпен байлап тастапты. Келе, маған:

– Серігім менің, әкеңді қатты қорқыттың ғой, дәрігерлер болмағанда, әлде қалай болар еді? – деп ақ жүрегінен шыққан аянышын ақтара берді.

Мені дәрігерлер ауруханадан он күн өткен соң шығарды.

Сол күнгі әкемнің қуанышында шек болған жоқ.

Мен сауығып шыққанымда, барлық жолдас-тарымды үйге шақырды. Барлығымызға да өзі қызмет етіп жүр. Мені де «Жолдастарыңмен бірге отыр» деп тапжылтпай қойды.

Екі көзін оқтын-оқтын маған қадап қояды. Кейде біздер бақ ішінде пісіп тұрған қызыл өріктерді көргенде, оны барып алуға қарауылшыдан бата алмай, кетуге өрікті қимай, көп уақыт телміре қарап тұратынбыз. Әкемнің де маған қараған көзқарасы тап сондай.

Мен де әкеме қарап қоямын. Аяғын аздап сылтып басқаны болмаса, аяғындағы жұп-жуан шүберек көрінбейді.

Әкемнің аяғына не болғанын жолдас-тарымнан естідім.

Мен ішім ауырып, құлап қалғанымда, бір жолдасым әкеме барып, хабар берген екен. Оны есіткен әкемнің зәре-құты қалмай, маған қарай жүгіріп келе жатқанда, табанын шеге тесіп кетіпті. «Бәтеңкесіз жалаң аяқ жүгірген екен», — дейді балалар. Сол шегені мені ауруханаға жайғастырып болып алдырыпты.

«Әкем менің. Менің жолыма жаныңды да қиғандайсың-ау, мына балалар енді білген шығар менің сізден қорықпайтынымды, қайта Сіздің маған деген әкелік ақ махаббатыңыз-ды!» — деген ой көкірегімде сайрап жатты.

(Шүкірбай Ақназарұлы.)



1. Мәтіннің мазмұны жайлы ойланып көріңдер. Ол әкесінен қорыққандықтан оның қасына жеткенше асыға ма?
2. Ауыл сыртындағы сортаңда қандай көңілсіз оқиға болды?
3. Не себептен әкесінің қуанышында шек болған жоқ?
4. Мәтін неліктен «Әкем менің» деп аталған?



ӨЗІМ

(Сыныптан тыс оқу)

Ажар алты жасқа толғалы әрбір істі «өзім істеймін» дейтін болды. Әжесі еден сыпыра бастап еді, Ажар аптығып:

– Әжетай, еденді өзім сыпырам, – деп, әжесінің қолын босатты.

– Жарығым-ау, талабыңнан айналайын, – деп Әсем әжесі күндей жайнап, қуанып қалды.

Ажардың анасы Аягүл үнемі күлімдеп жүреді. Ол ас дайындап еді, Ажар ас бөлмеге келіп:

– Анашым, дастарқанды өзім жаяйыншы, – деді анасына өтіне қарап. Қарлығаштың қанатындай қара қастары қайшыланып, қарақаттай көзі күлімдеп тұр. Аягүл ананың әдемі жүзі құлпырып кетті:

– Мақұл ботам! Өжеңе өрік, мейіз, қант, жұмсақ нан қою керек.

– Өжеме асты талғап беруді білем, анашым, – деп Ажар ақырын тіл қатты да, іске керісті.

Анасы жұмысқа кеткенде, Ажар әжесіне:

– Өжетай; Сізге шайды өзім қайнатып берем, – деді.

– Талабыңнан айналайын, жарығым...

Өзірше шайды мен-ақ қайнатайын, – деп, Өсем әже газпешке келді.

– Өжетай, Сіз отырыңыз, шайды мен қайнатайыншы...

– Жарығым-ау, қолыңды күйдіріп алма, – деп Өсем әженің аппақ жүзі нұрланып тұр.

– Мен өзім, былай байқаймын ғой...

Ажар газпештің отын тұтатам деп, байқаусызда саусағын отқа шалдырып алды. Бірақ ол әжесіне білдірмей, от шалған саусағын аузына салып, ештеме сезбегендей болды. Оны байқап қалған Өсем әже:

– Жарығым-ау, саусағыңды күйдіріп алған жоқсың ба? – деп, қасына келді.

– Өжетай, жай әшейін... Енді газпешті жағуды үйрендім, – деп сықылықтап күлгенде, әжесі қоса күлді.

«Өздігіңнен тірлік істегеніңнен айналайын, жарығым» – деп Өсем әже немересінің маңдайынан сүйіп, масайрап қалды.



1. Ажарға әжесі не үшін риза болды?
2. Анасы жұмысқа кеткенде әжесіне кім шай қайнатып берді?
3. Ажардың бойындағы қай әдептерден үйренуге болады?

**Бөлімді қайталауға арналған
сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Әдеп әліппесін айтып бер.
2. Көшеге шығудан бұрын нені тексеріп алуға тиіссіңдер?
3. Көшеде кімдерге жол беру керек?
4. Қоғамдық орындарда экспонаттарды қолмен ұстау, дауыстап өз пікіріңді айту әдептілікке жата ма?
5. Дастарқан басында қалай отыру керек?
6. Әркімнің алдында әдепті бол.
7. Әдеп туралы өлеңдерді оқып, мақал-мәтел жинаңдар.
8. Ажардың әкесі не үшін риза болды?
9. Әдепке байланысты сурет салыңдар.

VII бөлім. ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ ҰЗАҚ



МЕНИҢ ШЕБЕРХАНАМ БАЛҒА

Оның жалтыр маңдайы
Бәріне де қолайлы.

Өзі іске оңтайлы,
Қаламайды оңайды.

Әйтеуір ол қағуға
Қашан болсын талмайды.
Қыңырларды соғуға
Аямайды маңдайды.

ТӨС

Жұмыстан бос болса,
Жабырқап-ақ қалады.
Балғаменен бас қосса,
Көңілді әнге салады.

ЕГЕУ

Темірге тіс басады,
Мүжиді де, егейді.
Кеміргенін шашады,
Жалғыз түйір жемейді.
Қажет етпес түгін де,
Тек жалғыз-ақ арманы:
Егегені түбінде
Өткір болса, болғаны.

АРА

Оның жалғыз білгені –
Ағаш, тақтай тілгені.
Асықтырып өз-өзін:
«Тез, тез!» – деп-ақ жүргені.

ҚАЙШЫ

Жұмыста оны көремін:
Қиып, қырқып жүреді.
Тек өзіне керегін
Ойып ала біледі.

ИНЕ

Ажырасып кеткенге
Төрешілік етеді.
Ине алдынан өткендер
Құшақтасып кетеді.

СҮРГІ

Көрген жоқ ол жалтарып,
Кемшілікке көнбейді.
Ара менен балтаның
Қателерін жөндейді.



Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.



ЕҢБЕКПЕН ЕЛ КӨГЕРЕР

(Ертегі)

Ерте заманда ағайынды төрт жігіт болып-
ты. Олардың үшеуі бірінен-бірі өткен кер
жалқау, шаруаға қыры жоқ берекесіз екен.
Ал ең кішісі еңбексүйгіш, малжанды көрінеді.

Сыншыл жұрт ағайынды төртеудің мінезіне қарай, оларға жанама ат қойып, айдар тағыпты.

Жалқаулардың ең үлкені құрай басын сындырмай шалқасынан жатып алып, шырт түкіріп қойып, малын сонауға айдатып жіберетін көрінеді. Сондықтан оны «Туусонау» деп атапты. «Малымды байқай сал, көре сал» деп өткен-кеткендерге тапсырып қана, өзі дәйім үйінде жүретін жалқауға «Көресал» деген ат беріліпті. Малына тек сырттай қамқорсып, «айдай сал» деп, көрінгенді жұмсай салатын жігіт «Айдайсал» атаныпты.

Ағайындардың кенжесі айранын ұрттап, қойын құрттап, малын өзі бағыпты.

Бір жұтта «Туусонаудың» малынан түк қалмапты, «Көресалдың» малы көп өліпті. «Айдайсалдың» да малы аз қырылмапты. Ал өзі бағып-күткен еңбекшіл жігіттің малы жұтамай, қыстан аман шығып, елін аштықтан құтқарыпты.

«Еңбекпен ел көгерер» деген нақыл осыдан қалыпты деседі халық.

(Ш. Ыбыраев. «Ақ сандық, көк сандық».)



1. Ағайынды төрт жігітке сипаттама жасаңдар.
2. Оларға қандай жанама аттар қойылды?
3. Кенже бала өз еңбегімен елін қалай көгертті?
4. Халықтан қандай нақыл қалыпты?



Мақал

Ақыл – адам көркі.



ШЕБЕРДІҢ ЕСКЕРТУІ

Осы шеберханадан
Аулақ жүрсе кімде-кім,
Өмір бойы сол адам
Өкінерін білемін.
– Көнбейді! – деп, – құр өкпе
Құралдарға айтпасын!
Тек ерінбей білекке
Көнді олар,
Байқасын!

(Жәнібек Кәрбозин.)



1. Шеберхананда қандай құралдар бар?
2. Ауылдағы шеберлерден нені үйрендің?
3. Құралдарыңа ұқыпты болыңдар.



ҰСТА

(Сыныптан тыс оқу)

Ауылдың аяғында ұжымшар шеберхана-сы бар. Күндіз-түні гүжілдеген машина, трактор кіріп-шығып жатады. Таңертең сабаққа бара жатқанда ылғи Бұхарбай ұстаны жолықтырамын. Ол кісі ауыр қап көтергендей

бір жағына қисая, сылти басады. Денесі ірі, жұдырығы жас баланың басындай.

Бірде біздің үйге қаладағы ағайымның қызы Гүлнара келді. Ол Бұхарбай ұстаның неге ақсайтынын сұрады. Мен естігенімді айттым. Шынында да ол кісі неге ақсаңдайды екен?

Мұны кешке атамнан сұрадық. Екеумізді екі тізесіне отырғызып, әңгімесін бастап кетті:

– Қарақтарым, бұл өзі қызық хикая. Бұхарбай қолда өскен бала ғой. Жас кезінде балуан болып, талай бәйге алған. Қолы кермет қарулы, сайыскер еді. Соғысқа барып та дін аман келген. Дәу балғасын анау-мынау шикіөкпелер көтере алмайды.

Бұл оқиға соғыстан қайтып оралған жылы болған-ды. Бұхарбай жайылымға жіберген атын алып келуге Мырзасайға барады. Қалың ши. Атына жете бергенде, арқан бойындай жердегі құлағы тікірейген қасқырды көреді, көзі сексеуілдің шоғындай қып-қызыл. Тісі ақсиып, арс-арс етеді.

Бұхарбай шошып кетеді. Бұл көкжал құтырған екен. Ондай аң ешнәрседен қаймықпайды, адамға да шабады.

Бұхарбай не істерін білмей, сасқалақтап жүгенін сылдырлата береді. Көкжал арс етіп, өзіне ұмтылады. Келе-ақ ұстаға ауыз салады. Бұхарбай сіңірлі қолының бірімен көкжалдың желкесінен, екінші қолымен құйымшағынан

ўстап, тік көтереді де, беліне тізесін сала, сыртқа айналдырып бұрайды. Омыртқасын күтір-күтір үзіп сындырады да, лақтырып жібереді.

Қаны тамшылаған қабырғасын ұста жейдесімен таңып, үйінің табалдырығына кеп құлапты.

Бұхарбай емханада ұзақ емделді. Әйтеуір денсаулығының күштілігінен ғана аман қалды. Улы жараның беті қайтып, құлан-таза айығып шықты. Ақыры осылай бір жағына қисая басатын болып қалды.

(«Балдырған» журналынан.)



1. Бұхарбай қандай адам?
2. Ол көкжалмен қалай алысты?
3. Әңгімені мәнерлеп оқыңдар.



ЕҢБЕК

Гүл өсірсең, терлеп,
Мұның аты – Еңбек.
Кесте тіксең, зерлеп,
Мұның аты – Еңбек.
Сабағыңа жөндеп,
Өзірленсең – Еңбек.
Қиындықтың бәрін
Еңбек қана жеңбек.

(Нұрхан Жанаев.)



1. Өлеңді жаттап алыңдар.
2. Еңбек туралы мақал жинаңдар.



Мақалдар

Еңбегі аздың өнбегі аз.

* * *

Еңбексіз өмір – сөнген көмір.

* * *

Ер дәулеті – еңбек.

* * *

Ердің атын еңбек шығарар.
Еңбекпен ел көгерер.

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. «Еңбекпен ел көгерер» ертегісіндегі төрт жігітке сипаттама жасаңдар.
2. Шеберханада қандай құралдар бар?
3. «Ұста» әңгімесіндегі Бұхарбай көкжалмен қалай алысты?
4. «Мен кім болуды қалаймын?» тақырыбы бойынша шағын мәтін құрастырыңдар.

VIII бөлім. ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ



БЕСІК ЖЫРЫ

Айналайын, шырағым,
Келге біткен құрағым.
Жағамдағы құндызым,
Ауадағы жұлдызым.

Айналайын, балай-ай,
Айналсын сенен анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде,
Атаңның көңлі болар жай.

Әлди, балам, ақ балам,
Ақ бесікке жат, балам.



1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Жас балаға арнап өткізілетін алғашқы тойды не деп атайды?
3. Бесік жырында жас баланың қандай болып өсуін тілейді?



ТҰСАУ КЕСУ ЖЫРЫ

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассан, мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.



1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Күрмеу деген не?
3. Тұсау деген не?
4. Тұсау неден жасалады?





АҚСАҚАЛДЫҢ АҚ БАТАСЫ

Оқуда алғыр бол,
Ойлауға даңғыл бол.
Өмірде әділ бол,
Ашуда сабыр бол.
Ісінде шебер бол,
Ақылға кемел бол.
Қиынға батыл бол,
Еңбекте батыр бол.
Уәдеңе берік бол,
Ауылыңа көрік бол.

(М. Әлімбаев.)



Өлеңді жаттап алыңдар.



Мақалдар

Ата-ананың сөзі — ақыл-кеңес көзі.

* * *

Ердің көркі — елімен
Отан көркі — жерімен.

* * *

Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.

* * *

Ананың сүті — бал,
Баланың тілі — бал.

* * *

Көп алғысы көгертер.

* * *

Ағайын жауға керек,
Мал дауға керек.



1. Мақалдарды оқып шығындар.
2. Олардың мазмұнын түсіндіріп беріңдер.



Жаңылтпаштар

Қай тай лақтай,
Қай лақ тайлақтай?

* * *

Ұстап қара қарындашын,
Ұштап қарындашын қарындасым,
Ұсынды қарындасым қарындашын.



1. Жаңылтпаштардың қандай пайдасы бар?
2. Тез, жаңылмай, шебер айтуға дағдылан.
3. Әрбір сөзді жылдамдата тақпақтап айт.



ӨТІРІК ӨЛЕҢДЕР

Ақ тауыққа мініп ап,
Айға жеттім зымырап.
Құйынынан тауықтың
Кетті бұлттар ыдырап.

Сүтін сауып торғайдың,
Жетім тайды өсірдім.



Аққу жегіп арбаға,
Бүкіл елді көшірдім.

Құмырсқаға қой бақтырдым,
Жапалаққа жайдақ міндім.
Тумай жатып тілім шығып,
Өлең айтып, сайран құрдым.



Мысықты торғай бүріп өлтіріпті,
Әкепті қозы сүйреп бөлтірікті.
Теректің бұтағына алма өсіпті,
Басына қарағайдың көл тұрыпты.

(Ш. Ыбыраев.)



1. Өтірік өлеңдердің басқа өлеңдерден айырмашылығы неде?
2. Өзің де өтірік өлең жазып көр.
3. Түймедейді түйедей, түйедейді түймедей етіп айту қолыңнан келе ме?
4. Өтірік өлеңдерде бір нәрсені екінші нәрсемен салыстыруға болатынын аңғарыңдар.



АЛТЫН БАЛТА

(Ертегі)

Баяғыда бір кедей болыпты. Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.

Біраз отын шауып бола берген кезде, кедейдің балтасының басы ұшып кетіп, қасындағы диірмен тасын айналдырып жатқан суға барып түсіпті.

Кедей диірменші шалға келіп, балтамды алып бер, деп жалынады. Шал диірменін тоқтатып, суға қолын тығып жібереді де, бір алтын басты балтаны алып шығады.

– Мынау ма балтаң? – дейді кедейге.

– Жоқ, бұл емес, – дейді кедей.

Шал суға екінші рет қолын малып жіберіп, күміс басты балтаны алып шығады да:

– Мынау ма балтаң? – дейді тағы да кедейге.

– Бұл да емес.

Диірменші үшінші рет қолын суға малғанда, қара темір балта ілігеді.

Сол кезде ғана кедей:

– Е, міне, мынау менің балтам! – деп, оған қолын соза бергенде, диірменші шал оны тоқтатып:

– Шырағым, дүниеқоңыз емес, ақ пейіл адал жан екенсің. Сол үшін менен мына балтаны сыйға ал. Оның сен сияқты кедейге тигізер пайдасы көп. Осы балта қолыңда тұрғанда, күн көрісің түзелер, тез арада-ақ ел қатарына қосыларсың, – деп, алтын балтаны береді.

Кедей бұл балтаны үйге әкелген күннен бастап, құлшына еңбек етеді. Алтын балта сиқырлы балта екен, кедей отынды да өндірте жарады. Сөйтіп, ісі оңға басады. Үйге береке кіреді.

Мұны көрші бай да байқап қалады. Бір күні ол кедейден мұның сырын сұрайды.

Кедей жасырмай барлық болған оқиғаны айтып береді.

Енді баяғы кедейге бере тұрған қара балтасын ала салып, бай да отынға келеді. Ол отынды шабар-шаппастан-ақ шыдамай, балтасын диірмен суына лақтырып жібереді де, алып бер деп, диірменші шалға келеді.

Шал судан алтын басты балтаны алып шығады.

Сол сол-ақ екен бай:

– Менің балтам, мынау менің балтам! – деп, тұра ұмтылады.

Бірақ диірменші шал оны кеудесінен итеріп, тоқтатады да:

– Қоя тұр, құлқыны тоймаған қу неме! Міне, сенің балтаң, – деп, байға өзінің темір басты балтасын алып береді.

Бай амалы құрып, үйіне қайтады.

Еңбегімен күнелткен кедейді күндеп, көре алмай, ішқұса болған бай шаруасына да жөндеп қарай алмапты. Тұрмысының да берекесі кетіпті. Сары ауру боп, ақырында бай өліпті.

(Ш. Ыбыраев.)



1. Диірменші кедейдің дүниеқоңыз емес, ақпейіл, адал жан екенін қайдан білді?
2. Бай өзінің құлқыны тоймаған қу екенін қалай байқатты?
3. «Еңбек түбі – береке» деген мақал байға тиісті ме, кедейге тиісті ме?
4. Байдың қимылына байланысты қандай мақал айтуға болады?



ЖЕТИ АҚЫЛДЫ

(Сыныптан тыс оқу)

Жеті ақылды адам бірде көңіл көтеру үшін базарға барыпты. Түк тындырмай жүріп-жүріп, аш қалыпты да, жеті сірнелі шелпек пен жеті нан сатып алып, көлеңкелеу жерде тамақтана бастапты. «Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді» дегізбей-ақ, тамақтанудан бұрын қолдарын жумақ болып еді, жақын арада су жоқ болып шықты. Сонда жеті ақылдының үлкені: «Өзенге жүгіріп барып, бір шелек су әкеле қойыңдар», – деді. Бірақ ешкім орнынан қозғалған жоқ. Бәрі қаққан қазықтай қатыпты да қалыпты.

Үлкен ақылды ашуланды:

– Е, жалқаулар десе! Кімде-кім бірінші боп аузын ашып, бір ауыз түгіл, жарты сөз сөйлесе де, сол барып су әкеледі! – деді.

Ақылдылар ләм-мим деп ауыз ашпай, тым-тырыс отыр еді, алдыларына бір қайыршы кеп қайыр тіледі. Мыналар тіл қатпаған соң, қайыршы сірнелі шелпек нанды жалмап бір-ақ жұтты. Сонда да бәрін көзі көріп отырған жеті кісінің бірде-біреуі: «Әй!» – деген жоқ. Екінші, үшінші, төртінші сірнелі шелпек пен нанның бәрін жеп тауысқанда да мына-

лар ауыз ашып, тіксінген жоқ. Қалып кеткен айранның жұғымен әлгі жетеудің бетін айғыздаған қайыршы өзінен-өзі сықылықтап күліп, жолға түсті.

Бұл кезде ақылдылар тіс жармай отыр еді. Бір қаңғыбас ит келіп, бір шетінен олардың бетіндегі айран жұғындысын жалай бастады. Кезек ақылдылардың үлкеніне жеткенде, иттің тілі салаң етіп оның аузына кіріп кетті.

– Жоғал! – деп ақылдылардың үлкені ақырып жіберді.

– Орныңнан тұр да, шелекті алып, су әкел өзеннен! – десіп ақылдылардың алтауы шу ете қалды. Ауыз ашпаймыз деп алдағы адал асынан айырылған жеті «ақылды» адам құр сылдыр су қарын тойғызбайтынын кейін түсініп қалды.



1. Жеті «ақылды» қайда барды?
2. Ақылдылар ішіп-жеуге не алды?
3. Ішетін тамақтарын қайыршы ішіп кетсе де, олар неге үндемеді?
4. Мәтіннің мазмұнын толық баяндап бер.



ҚЫЗ БАЛА МЕН ҰЛ БАЛАНЫҢ АЙТЫСЫ

Ұл бала:

Қыздар, қыздар, құртыңнан,
Қуып келдім жұртыңнан.

Сол құртыңнан бермесең,
Тесіп шықсын ұртыңнан.

Қыз:

Бала, бала, қырт бала,
Аузымдағы құрт, бала.
Сілекейлеп берейін,
Сусын болсын жұт, бала.

Ұл бала:

Қасқыр, қасқыр, қара ала,
Бауыр жүні сары ала.
Біздің қойды арала,
Қыздардың қойын жарала.

Қыз:

Қасқыр, қасқыр, қарасың,
Қасқыр, қайда барасың?
Мына баланы жей ғой,
Қойды қайдан табасың?



Ұл бала:

Қасқыр, қасқыр, қара ала,
Өтірікке қарама.
Қой болмаса далада,
Осы қызды жарала.

Қыз:

Маң төбетім барады,
Қасқырларды алады.
Содан кейін сен, бәлем,
Тап өзіңді қабады.



1. Айтыс деген не?
2. Сендер де осылай айтысуға әрекет жасаңдар.
3. Ауыл, аудандарыңда айтыскер ақындар бар ма?
4. Айтысты рөлдерге бөліп оқыңдар.



«КӨГИ ГӨК»

(Ойын)

Ойын бастаушы бала тақпақ айтып, бір қызды «кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. «Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:

Гөк, гөк, көгі гөк,
Гөк, гөк, көгі гөк,
Гөк, гөк, көгі гөк, —

деп, қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып «кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға «кемпір» ине (шөп, кішкене таяқша, шидің сынығы) беріп: «Жоғалтпаңдар!» деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп, «кемпірге» келеді: «Кемпір»:

Өлгім қайда?

Өлгім қайда? –

деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей:

Өлгің қайда? –

Қалды сайда! –

деп жауап береді.

– Олай болса, сендердің біріңді алып қаламын, – деп «кемпір» балаларға бас салады.

Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін «кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.



1. Ойынның ережелерін атаңдар.
2. Қаздар қалай қимыл жасау керек?
3. «Кемпір» қаздарға не беруге тиіс?
4. «Кемпір» олардан не сұрады?
5. Қаздар не деп жауап беруге тиіс?
6. «Кемпір» оларға қалай тиіседі?
7. Ойын қалай жалғасады?



АЛДАР КӨСЕ МЕН БАЙ БАЛАСЫ

(Аңыз)

Бір күні Алдар көсе далада жаяу келе жатса, алдынан бір салт атты кездесе кетеді.

Амандық айтып, жөн сұрасқаннан соң:

– Атың кім? – дейді жаңағы кісі Алдарға.

– Атым – Алдар.

– Әй, сен әлгі алдамшы Алдармысың?

– Иә.

– Қане, мені алдашы.

– Ойбай, – деп санын бір-ақ соғады сонда Алдар көсе. – Алдауыш ала домбырам үйде қалып қойыпты. Атыңды бере тұршы, алып келейін.

Бай баласы атынан түсіп, атын береді. Алдар былай шыға беріп:

– Алдаған деген осы болады, қош бол! – деп шаба жөнеледі.

Бай баласы алданғанын сонда ғана біліп, санын бір-ақ соғады.



1. Алдар айдалада кімге жолықты?

2. Кездескен жолаушы Алдарға не деді?

3. Алдар қалай алдап кетті?



Жұмбақтар

Қате көрсе өшіреді,
Деме оны «кешіреді».



* * *



Екі басы сүп-сүйір,
Сыртқа тепкен қос бүйір.
Серпісе қос қалағы,
Суда зулап ағады.

* * *

Суға түсіп тұрса да,
Су жұқпайды.



* * *

Қызына, тынар тоқырап,
Қалдырары – топырақ.

* * *

Әкесінің жасына жетпей-ақ,
Баласы базарға барады.



* * *

Ұзын мұртты сарылар,
Қойнында наны бар.



Көк ала костюм киеді,
Күн менен суды сүйеді.



Жұмбақтарды жаттап алыңдар.

**Бөлімді қайталауға арналған
сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Адам туылғанда не айтады?
2. Бесік жырлары неге үндейді?
3. Ол неліктен «Бесік жыры» деп аталады?
4. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөздің астарында қандай мағына жатыр?
5. Айтыс неге үйретеді? Айтыстың жай өлеңнен қандай айырмашылығы бар?
6. Өтірік өлеңдердің басқа өлеңдерден айырмашылығы неде?
7. Аңыз, ертегі, мақалдардың қайсысы сендерге көбірек ұнады?
8. Өзің білетін аңыз немесе ертегі айтып беріңдер.
9. Есіткен бесік жырларың туралы әңгімелендер.
10. Алдар байды қалай алдап кетті?

IX бөлім. ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ



САЛТ-ДӘСТҮРІМ

Салт-дәстүрі халқымының,
Көрсетеді бар қырын.
Салт-дәстүрім – қазынам,
Қолымда бар алтыным.

Салт-дәстүрім – тарихым,
Ел ұмытпас тарихын.
Дәстүріміз – алтын мөр,
Өзге елдер танитын.

«Балдырған» журналынан



1. Халқымыздың қандай салт-дәстүрін білесіңдер?
2. «Салт-дәстүрім – қазынам» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Қай тойда (дәстүрде) сендерге ат (тай) мінгізеді?
4. *Қолға су құю* да салт-дәстүрге кіре ме?



ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР

Біз бүгін зергерлік және әшекей бұйымдар туралы әңгімелекпіз. Қазақ халқында әшекей бұйымдардың небір түрі кездеседі. Бұрынғы әжелеріміз, апа-әпкелеріміз көбінесе алтын мен күмістен жасалған әшекей бұйымдарды таққан. Оларға неше түрлі ою-өрнек, көз өрім етіп өріп, шолпысын сылдыратып жүретін бойжеткендер жоқ. Өңір, өңіржиек, қапсырма секілді бұйымдар да қазір жаппай қолданыста жоқ болғанмен, сырға, сақина, алқа, білезік сынды әшекейлер осы күнге дейін сәннен шыққан жоқ. Бір ғана сырға-сақинаның өзінің бірнеше түрі кездеседі. Мәселен, Жәрдем Кейкін өзінің «Қазақы атаулар мен байламдар» деген кітабында бір ғана сақина мен жүзіктің өткерме, құдағи жүзік, қос бауырлы жүзік деген бірнеше түрін келтіріп, оларға анықтама береді. Ал сырғаның түрлері тіптен көп. Біразын атап айтатын болсақ: *ай сырға, айшық сырға, ақық сырға, алқа сырға, қыспа сырға, айбалта сырға, тұлпар сырға, зер*

сырға, зере сырға, көз сырға, қоңырау сырға, сиқыршы сырға, сирақты сырға, екі аяқты сырға, үш аяқты сырға, тағысын тағылар.

Әшекей бұйымдардың ішіндегі ең кең таралғаны – моншақ. Тана-моншақ – қыз баланың ең алғашқы әшекей бұйымы десек те болады. Өйткені, құлағы тесілмеген, шашы өспеген, балаң, нәп-нәзік қыздардың алғаш көретіні де осы моншақ тігіп, тесілген тана, тиын қадап қоятын болған. Оны тілден, сұқтан, көзден қорғайды деген сеніммен таққан.



1. Бұрынғы әжелеріміз, апа-әпкелеріміз қандай бұйымдарды таққан?
2. Сырғаның түрлері жазылған жерді тауып оқыңдар.
3. Әжелеріңнің сырғасын жасаған шебердің кім екендігін сұрап, біліңдер.



БЕСІКKE САЛУ ДӘСТҮРІ

Бала қырқынан шыққан соң атасы мен әкесі немесе әке-шешесі туыстарын жинап, баланы бесікке салу тойын жасайды. Халқымызда бесік – киелі зат. Ол сәбидің алтын ұясы болып саналады. Баланы бесікке салуды жасы үлкен, ақылды, балалары көп адамға тапсырған. Бесікке салушы шашуға әкелген құрт-майға ірімшік, бауырсақ қант-

кәмпит, күміс ақшаны тойға келгендерге үлестіреді. Баланы бесікке бөлеп, бесіктің үстіне жеті түрлі зат жабады. Бесік жыры айтылады. Бесікке салу дастарқаны жасалып, ән айтылады, тілек бата беріледі.



1. Балаға ат қоюда кімдер қатысады?
2. Бесікке салғанда ауыл аналары (әже, *апа*, *келін*, *жекжат*, *ағайын*) балаға не тілейді?
3. Бесікті халқымыз не деп қадірлейді?
4. Балалары көп ауыл аналары бесікке сала ма?
5. Шашуға не шашылады?
6. Бесік жырын жаттап алыңдар.



Мақал

Туған жер – алтын бесік



ҒАЖАЙЫП ТАЯҚ

Бұл ұлттық ойынды ойнаушылар санына шек қойылмайды. Балалар қол ұстасып, дөңгелене сызылған шеңбердің бойында тұрады. Ойын жүргізуші қолына ұзындығы бір метрдей таяқ ұстап, шеңбердің ортасынан шығады да, ойынның тәртібін түсіндіреді. Жағалай жүріп ойнаушылардың әрқайсысына реттік нөмірлерін айтып шығады. Сосын жүргізуші шеңбердің тура ортасына келіп

тұрады. Қолындағы таяқты жерге тігінен қадай ұстап тұрып, кез келген санды айтады да, таяқты жібере салады. Мысалы, төрт... Сол кезде төртінші нөмірлі ойыншы тез жүгіріп барып құлап бара жатқан таяқты ұстап үлгеруі тиіс. Егер ойыншы байқамай қалып, немесе жай қимылдап жүріп таяқты құлатып алса, онда ол ортада тұрып өз өнерін көрсетеді. Өлең айтып, би билеп, домбыра тартуы мүмкін, әйтеуір не керек, көптің айтқан талабын орындайды.

Ал егер ортаға шақырылған ойыншы таяқты қасына дер кезінде жетіп барып, оны құлатпай ұстап үлгерсе, онда ойын жүргізушімен орын ауыстырады.



1. Бұл ойынға шек қойыла ма?
2. Ойнаушылардың реттік несі болады?
3. Өз өнерлеріңді ән шырқап, би билеп дамытыңдар.
4. Бұл ойында да ұлттық мәдениетті сақтаңдар.



КӨРІМДІК

Нартай балалармен бірге үй маңында ойнап жүрген. Бір кезде атасы шақырды. Ойынын қимаса да, шұғыл бұрылып қасына келді. Есік алдындағы сөре астында күндегі әдетімен өміршілік істеп отырған атасы көре сала:

– Кел, ўста ананы, – деді бір жағын алдындағы қысқышқа қысып, қалған бөлігін жамбасына басып алған жұқа қайыстың жерде жатқан шетін иегімен нұсқап.

Нартай атасының нұсқауын бірден ұқты, қайыстың тұшпағына барып жармаса берді. Сол сәт атасының астынан ұстанған өткір бәкісі жалпақ қайысты қысқыштың түбінен бауырдай тіліп, өзіне қарай сырылдап жүре берді. Әп-сәтте әбден жұмсарған ақ тері дәл ортадан қақ бөлінді де қалды. Атасы мұны тағы да нешеге бөлінетін, кейбірі алақандай, кейбірі екі-үш елі болатынын, сонан соң оны жіңішкелеп таспа қып тілетінін Нартай ешкім айтпай жақсы білді. Ал жүген, ноқта, қамшы, тартпа, құйысқан қып өру – содан кейінгі шаруа.

Сыртқа келіп тоқтаған жеңіл көлік дауысына елең еткен атасы қақпаға қарады. Азкемнен кейін көрші Бағлан аға ішке кіріп, сөреге қарай келе жатты. Жақындай бере Нартайдың атасына дауыстай сәлем берді. Аса қуанышты екені өң-әлпетінен көрініп тұр.

– Уағаләйкімассалам, балам, молда бол, – деп сәлемін алған атасы жұмысын тоқтатып Бағланмен әңгімелесуге ыңғайланды.

Одан ары не айтарын білмеген Бағлан;

– Сол, ата... Өтіп бара жатып сізді көрген соң, сәлем берейін деп бұрылғаным ғой, –

деді желкесін қасып. Өзі күлмің-күлмің етеді. Қолындағы дөңгелегін сұқ саусағына іліп алған үлкен қара кілтін тоқтаусыз айналдырып, қайта-қайта қарап қояды.

– Бақытты бол, балам! Рақмет! Үлкен сыйласаң, жаман болмайсың, – деді атасы орнынан тұруға ыңғайланып.

Атасы орнынан тұрған соң, тура қақпаға қарай жүрді. Бағлан мен Нартай артынан ерді.

Атасы сыртқа шығып, қақпаны сүзе келіп тізгін тартқан су жаңа жеңіл көліктің қасына жетіп бір-ақ тоқтады. Көз сүзе айналдыра қарады. Езуінде күлкі.

– Әй, Бағлан, көлік құтты болсын! – деді бір кезде ізін баса, артынан қалмай келе жатқан көрші жігітке қарап.

– Айтқаныңыз келсін, ата! Айтқаныңыз келсін! – дейді Бағлан қуана ыржиып.

– Қашан алдың?..

– Осы... кеше қаладан мініп келдім.

– Ә-ә, дұрыс болған. Көлік деген жақсы ғой. Аяқ-қолың ұзарады. Игілігіңе мін, балам! – деді Нартайдың атасы енді төс қалтасына қарай қол апарып. Су жаңа бес мың теңгені алып шығып, машинаның үстіне тастады.

–Тіл-көзден аман болсын, балам! Игілігіңе мін! – деді сосын жаңағы сөзін тағы қайталап.

– Айтқаныңыз келсін, ата! Сол, бір жағы сіздің батаңызды алайын деп... бір жағы сәлем берейін деп бұрылғам, – деді Бағлан одан сайын ыңғайсыздана, желке шашын сипалап. Іле машинаның үстінде жатқан ақшаға қарай бұрылды. – Ойбай, ата! – деді ақшаны жалма-жан қолына алып. – Мынауыңыз не... тым көп қой!

– Көп емес, қарағым. Қалтада бары осы боп, қысылып тұрмын. «Қуанышыты бөліссе, көбейеді» деген бұрынғылар. Машинаға берген көрімдігім. Көлігің жүрдек болсын! – деді Нартайдың атасы жөнін түсіндіріп.

Бұрын жаға салынған үйге, енді түскен келінге берілетінін білетін Нартай бұл жолғы жағдайға куә болып, «Көрімдікті жаңа көлікке де береді екен ғой» деп ойлады ішінен.

(«Балдырған» журналынан)



1. Нартайға атасы нені бұйырды?
2. Атасы не деп әлік алды?
3. Көрімдік неге беріледі?



ТАТУЛАС

– «Көрші ақысы – Тәңір ақысы» дейді қазақ. Бұл – білген адамға, үлкен сөз. Пайғамбарымыздың хадисінен бастау алатын сөз. «Көрші ақысы – Тәңір ақысы» болады

екен, онда көршілердің бір-біріне ренжуге хақысы жоқ. Олар күреңқабақ болып жүрсе, біз секілді үлкендерге де қиын. Рас, пенде болған соң, кейде болып қалады келіспеушілік. Бірақ, солай екен деп, кек сақтауға болмайды. «Бір-біріне үш күннен артық ренжігендер бізден емес» деген пайғамбарымыз. Олай болса, ұзақ өкпелеп жүруге болмайды. Ал бүгін, өздеріңіз білесіздер, Ұлыстың ұлы күні! Бұл күн несімен ұлы? Адамдардың бір-бірін кешіруімен, бір-біріне ізгі тілек тілеуімен ұлы. Мен осы ауылдың ақсақалдарының бірі ретінде бүгін мына екі көршім – Бақберген мен Өзімнің өкпесін сұрайын деп отырмын. Жасымды сыйлар, сөзімді жерге тастамас деген үміттемін, – деп Нартай тоқтатты әңгімесін.

Сол екен, көрші Бақберген орнынан ұшып тұрды.

– Ой, аға, ұят болды ғой. Бүлінген ештеңе жоқ. Өзімді білмеймін, менікі жай базына! Құрдас болған соң, бірдеңеге кішкене ренжігенім бар. Бірақ сіздерді алаңдатады деп ойламаппын. Кешірім сұра десеңіз, сұраймын, -деді. Енді қарсы жағында отырған Өзім көршісіне бұрылып:

– Өзім құрдас, менен кеткен жөнсіздікті кешір! Құрдас болған соң, қалжыңдаймын деп сәл артық кетіп қалыппын. Үлкендерден

ўят болды. Ақылың бар ғой, мені кешір! — деді.



1. Нартай қайда жүр еді?
2. Өзім неге кешірім сұрады?



ҚОНАҚАСЫ

(Сыныптан тыс оқу)

Байлаулы тұр қой әне,
Қазір оны сояды.
Бар дәмдіні
Қонақтың
Алдына әкеп қояды.

Ең құрметті төр еді,
Басты соған береді.
Милы бастың жанына
Майлы жамбас ереді.

Содан кейін жіліктер...
Кімге нені?
Біліп көр!
Беломыртқа — жұмсақ жер,
Одан біреу үміткер.

Мен басымды қасимын,
Неменеге жасимын?!

– Қай баласың? – деп саған
Сосын сұрақ қояды.
Бәйтеректей еңселі,
Жолдан бір-ақ аттайды.
Ең бастысы:
Ол сені
Баласынып жатпайды.

Шолып байтақ далаңды,
Естелікке ереді.
Сосын
Ата-бабаңды
Әңгіме ғып береді.

Қадыр Мырза Әли



1. Қонақ келгенде, оның алдына не қояды?
2. Кімге төрден орын береді?
3. Майлы жамбасты кімнің алдына қояды?
4. Омыртқаны ше?
5. Қонақасы қандай дәстүр?

**Бөлімді қайталауға арналған
сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Сырғаның түрлерін айтыңдар.
2. Бұрынғы әжелеріміз апа-әпкелеріміз қандай бұйымдарды таққан?
3. Бесік жырынан үзінді айтыңдар.
4. Ғажайып таяқ ойыны қалай ойналады екен?
5. Халқымыздың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?
6. Нартайдың атасы жайлы айтыңдар.

Х бөлім. ҚЫС КЕРЕМЕТТЕРІ



АЛФАШҚЫ ҚАР

О, керемет, керемет!
Бейне аппақ көбелек.
Ақша қар жай көлбеңдеп,
Қонып жатыр жерге кеп.

Қонып жатыр тауға кеп,
Бақшаға кеп, бауға кеп.
Қонып жатыр көлге кеп –
Кетті ұласып жер мен көк.

Шыркөбелек айналып,
Қонып жатыр жайланып:
– Енді қайтып ұшпаймыз,
Осы жерді қыстаймыз.

(Мүбәрак Жаманбалинов.)



1. Ақын қар ұшқынын неге теңеп отыр?
2. «Кетті ұласып жер мен көк» деген сөздің мағынасын мұғалімнің көмегімен анықтаңдар.
3. «Қыстаймыз» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.



ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Тәрбиелік сағатқа арналған)

Бала: Дүниедегі барлық мемлекеттердің өз Конституциялары бар.

Қыз: Ұран, Елтаңба, Ту – үшеуі мемлекеттің рәмізі болса, Конституция сол мемлекеттің мазмұны болып табылады.

Бала: Конституцияда мемлекеттің бағыт-бағдары, бүгіні мен болашағы баяндалған.

Қыз: Конституция – мемлекеттің жан-тәні – энциклопедиясы.

Бала: Онда Өзбекстан азаматтарының барлық арман-ойлары өз бейнесін тапқан.

Қыз: Шыр етіп дүниеге келген нәрестеден бастап, қарттарға дейінгілердің тыныштығына, денсаулығы мен нәпақасына кепілдік берілген.

Бала: Ўзбекстан – қўқықтық мемлекет.

Қыз: Конституциядан үзінді оқиық:

«Ана мен бала мемлекет қорғауында болады».

Бала: «Әрбір адам білім алуға қўқылы».

Қыз: «Мемлекет тегін жалпы білім алуға кепілдік береді».

Бала: «Мектеп ісі мемлекеттің бақылауында болады».

Қыз: Конституциямыз (Ата заңымыз) 6 бөлімнен, 26 тараудан, 128 баптан құралған.

Бала: Ол 1992 жылдың 8 желтоқсанында қабылданған.



1. Конституция дегенде нені түсінесің?
2. Егеменді Өзбекстан Республикасының Конституциясы туралы не білесіңдер?
3. Конституциядан алынған жолдарды жаттап алыңдар.



ҚЫСҚЫ КЕШ

Іш тарта, сұрлана боран соғып тұр. Кейбір үйдің терезесінен, кей үйдің маңдайшасынан жылтырап көрінген электр шамы болмаса, ауыл ақ қар жамылып, түн құшағына бұғып, мүлгіп қапты. Түтеген бораннан қыбырлаған жан, қарайған бұта көрінбейді. Жалғыз-ақ ысқырынған желден үркіп, жаяу борасын үйден-үй, төмпешіктен-төмпешік қуып, жы-

ландай сумаң қағып, дамылсыз аралап жүр. Кейде ол қақпаға үйіріле соғып, сәл толас-тап кідіреді, кейде құтырынып, ақ шаңын көкке будақтатып, екінші тұстан бұрқ етеді де, күшейген желден бел алып, қайтадан сумаңдай, әр үйдің әйнегін тырс-тырс қағады.

Осындай көңілсіз деген түннің өзінде сырттай мүлгіген ауыл іштей қазанша қайнайды. Сіз терезесінен жарық жылтыраған әр үйден алуан кәсіппен шұғылданған әр қилы адамды көресіз. Біреу қағаз жазып, біреу іс тігіп отырса, біреу темір соғып, біреу машина жүргізіп тұр. Солардың бәріне батыс жақ шеттегі электр стансасы қуат жеткізіп, денедегі барлық мүшелеріне бірдей мүлтіксіз қан құйған күшті жүректей моторы тынымсыз соғады. Сол қуаттың ішінен ауыл диірмені ақ ұнды шүмектеп құйып, тоқтаусыз зырылдайды. Сол қуаттың күшінен балқыған темірлер ауыл ұстасының балғасы астында қамырдай иленіп, жаншылады.

Ауыл сергек, ауыл бабында.

(Мұқан Иманжанов.)



1. Боран – қандай құбылыс?
2. Жазушы боранды қалай сипаттайды?
3. Электр стансасының қуатымен адамдардың тіршілік етуін әңгімелеп бер.



АҚҚАЛА

Қар жауғанда топ бала
Соқтық келіп аққала.
Мұрны – сәбіз үп-үшкір,
Көзі – көмір қап-қара.

Көне шелек – басында,
Сыпырғышы – қолында.
Мұз айдынды аршуға
Келгендей-ақ ол мұнда.

Бірақ та тұр жабығып,
Түйіп алып қабағын.

Таба алмадық жабылып,
Күлдірудің амалын.

– Тұра бермей құр қарап
Аққаланың алдында,
Тебейік, – деп, – сырғанақ, –
Түстік келіп айдынға.

Көбейді тым арада
Тұрып қалған кезіміз.
Түнерген аққалаға
Түсе берді көзіміз.

Оның тұнжыр жүзінде
Тұнып тұрды ызғары.
Содан соң ба
Біздің де
Ойынымыз қызбады.
Қарап тұрса бүйірден
Біреу
Жүзін мұң шалып,
Өзгеге де
Кім білген
Ауырлығын мұншалық.

Басын тежеп «атының»,
Түсті осы сәт інім кеп.
Аққалаға ақырын
Жақындады күлімдеп.

Қарады да анықтап,
— Сұлуын, — деп, — өзінің! —
Құлағына бағыттап,
Сызып қойды езуін.

Өзірдей ән бастауға
Тұрды аққала шат күліп.
Қуаныстық аспанға
Бөркімізді лақтырып.

Күлімсірей қарасып,
Көңіліміз түзелді.
Ойынымыз жарасып,
Асыр салдық біз енді.

(Сұлтан Қалиев.)



1. Балалар не жасады?
2. Олар ненің амалын таба алмады?
3. Ойын неге қызбады?
4. Балалар қуанышының себебі не?



ЖЕЛТОҚСАН

Желтоқсан туған қарсаңда қарашаның соңғы күндерінде талай қызықтың куәсі болдық. Бірде қар жауып, бірде жер қара, күн жылы болып, ақ қоян бейшараның әбден есі кетті. Түнгі суықта мұз қатып, көл бетінде жүрген қаз-үйрек жіпсіз байланды да қалды. Тегін

олжаға кенелмек болған түлкі пысық әлекедей жаланып, алас ұра, көл айналды. Бас салып басып жейтін нәпақасы таяқ тастам жерде байлаулы тұр, бірақ оған жетер шарасы жоқ— аяқ басса, солқылдақ мұз ойылып түспек.

Естіген мен көрген өз алдына, желтоқсанның ақ көбік қарына асыр салып аунамаған, аққала соғып, қызыққа кенелмеген кім бар! Ақ боранның алғашқы арыны басылып, таңғажайып бір шағырмақ күндер басталды. Бар әлем ұлпа жамылып, мүлгіп бір тұрма дейсің! Көңілді алаң етер бөгде бір дыбыс жоқ. Жанға жайлы тылсым тыныштық. Соның өзінен бір түрлі әсем әуез, сырлы саз еститіндейсің. Оның аты — Қыс фантазиясы!

Қыс — айтулы зергер, тамаша суретші. Таңертең тұрып, терезеге қарашы: ең бір ғажайып ертегілерде ғана болатын келісті көрініс, айшықты сурет табасың. Ашық күнде тоғай аралап көрші: ақ ұлпа жамылған алуан бұталар мен бұтақтар бірде ой құшағындағы адамға, бірде жүгірген аң мен қонақтаған құсқа ұқсап, не түрлі үйлесімімен таң қалдырады. Қар бетін шимайлаған айқыш-ұйқыш іздер ұшқан құс пен жүгірген аңның бір түнгі тірлігінен хабар береді. «Апыр-ау, мынау —орман газеті ғой!» деген ой сап ете түседі. Сол ойыңа мәз болып, ілгері тарта

бересің. Орман газетін қызығып оқи бересің, оқи бересің.

(Бекболат Әдетов.)



1. Желтоқсан келгенде, неліктен ақ қоянның есі кетті?
2. Неліктен қаз-үйректер жіпсіз байланды?
3. Қу түлкі нені ойлады, мақсатына жетті ме?
4. Қар жауғанда табиғатты тамашалап көріңдер.
5. Қыс туралы шығарма жазыңдар.



БІЛІП АЛ!

(Сыныптан тыс оқу)

- Қоян жатар орнын бұрынғысынан биіктете түссе, ауа райы бұзылады.
- Қатты суық боларда, құстар кешке қарай басқа уақыттағыдан гөрі ұзақ тамақтанады.
- Торғайлар ағаштың бұтағында дыбыс шығармай қонақтап отырса, қар жауады, жел болмайды. Қосылып шиқылдаса, жылы болады. Қуысқа тығылып, бір жерге топталса, суық болады. Бұл –боран алдындағы өзгеріс.
- Сары шымшық ерте шиқылдаса, түнде аяз болады.
- Боз торғай әндетсе, сауысқан шатыр астына тығылса, боран болады, қар жауады.
- Қарғалар топтаса қарқылдаса, аяз болады. Аспанда ұшып жүріп қосыла қарқылдаса, қар жауады.

- Суық боларда олар қанатының астына тұмсығын тығады.
- Тауық бұрынғысынан да жоғары қонақтаса, қатты аяз болады.
- Өтеш немесе қаз бір аяғымен тұрса, аяз болады.
- Тауық аяз боларда қанатын қағады.
- Жылқы жылы боларда жатады, аяз боларда тұрады, ал боран боларда қорылдайды.

Сейіт Кенжеахметов



1. Қоян ауа райын қалай бақылайды?
2. Құстар аяз боларда қалай тамақтанады?
3. Құстар топталып, сайрамай отырса, ауа райы қалай өзгереді?
4. Сендер қысқы табиғатты бақылаңдар.



ҚАРҒАЛАР

Қар жауып тұр, қарғалар!
Ұяларың бар болар.
Тез-тез ұшып кетіңдер,
Қанаттарың қар болар.

Қарғалар-ау, қарғалар,
Ұяларың бар болар.
Кешке суық болады,
Аяқтарың тоңады.

Тез-тез ұшып кетіңдер,
Жылы ұяға жетіңдер!

(Ө. Қожамұратов.)





1. Қарға қандай құс?
2. Қарға қай кезде оралады?
3. Қарғаның аяғы тоңа ма?
4. «Тез-тез ұшып кетіңдер, Жылы ұяға жетіңдер!» деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?
5. *Қар, ұя, қарға, аяқ* деген сөздер қандай сұраққа жауап береді?



ҚАСҚЫР ҚЫСТЫ ҚАЛАЙ ӨТКІЗЕДІ?

Ызылдап соққан суық жел. Аттың жолын, жаяудың ізін қар басқан. Көлдер мен өзендерде мұз қатқан. Аяз бен боран жан-жануарлардың бәрін де үйіне, қорасына қуып тыққанда, далада тұрақсыз қаңғырып, суыққа дірдектеп, қарны ашып бұралып көкшіл жүнді қасқыр ғана жүр. Бір жерге де рақатпен жатқызбай, тоғайларды, мидай даланы кездіріп мұны қуып жүрген – аштық. Сорлыға күндіз де, түнде де дамыл жоқ. Қалың қарда кейде аяңдап, кейде жортып, тістерін сақылдатып, қайдан бір тоятын тамақ табылар екен деп жүргені.

Ормандағы үлкен аңның бірі – аю. Ол жазда семіріп алып, қыста жылы үйшігіне кіріп бекініп жатып, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр. Өзіне лайық жып-жылы іні бар түлкі куда тіпті қайғы жоқ. Көртышқандар да астығы мол үйлерді сағалап, неше бөлме ін

қазып алып, уайым дегенді ұмытқан. Ақылы жоқ бадырақ көз қорқақ қоянға шейін ақ тонын киіп алып, бұтақ кеміріп шаттықта жүр. Жалғыз-ақ сорлы қасқырдың басына ғана бар қиындық орнаған. Мұның бір ғана үміті— бекітусіз қора, күзетсіз жылқы.

(Міржақып Дулатов.)



1. Ызылдаған жел қай кезде соғады?
2. Көлдер мен өзендер қандай күйде?
3. Боран жан-жануарларды қандай жағдайға түсірді?
4. Қасқырды дала кездірген не?
5. Аю, түлкі, көртышқан, қояндар қысты қалай өткізеді?
6. Қыс туралы мақал-мәтелдер жинаңдар.



АЯЗДА

Қос қанаты қысулы,
Елемейді у-шуды.
Секектейді торғайлар
Ұмытқандай у-шуды.

Бүріседі, жүрмейді,
Үйшігіне кірмейді.
Қыңсылайды күшігім,
Күндегідей үрмейді.

— Мұздап қалдың,
Кетелік, —

Дейді әжем жөтеліп.
Қозғалмастан
Қаздар тұр
Бір аяғын көтеріп.

(Өтепберген Ақыпбеков.)



1. Торғайлар нені елемейді?
2. Аязда торғайлар қалай жүреді?
3. Күшік неге үйшігіне кірмейді?
4. Әженің бойынан қандай қасиетті табуға болады?
5. *Торғай, күшік, әже, қаз, аяз* деген сөздерді қатыстырып мәтін құрастырыңдар.



ӘЖЕ АЛҒЫСЫ

Айнала аппақ қар. Асқар мен Қанат жалғыз аяқ жолға түсіп, мектепке қарай келе жатты. Күн сәулесімен шағылысқан ақша қар жылт-жылт етіп көз қарықтырады.

Аяқтарының асты сықыр-сықыр етеді. Екеуінің де аяз сүйген беттерінің ұшы қызарып, ауыздарынан бу бұрқырайды. Олар бір-бірін қуалап, қар лақтырысып ойнап келе жатқан. Жаңа ғана жарқырап тұрған күн кенеттен бұлттанып, түнеріп кетті. Енді мектепке тезірек жету үшін екеуі жүгіре жөнелді. Сол кезде әлдеқайдан булыға өксіген дауыс естілгендей болды. Қос дос бір-біріне сұраулы кейіппен қарасты. Екеуінің ойында:

«Бұл не? Әлде адасқан біреу ме?» – деген сұрақ тұрды.

– Қанат, тыңдашы, жылайды. Иә, жылаған бала даусы ғой! – Сөйтті де олар сүріне-қабына қарға омбылап, дауыс шыққан жаққа қарай ентелей жүгірді.

Бұл ызғырық бораннан қатты жаурап, бір жағы қорқып жылап отырған Мінәш әжейдің немересі Нұрлыбек екен. Оның аяздан екі беті домбығып кетіпті.

– Ештеңе етпейді, жылама, – деп Асқар оның бетін қармен ысқылай бастады. Мұны оған көкесі Кәрім үйреткен.

Біраздан соң екі дос Нұрлыбекті үйіне жеткізіп, әжесінің қолына табыс етті. Абдырап, сасып қалған әжей немересін шешіндіріп жатып: «Көп рақмет, қарақтарым! Кімнің баласысыңдар?» – деп сұрады.

Осы сәт үлкен адамнан алғыс алған екі дос қатты қуанып кетті.

– Айналдым сендерден! – деп әжей екеуінің бетінен алма-кезек сүйіп қойды.

(М. Шәжімова.)



1. Асқар мен Қанат қайда бара жатты?
2. Олар нені естіді?
3. Нұрлыбекке Асқар қандай жедел жәрдем берді?
4. «Адам – адамға дос, жолдас және бауыр» дегенді түсіндіріп беріңдер.



ӨКІНІШ

(Сыныптан тыс оқу)

«Тұр-тұрлаған» мамасының даусынан оянып кетті. Тұрғысы келмей, әрі-аунап, ыңырсығанына мамасы қарамады:

– Бол, түрегел! Кеше мектепте жұмысым бар деп едің ғой.

Әжесі немересін жақтап жатыр:

– Әбішжан демалысқа шыққан жоқ па? Демалсын да, – деп еді, мамасы:

– Ылғи оны қолпаштап шыға келесіз. Соған ғой мұның жалқауланып, балалардан бөлек жүретіні, – деді.

Әбіш амалсыздан орнынан тұрып, жуынды да, тамағын ішіп, сыртқа шықты. Кеше жауған қар ауылды аппақ мамық тонға орап тастапты. Күн жарқырап, ақша қарды мың түрлі құбылтады.

Шыңылтыр аяз құлақ пен мұрынның ұшын шымшып алғандай ду еткізеді. Әбіш аздап тітіркеніп тұрып қалып еді, арт жағынан: «Тию, тию-тию» деген көңілді шықылық естілді. Жалт қараса, қар жамылған қайыңның бұтағында әдемі қос сары шымшық отыр екен. Өзінің құстары. Бұл екеуін Әбіштің достары да біледі. Өйткені сары шымшықтар өздеріне жем беріп

тұратын Әбішке үйір болып алған. Сүйкімді дауыстарымен шықылықтап, ауланы әсем әуенге бөлеп жүреді. Әбіш оларға жем шашты да, мектепке бет алды. Жолда сыныптасы Марат кездесті.

– Әбіш, жүр, мұзойнаққа барайық. Көрші ауылдың балаларымен хоккей ойнаймыз, – деді. Қолында конькиі бар.

– Ал мектепке ше? Шақырып еді ғой.

– Ой, сен де қызықсың, онда барсаң, жұмыс істетіп қояды. Кеттік, жүр!

Әбіш ойланып тұрып-тұрып, ақыры Маратқа ілесті. Олар қас қарайғанша мұзойнақта жүрді.

Ертеңіне далаға шықса, күн суық екен. Аспанды қалың бұлт жапқан. Долы жел қарды суырып, суылдап өтеді. Әрі-бері іздеп шақырғанмен, құстар көрінбеді. Жаураған соң, бүрсеңдеп үйге бұрыла беріп еді.

– Әбіш, – деген дауыс естілді. Қараса, сыныптасы Бейсеннің інісі Сейсен. – Сенің шымшықтарың біздің аулада, – деді ол мақтанғандай сыңаймен.

– Өтірік айтасың! – деді Әбіш.

– Рас. Қара, кеше мектепке барғанда Бейсен әдемі ұя жасап әкелген. Алдында ілулі жем салғышы бар. Соған кіріп алды.

Барып қараса, рас екен. Шымшығының біреуі басын шығарып, шықылықтады да,

көрінбей кетті. Әбіштің іші удай ашыды. «Кеше балалар мектепте келісті ұя жасаған екен ғой. Қап!» – деп өкінді. Ол: «Енді тез ұя жасауым керек», – деп ойлады.

(Мұхтар Наушабаев.)



1. Мамасы Әбішті қайтіп оятты?
2. Әбіш құстарынан қалайша айырылып қалды?
3. Әбіштің іші неге ашыды?
4. Әбіш не істеуге бел байлады?

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Табиғатты неліктен «ана» деп ардақтайды?
2. Қыстың қандай ерекшеліктері бар?
3. Жан-жануарлардың қыс мезгіліндегі қимыл-әрекеттеріне сипаттама жаса.
4. «Қыс – денсаулық, тазалық» дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Қыста өтетін мерекелер туралы айтып беріңдер.
6. Егеменді Өзбекстан Республикасының Конституциясы туралы не білесіңдер?
7. «Қысқы кештегі» боранды жазушы қалай сипаттайды?
8. Құстар қысқы кешті қалай бақылайды?
9. *Аю, түлкі, көртышқан, қояндар қысты қалай өткізеді?*

XI бөлім. ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРЫ



САҚШЫ

Шекараға түн түнеп,
Қараңғылық көп жетті.
Көк әлемі күркіреп,
Қара жауын селдетті.

Жарқырайды от жасын,
Шулайды орман қалтырап.
Домалатып көк тасын,
Ағады өзен сарқырап.

Қалт етпестен тұр тыныш
Өз орнында ер сақшы.

Таныс оған әр дыбыс,
Таныс оған жер жақсы.

Торлай берсін түн мейлі,
Құйсын жауын жел сарнап.
Қалт етуді білмейді
Қыран көзді ер солдат.

Ізтай Мәмбетов.



1. Сақшы шекараны қай кезде және қалай күзетіп жүр?
2. «Қалт етуді білмейді» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Сақшы болғың келе ме?



БАТЫР БАЛА

– Қара бала, қара бала!

Оқыс дауыс қатты естілді. Ғалия апай жалма-жан терезеге үңілді. Сыныпқа жаңа келген негр баланы басқа балалар жатырқап жүр екен. «Қалай балаларды бір-бірімен достастырамын», – деп ойлады мұғалім. Бір кезде әлгі «қара баланы» өздерінен бір сынып төмен оқитын Әлібек жетелеп алып кеткенде, мұғалім таң қалды. Қоңырау соғысымен ол Әлібектің сыныбына барып:

- Әлібек, Джонды сен қайда алып бардың? – деп сұрады.
- Мен оған дос болайық дедім.
- Ол не деді?

– Ол қатты қуанды. Мені жақсы көретінін айтты.

– Міне, батыр. Жүр ағаларыңа барып сенің батырлығыңды паш етейік.

– Қалай!?

– Жүр.

Мұғалім, «Мынау сендерден бір жас кіші Әлібек. Барлығың танысыңдар ғой?» – деп сұрады. «Танимыз, танимыз» деген балалар жамырап кетті.

– Танысыңдар мен Әлібекті мектебіміздің батыры деп жариялаймын, – деді мұғалім.

– Неге Әлібек батыр болады. Ол төбелесте мен түгіл, менен кіші Омардан да жеңіліп қалады! – деп айқайлады Жандос.

– Жандос, сен төбелесте жеңгендер батыр болады деп ойлайсың ба? Жоқ, олай емес. Ол достықтың туын көтерді. Сен бірлікке шақыру мен ерлік көрсетудің дәрежесі бір екенін білмеуші ме едің. Қалай сені жақсы оқитын балалар қатарына қосып жүр? – деген мұғалім сөзі Жандосты ұялтып тастады.

Ертесіне Жандос Джонды барлық балалармен тансытырды әрі өзі онымен дос болатынын айтты.

Әдина Жүсіп



1. Ғалия апай не ойлап жүр еді?
2. Апай Әлібекке қандай сұрақ берді?

3. Өлібектің жауабын кітап мәтінінен табыңдар.
4. Жандос неге ұялып қалды?



Өнегелі сөз

Шынайы достық – адамзаттың үлкен байлығы, күш-қуаты.



ТОҚТАР БАТЫР

Айналады ел бір сенен,
Есіміңді білсе әлем.
Ғарышқа ұшқан қазақтың
Тұңғышына мың сәлем!

Тоқтамайды осы аңыз,
Біз жолыңды тосамыз.
Тоқтар – ерлік, ерлікті
Күнде өлеңге қосамыз.

Батпайтын ол жыр таңы,
Жүрегімізді жылтады.
Тоқтар батыр – кәдімгі,
Алпамыстың ұрпағы.

Қабанбайдың ұланы,
Бөгенбайдың қыраны.
Айтылатын мәңгілік
Қазағымның жыр-әні.

Ерлікпенен жыр егіз,
Оны жастан білесіз.
Біз Тоқтардың есімін
Ту ғып ұстап жүреміз.

Тұманбай Молдағалиев.



1. Ғарышқа адамзат тұғыш рет қайдан ұшты?
2. *Тоқтар Әбубәкіров* ерлігі үшін қандай атаққа ие болды?
3. «Біз жолыңды тосамыз» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. *Талғат Мұсабаев* деген кім?



КОМАНДИР

(Сыныптан тыс оқу)

Жалқаулансам шамалы,
Бола қалам басқа адам.
Қырсық шалған баланы,
Командир боп басқарам.

Қолға алам билікті,
Енді жалқау емеспін.
Орындайды бұйрықты
Екі қолы – көмекшім.

«Күтіп тұр ғой сабағың,
Дұрыс, – деймін, – оқыған!»
Жөнейді қос аяғым,
Үстелге кеп отырам.

Кітапты алып қолдарым,
Алдыма алып тастайды.
Көзім сүзіп жолдарын,
Аузым оқи бастайды.

Командирдің талабын
Кім талқыға салады!?
Не ойласам,
Қаламым
Жедел жазып алады.

Не айтсам –
«Құп!»
«Болады!»
Жорғалайды тіл алып.
Ә дегенше
Қояды
Есепті де шығарып.

– Үйде су жоқ,
Бол бәрің
Жұмылыңдар көмекке! –
Десем болды
Қолдарым
Ұмтылады шелекке.

Тысқа шықсам:
– Тоңғаның
Отынға ағаш жар тағы! –
Десем болды,

Қолдарым
Сілтейді алып балтаны.

Сарбаздарым
Сөзімді
Қалт жіберген емес түк.
Жалқаулансам,
Өзімді
Жеңіп алам мен өстіп.

Сұлтан Қалиев.



1. Қырсық баланы кім басқарады?
2. Аяқ, қол, көз, ауыз кімнің айтқандарын екі етпей орындайды?
3. Өзіңді-өзің жеңу деген сөз қай сөз болады?
4. Әскери ағаларымыз мүлтіксіз орындайтын сөздерді атаңдар:
 1. « »
 2. «...-...-».



Түсіндірме сөздер

Сарбаз – жасақты қол, әскер.

Қалт – әне-міне дегенше. Сөзін қалт еткібеді. Сөзді екі етпей орындау.



ЕРЛІКТІҢ МӘНІ НЕДЕ?

Әрбір азамат Отан алдындағы парызын өтеуге мінедетті. Ауылымыздың ақсақалы Айтқожа атаның кенже ұлы Рүстем боры-

шын атқару үшін осыдан бір жыл бұрын шалғай шекарадағы әскери бөлімдердің біріне аттанған еді. Кетер алдында көрші-қолаңдарды шақырып, үлкендерден бата алғаны да есімде. Оған әжеме еріп мен де барып, құлақ жеген болатынмын.

Сол Рүстем ағай жазда ауылға демалысқа келді. Есітуімше, жұмысында ерен ерлік көрсетіп, медаль алыпты. Соған бір жетілік демалыс бұйырыпты. Медальды соғыста ерлік жасағандар ғана алады деп білетін балалар, оны «ержүрек қаһарман» ретінде қабылдадық.

Бір күні бірнеше бала топталып барып, Рүстем ағадан өзінің жасаған ерлігі туралы айтып беруін өтіндік.

Өтінішімізді естіген ол жымып күлді.

— Інілерім, — деді сәлден кейін, — мен соғысқа қатысқан жоқпын. Лайым, заман тыныш болсын!

— Онда, сіз медальды не үшін алдыңыз? — дедім мен.

— Е, оның жөні басқа.

— Жақсы. Егер тыңдағыларың келсе, айтып берейін, — деді Рүстем ағам сәл ойға батып. — Сендер алдымен шекарашылардың жұмысын білулерің керек. Шекарашы әскерлердің міндеті — Отанды қырағы күзету. Елді жаудан қорғау. Бұл жердегі жаудың мағынасы

өте кең. Елімізге жасырын өтетін есірткі денсаулыққа аса зиянды болғандықтан, ол да жау боп есептеледі. Шекарадан енуіне қатаң тиым салынған. Оны бақылау түгелдей біздің мойында. Әрине, ол оңай шаруа емес. Үлкен біліктілікті қажет етеді. Күзет мамандығын игеру керек. Менің қызметім сонымен тікелей қатысты болды. Жаңағы медаль сондағы қызметіме байланысты. Қолымда Ақтабан деген иісшіл ит бар еді. Бір күні итімнің көмегімен үлкен қатердің алдын алдым. Көп мөлшердегі есірткі анықталды.

Қарасақ, есірткі өндіретін заттар. Тасымалдаушыны тұтқындадық. Міне, інілерім, менің Отан наградасына ие болуым осылай. Естеріңе сақтандар, есірткі қазір үлкен қатерге айналды. Онымен күреске мемлекет айрықша мән беріп отыр. Адам баласын аздыратын мұндай кесепатқа ел болып қарсы тұруымыз қажет. Сонда ғана ондай қауіпті жаудың жолын біржолата кесе аламыз, – деп аяқтады Рүстем аға әңгімесін.

Дәуіржан Төлебаев.



1. Рүстем азаматтық борышын атқару үшін қайда жол алды?
2. Ол не үшін медальмен марапатталды?
3. Елді аздыратын кесепатқа қарсы тұруды үйреніңдер.



Мақал

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

**Бөлімді қайталауға арналған
сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Сақшы деп кімді айтады?
2. Ғалия апай Әлібекке қандай сұрақ берді?
3. Мұғалім Әлібекті неге мектебіміздің батыры деп таныстырды?
4. Тоқтар Әбубәкіров ерлігі үшін қандай атаққа ие болды?
5. Рүстем не үшін медалмен марапатталды?
6. Отан туралы шағын мәтін құрастырыңдар.

XII бөлім. ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ



АЮ МЕН ТЫШҚАН

Қыс бойы апанда жатып әбден ашыққан қоңыр аю, ерте көктемде оянып, азық іздеп жолға шығады.

Келе жатып жапырақтың астында қыбырлап жатқан бір нәрсеге көзі түседі. Шап беріп ұстап алады. Қараса тышқан екен. Үрейі ұшқан тышқан:

— Аю аға, мені босатыңызшы. Тірі жүрсем бір қызметіңе жарармын! — дейді, даусы дірілдеп, жалбарынып. Аю тышқанның сөзіне еріксіз рахаттана күліп:

– Өй, сен не көкіп тұрсың? Екеуміздің арамыз жер мен көктей. Мына тұрысыңмен сенен маған қандай жәрдем болар дейсің? – деп, тышқанды босатқысы келмей, қысып өлтірмек болады.

– Олай деменіз, аю аға. Мен сіздің қарныңыз ашып тұрғанын сезіп тұрмын. Инде қалған азын-аулақ сақатған тамағым бар. Әкеп берейін, жіберіңізші! – деп өтінеді.

Тамақ деп айтқанын естіген соң аюдың көңілі жадырап сала береді.

– Жарайды, босатайын.

Сөйтеді де, бір уыс көк шөпті жұлып алып, жіп тәрізді ширатып, бір аяғына мықтап байлап, ініне қоя береді. «құтылып көр менен!» – дейді ішінен.

Аю тышқанның әкеп берген тамағын жеп тойып алады да, оған қарағысы да келмей, кетіп қалады.

Аман-есен құтылғанына тышқан қуанып, ініне кіріп кетеді.

Мұны көрген басқа тышқандар оның ақылды екеніне көздері жетіп, разы болып, құрмет тұтатын болыпты.

Қожагелді Исаев



1. Аю тамақ іздеп келе жатып неге жолығады?
2. Тышқан аюға не әкеп береді?
3. Басқа тышқандар неге бұл тышқанды құрмет тұтатын болыпты?



ЖАЛҚАУ ҮКІ

(Мысал ертегі)

Жасыл орманда бір сұр үкі өмір сүріпті. Үкі жалқаудың жалқауы екен. Тіптен бір ағаштан, екінші ағашқа ұшуға да ерініпті. Ол шуақты күндердің бірінде жапырақтардың арасындағы ағаш бұтағында қалғып отырады.



Осы кезде қасына ала тоқылдақ ұшып келіп, ағашты тоқылдата бастады.

Оянып кеткен үкі ұйпа-тұйпа қанаттарын сілкіп қалып:

– Сен, тоқылдақ, тақылдатып маған неге маза бермейсің? – дейді жақтырмай.

– Мен тамағымды тауып жатырмын ғой, көрмей тұрмысың? – дейді таңырқаған тоқылдақ.

– Басқа жер таппадың ба? Бұл жерден аулақ кет? – деп үкі дауыс көтереді.

– Барлығымыз еңбек етіп жатырмыз. Тек сен ғана ұйықтап отырсың. Тым болмаса өзің ұя салып алмайсың ба?! – деді де, тоқылдақ ұшып кетті.

Үкі қайтадан жайғасып, қалғи беріп еді, шулаған дауыс естілді. Бұл сауысқан екен. Құлағына келіп, шықылықтай жөнелді. Үкі

оған да айқайлады. Бірақ, сауысқан сасқан жоқ. Оған батылдана былай дейді:

– Айналаңа қарашы, құстардың барлығы тірлік жасап жүр. Біреулері ұя салып, енді біреулері балапандарын тамақтандырып жатыр. Ал, сен болсаң ұйықтайсың да отырасың!

Сауысқан үкінің жауабын күтпестен, орман жаңалықтарын жинауға ұша жөнеледі.

Үкі көзін жұмып, тағы да қалғи беріп еді, төбесінде біреудің ұшып жүргенін естіді.

Сөйтсе бір шымышық еменнен мамық жүнді ұясына қарай тасып жүр екен.

Маңайда құстар қиқулап, шегірткелер шырылдап, шіркейлер ызыңдайды. Үкі өз-өзінен қатты ұялды. Келесі күні ұя жасауды қолға аламын деп ойлады.

Кеш жақындап, түнге қарай суық түсті. Дірдектеген үкі шымшықтың жылы ұясын ойлап кетті. Түнімен тоңған ол күннің шығуын тағатсыз күтті.

Біраз уақыт өткен соң таң атып, күн де көрінде. Күн шуағына жылынған үкі маужырап, тәтті ұйқыға берілді.



1. Тоқылдақ пен үкі қайда кездесті?
2. Тоқылдақ неге ұшып кетті?
3. Үкі өз-өзінен неге ұялды?



АДАЛДЫҚ

Ерте заманда, жер жаһанды су алып, мұз басып жатқан кезде итбалықтар мыңдап өсіп, дүниежүзіне таралыпты. Осы бір кезеңде, қазіргі Каспий теңізі маңында итбалықтардың ортасында Адал атты ұл дүниеге келіпті. Ол өзінің атына сай таңқалдырып ержетіпті.

Күндердің бір күнінде күн жылынып, мұз еріп, су тартылып, құрлық көтеріле бастаған уақытта, Адалдың туыстары салқын жаққа кетуді ойластыра бастайды. Мұны естіген Адал өзінің туған мекенін, өскен ортасын қимай қатты қиналыпты. Туыстары көшуге жиналғанда, Адал өзінің туған жерінде қалатындығын айтады. Бірақ, «Көшетін күні түнде Адал сүйген қызы Құлалыны алып, су ортасындағы үлкен аралға барып жасырыныпты. Ата-анасы мен туыстары өкініш білдіргенімен, Адал мен Құлалыға жақсылық тілеп, кете барыпты».

Бірін-бірі жақсы көрген Адал мен Құлалы қаншама қиыншылық көргенімен туған жердің ыстығына күйіп, суығына төзіп, сол жерден көптеген достар тауып, өз ұрпақтарын өсіріп, өндіреді. Уақыт өте келе Адал жағалаудағы адамдарды көріп, олардың тіршілігіне қызығушылықпен қарап, олармен тату-тәтті, бейбіт

өмір сүреді. Кейін кейбір адамдардың ойы бұзылып, итбалықтарға зорлық-зомбылық жасап, өз қажеттеріне жарата бастаған уақытта, қартайған Адал өз ұрпақтарына қауіп төне бастағанын сезіп, мейірімді адал адамдардан көмек сұрайды. Ал, мейірімді адамдар Адалдың сөзін жерге тастамай, итбалықтарға қамқор болып, өз тентектеріне тыйым салып, кейбір қаныпезер адамдардан қорғап келген екен.

Өзінің туған жеріне деген адалдығын ұрпақтарына мұра еткен Адал мен Құлалы өмірден өтеді. Ал ұрпақтары аталарының сөзін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, туған жерге деген ата аманатын орындап, Каспий теңізінің аралдарын мәңгі мекендеп қалған екен.

Ал, мейірімді адамдар Адалдың туған жерге деген адалдығын жоғары бағалап, оның ұрпақтарына әлі күнге дейін қамқорлық жасап қорғауға алса, ал Адал мен Құлалы алғаш қашып барып мекендеген сол аралға Адалдың адал жары Құлалының атын берген дейді. Содан бері Каспий теңізіндегі үлкен арал «Құлалы аралы» деп аталады екен.

Міне, балалар, «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақал содан қалған дейді. Қай қиырда жүрсе де әр адамның туған жеріне, өскен ортасына деген сағынышы, өз ата-ана-

сына деген сүйіспеншілігі әрдайым көкірегінде жанып, жүрегінде мәңгі сақталатыны сондықтан.

Марат Сағыналы



1. Адал деген ұл қайда туылыпты?
2. Құрлық көтеріле бастағанда, Адал нені ойлайды?
3. Адал мен Құлалының ұрпақтары қайда өсіп-өнді?
4. «Туған жеріңе туың тік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?



ИНАБАТТЫ ЖАЛШЫ

(Сыныптан тыс оқу)

Бірде бай мен жалшы көрші ауылға бармақшы болыпты. Арада ағысы қатты, арналы өзен бар екен. Олар жиекке жеткенде, бай:

— Сен өт! — деп, жалшыға әмір етеді де, өзі аулақтау барып тұрады. Жалшы байғұс суды сәл жалдайды да, қатты ағыстан жасқанып, кейін шегіне береді. Мұны байқап тұрған бай ақырып:

— Әй, малғұн, неге тезірек өтпейсің?! Ішті пыстырдың ғой түге, — дейді шыдамай.

— Байеке, өткізбейді, — депті табан астынан қулық тапқан жалшы.

— Кім?!

- Су перісі.
- Не дейді ол саған?
- Үлкен адамға жол бермейсің бе, көргенсіз?! Байекем тұрғанда саған жол қайда? Суды лайлайсың. Аулақ! Таза сумен әуелі Байекең өтуге тиіс, – дейді.
- Дұрыс, – дейді ақымақ бай мына дәріптеуге масайрап.
- Біз тұрғанда сендерге жол қайда?! Су перісі кімнің кім екенін біледі, жарықтық, – депті де, суға секіріп түсіпті. Қатты ағыс ақымақты екі аунатып, шым батырып әкетіпті. Қиянатшыл, ақылсыз бай жазасын осылай тартқан екен.

Бергентай Нұрмаханов



1. Жалшы мен бай қайда жетіп барды?
2. Бай кімге не деп әмір етеді?
3. Жалшы не деп қулық жасады?

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Тоқылдақ пен үкі қайда кездесті?
2. Үкі өз-өзінен неге ұялды?
3. Адал мен Құлалы жайлы айтыңдар.
4. Адал мен Құлалының ұрпақтары қайда өсіп-өнді?
5. Аю мен тышқан ертегісіндегі кейіпкерлерге өз пікірлеріңді білдіріңдер.

АРМАН ҚАНАТЫНДА



ӨСЕМ МЕН

Өсемін мен, білдім жаңа,
Сағат сайын, барлық уақыт.
Өсем үстелде отырып та,
Сыныпқа да бара жатып.

Терезеге қарап та өсем,
Кино көрсем де, өсемін мен.
Қараңғыда, жарықта өсем,
Өсем күннің әсерімен,

Тазалықты сақтау үшін
Бір кісідей күресемін.

Үй сыпырып, мен өсемін,
Кітап оқып, мен өсемін,

Өсемін мен боранда да,
Өсемін мен аяз сүйіп.
Осы күні анамнан да,
Бойым менің аздап биік!

(Аударған Т. Молдағалиев.)



1. Сымбатты болып өсу үшін істеу керек?
2. Ал ойынды өсіру үшін не істейсіңдер?
3. Сымбатты әрі ақылды болғысы келген балаға қандай кеңес берер едіңдер?



АБАЙ МЕН ӘБІШ

Наушабай дейтін кісі жол жүріп келе жатып, Абайдың үйіне түсіпті. Жайғасып отырған соң ол:

– Абайжан, өзіңе асыл сөз, алғыр ой тауып айтқан кісі болды ма? – деп сұрапты.

Абай сәл ойланып отырыпты да:

– Менің Әбдірахман деген балам бар еді. Оны тоғыз жасында Семейдегі орыс мектебіне оқуға бердім. Оны бітірген соң, Петербургке жібердім. Қыс оқып, жаз демалысқа үйге келді. Сұрастырып байқасам, оқуы жақсы көрінеді. Баламның алымдылығын сынап білейін деп ойладым да, бір күні жай әңгімелесіп отырып:

– Қалқам Әбіш, осы әлемдегі жаратылыста ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма? – деп сұраған едім. Ол іркілместен:

– Ақ зат асыл ғой, – деді.

– Неге, қара зат асыл емес пе? – дедім мен.

– Қараны қалай асыл дейсіз? – деді ол.

Мен:

– Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді емес пе, – дедім. – Барлық көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкене қарашығы ғана көреді. Қараның асылдығына осы дәлел. Екіншіден, қағаз ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне жазған қара сиядан өнер-білім алады. Үшіншіден, жас шақта адамның сақал-шашы қара болады. Осыған байланысты жас күнде адамда ақыл, білім, қайрат көп болады. Қартайғанда шаш, сақал ағарады. Ал адамда қайрат та азаяды. Сондықтан қараны асыл ма деп ойлаймын, – дедім.

Сонда Әбіш:

– Оның бәрін қалай білдіңіз? – деді.

– Ақылмен білдім, – дедім мен.

– Олай болса, ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе! Екіншіден, ақыл – нұр, жарық зат. О да аққа ұқсамай ма? – деді Әбіш.

Мен баламның тауып айтқан сөзіне риза болып, маңдайынан иіскедім.

(Мұхтар Әуезов.)



1. Наушабай кімнің үйіне түсті?
2. Абай Әбіштің сөзіне неге риза болды?
3. Ақ пен қараны салыстырыңдар.



БАЛАНЫҢ АЙЛАСЫ

Бір ғалым адам жапан далада келе жатып, аяқ астындағы үлкен бір тасқа сүрініп жығылыпты. Бұл тас адамға зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп ойлады. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, ғалымға ұмтылды: «Шағамын», – деді. Ғалым айтты: «Мен сені қараңғы тар жерден, тұтқындықтан жарыққа шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?» Жылан айтты: «Бар». Ғалым айтты: «Олай болса, біреуге жүгінелік, төре саған тисе, шағарсың». Жылан да бұл сөзге тоқтады.

Екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді, түйе айтты: «Жақсылыққа жамандық бар, не үшін десеңіз, мен адамның қанша ауыр жүгін, мүлкін тасып, өзімше қызмет етсем де, адам қай уақытта да шамамнан тысқары жүк ар-

тады, жүре алмасам, ұрып-соғып ренжітеді». Жылан мұны естіп, ғалымның мойнына бір оралды.

Мұнан шығып жеміс ағашына келіп жүгінді. Жеміс ағашы: «Жақсылыққа жамандық бар: не үшін десеңіз, менің жемісіммен қанша адам күн көріп, пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты үзіп, жемісімді жерге түсіріп алып жейді». Жылан ғалымның мойнына тағы бір оралды.

Онан келіп итке жолығады. Ит те айтты: «Жақсылыққа жамандық бар, мен иемнің күні-түні ұйықтамай мүлкін, малын, өзін бағып қызмет қылып едім, ақырында мен қартайып аурулы болған соң, ұрып қуып жіберді».

Ғалым айтты: «Енді тағы біреуге жүгінелік, төре тағы саған тисе, шаға бер». Сонан шығып бір топ балаға келді. Ішінде бір бала ғалымға сәлем берді. Ғалым сәлемін алып, сол балаға істің жайын айтты. Бала естіп болып:

– Әй, ата, бекер сөйлейсің, осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдишаға мойныңа үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді? – дейді. Сонда жылан айтты: «Бұл сөз рас», – деп. Бала: «Тіптен нанбаймын, бұл сөзге көзбен көрмей кісі нанып болмайды», – деді. Сонда жылан баланы нандыру үшін барды да, иіріліп манағы қобдишаға кіріп жатты. Бала

сонда тарс еткізіп сандықты жауып, бекітті де, ғалымның қолына берді: «Апарып алған орныңызға қойыңыз», – деді.

(Ыбырай Алтынсарин.)



1. Кім тасқа сүрініп жығылыпты?
2. Ғалым деген кім?
3. Ғалым қалай ойлады?
4. Ғалым мен жылан кімге жолықты?
5. Олар кімге жүгінбек болды?



МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балалар,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,

Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!..

(Мағжан Жұмабаев.)



1. Ақын жастарды қалай бейнелейді? Олардың күш-қайратын қандай теңеулермен сипаттайды?
2. Ақынның ой-мақсатын түсіндіңдер ме?
3. Ақын жастарға неліктен сеніп тұр?
4. Өлеңнің мән-мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп алыңдар.



КӨНЕ ЖҰРТ

Не бары отыз шақты үйлі ауылдың күн шығысында қырмандай айтақыр бар. Әжемнің айтуынша, бұл ара біздің көне жұртымыз екен. Ересек балалар небір қорқынышты әңгімелер айтады. Кейде күн маған біздің сол Көне жұртымыздан көтеріліп келе жатқандай болып көрінеді. Күннің жасырынып жатар ұясы секілді. Әжемнен:

– Күн Көне жұрттан шыға ма? – деп сұраймын.

– Құлыным-ау, солай ғой! Қара шаңырақтың тау тірлігі де жер дүниені жылытар күн сияқты, киелі Көне жұрттан басталады. Соны білгеніңнен айналдым, – дейді ол.

Осыны айтқанда ойына әлдене оралғандай, үнсіз қалады. Одан әрі әжемді мазаламаймын. Шынында, күннің ұясы осы Көне жұртта шығар. Бұл – әжем айтқан әлгіндей әңгімеден кейін көңіліме ұялаған шындық.

Кейде әжем:

– Сарыжан-ау, – дейді көкеме. Мен ес білгелі әжем көкемді Сағынай деп атымен атаған емес. – Жолыңның үстінде емес пе? Кіндік қаның тамған жер ғой, Көне жұртқа соға жүр.

Бір түрлі мейіріммен айтады. Өншейінде сәл нәрсеге қикая қалатын көкем әжемнің айтқанын үн-түнсіз тыңдайды. Сонан соң:

– Жарайды, апа. Жұмыстан қолым тимей жүр. Қол тисе, соғып кетемін, – дейді.

Көкемнің жылы сөзі – әжеме үлкен қуат. Немерелерін ілестіріп күн ұзақ қыдырады.

Төргі бөлме төрінде пилоткасын оң шекесіне қисайта киген жас жауынгердің суреті ілулі тұрады. Өте көне. Жоғарыға ілінген соң ба, жақын келіп үңілмесең, түстей алмайсың. Мен мұны көкемнің әскерде жүргенде түскен суреті деп ойлайтынмын.

Жеңіс мерекесі қарсаңындағы тосын оқиға болмағанда, сурет құпия күйінде қала бе-

рер ме еді. Күндегідей әжемді іздеп төргі бөлмеге кірсем, суретті қолына алып, мейіз бен тәттілерді салып кілттеп қоятын сандығын ашып тастап, жылап отыр. Қолындағы суретке қайта-қайта үңіледі.

— Әже! — еркелеп барып мойнынан құшақтай алдым. Осы кезге дейін жер бетіндегі ең мықты кісі санап келген әжемнің жылағанын алғаш көруім. — Әже! Неге жылап отырсың?

— Жо-ғә, құлыным, сендей немересі бар адам жылаушы ма еді? Жәй, мына суретке үңіліп едім, Сабыржан көкең есіме түсіп.

«Сабыржан көкең» деген сөзді қосып айтқанына түсінбей аң-таңмын.

— Сонда ол қайда?

— Сарыжаннан екі жас үлкен еді, соғысқа кеткеннен оралмады, — деп, әжем жасын жаулығының ұшымен сүртті.

Сандық ішінен қағазға ораулы жауынгердің бас киімін алды. Қалай білмей жүргенмін.

— Мынау — Сабыржанның иткөйлегі, мынау —соғыста жүргенде киген бас киімі. Бригадир бала екеуі бір жерде болыпты. Жараланып, елге қайтқан сол бала ала келген. Бүгін тентегім есіме түсіп, осы кезге дейін сақтап, көңіліме демеу етіп жүрген дүниелерді көріп, шерімді тарқатқым келіп еді. Асқаржан, сұм соғыста Сабыржан көкең мерт болған. Ол ауыл сыртындағы Көне жұртта туған. Бұрын

ол жерде төрт-бес ескі үй болатын. Тозды ма, шөге бастапты.

Көзіне үйірілген тамшы жасты көрсетпейін дегендей, әжем теріс айналды. Құшақтай алдым. Етегіне басымды қойып, еңкілдеп жылап жібердім.

Ал көне жұрт қазір маған баяғыдай қорқынышты емес, бір түрлі ыстық көрінеді.

(Бақыт Досымов.)



1. Көне жұрт қайда орналасқан?
2. Тату тірлік қайдан басталады?
3. Кіндік қан тамған жерді қалай түсінесің?
4. Жас жауынгердің суреті қайда тұр?
5. Әже неге жылады?
6. Туған жер дегеніміз не?



Сөздік

Айтақыр – жаңбыр жауғанда су іркіліп қалатын тақыршақ.

Иткөйлек – жаңа туған балаға алғаш кигізетін, тігісі сыртқа қараған көйлек.



ӨТІРІКТІҢ ЗАЛАЛЫ

Үш кісі жалаңға шығып, күн бойы құс аулап, жалғыз-ақ шүрегей үйрек атып алыпты. Кешке бір жерге келіп отырып сөйлеседі: «Бұл үйректі үшеуміз жеп тоймаймыз, біреуімізге

жөні болмайды» деп. Ішінде біреуі қу жігіт екен, бұл айтты:

– Оған ақыл табылады. Үйректі пісіріп жауып қоялық та, үшеуміз де жатып ұйықталық, қайсымыз жақсырақ түс көрсек, үйректі сол жесін, – деді.

Осыған сөз қойысып, үйректі пісіріп жауып, өздері жатып ұйықтағанда, манағы қу тұрды да, үйректі жеп алып, табағының үстін әуелгіше жауып қойды. Ертең жолдастарымен бірдей тұрып қу сұрады:

– Не түс көрдіңіздер? – деп.

Біреуі айтты:

– Мен ақбоз атқа мініп, алтын тәж киіп, көкте ұшып жүр екенмін.

Екіншісі айтты:

– Мен ұшпаққа кіріп, хор қыздары маған қызмет етіп жүр екен.

Сонда қу айтты:

– Екеуіңдікі де рас, мен түсімде сендерге қарап тұр едім, бірің патша болып көкке ұшып кеткен соң, енді бірің ұшпаққа кіріп кеткен соң, бір шүрегей үйрекке бола қайтып келіп жатыр деймісің деп, үйректі мен жеп қойдым, – деді.

(Ыбырай Алтынсарин.)



Әңгімені мәнерлеп оқыңдар.



ҚАНАТ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Бір балапан құлады
Ұясынан домалап.
Ата-анасы жылады
Шырыл қағып. Обал-ақ!

Бір қанаты сыныпты,
Дәрі жақтым, орадым.
Күш жинады, шынықты
Жалғыз қанат қонағым.

Қос қанатың болғанда
Табар өмір жарасым.
Біреуінсіз ор-жарда
Бір мүгедек боласың.

Ауырсынып қанатын,
Жүгіреді сенделе.
Бар екен-ау қағатын
Екі қанат менде де.

Оң қанатым – әкем де,
Сол қанатым – анашым.
Бірі түссе қатерге,
Мәңгі ұша алмай қаласың.

Қарап тұрып шекені
Шымшылады сан күдік.

Қанатымның екеуі Сау болса екен мәңгілік.

(Фариза Оңғарсынова.)



1. Балапан не істеді?
2. Оның ата-анасы қайтті?
3. Ақын ата-ананы неге теңеп отыр?
4. Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп бер.



ТАЗА БОЛЫҢДАР

(Сыныптан тыс оқу)

Ішкен тамақтарымызбен бірге асқазан, ішектерімізге микроб түсуі де мүмкін. Олай болса, тамақ дайындағанда, оны ішкенде тазалық сақтаудың маңызы өте зор.

Тамақ ішер алдында қол жууды ұмытпаңдар, оны әдетке айналдырыңдар.

Шыбын, тарақан, тышқан сияқты жәндіктер де өте қауіпті. Шыбын ұшып жүріп, кез келген жерге қонады. Шыбын – қоқыс салынған, тамақтың қалдығы жиналған жәшіктер мен қораптардың, мал қораларының маңайында быжынап жүреді. Шыбын қонған жерлерінен қанатына, бауырына лас микробтарды жұққызады да, екінші бір жерге қонғанда, микробтарды сонда тастап, жүрген жерлерін ластап, ауру ұшқынын шашатын зиянды

жәндік. Сол сияқты тарақан, тышқандар да шаң-тозаң, лас жиналған жерлерде болады. Олар да аяқтарына жабысқан микробтармен тамақты бүлдіреді.

Сондықтан үйде шыбын, тарақан, тышқан, түрлі ұсақ жәндіктердің болмауы үшін күрес жүргізіндер. Үсті-бастарыңды таза ұстап, беті-қолдарыңды уақтылы жуып, үнемі қол орамалды ұстап жүруді әдетке айналдырыңдар. Тамақ ішкен ыдыс-аяқтарды дереу жуып қою керек.

(«Қазақстан әйелдері» журналынан.)



1. Ішекке не түсуі мүмкін?
2. Тамақ ішер алдында не істеу керек?
3. Жәндіктің бәрі қауіпті ме?

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Сымбатты болып өсі үшін не істеу керек?
2. Абай Әбіштің сөзіне неге риза болды?
3. Ғалым мен жылан кімге жолықты?
4. «Мен жастарға сенемін» өлеңінде ақын жастардың күш-қайратын қандай теңеулермен сипаттайды?
5. «Көне жұрт» әңгімесінің мазмұнын айтыңдар.
6. Ана туралы хикаяда ақын ата-ананы неге теңеп отыр?
7. Тамақ ішер алдын не істеу керек?

XIII бөлім. ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ



ТЕЛЕФОНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

- Алло, Әкім,
Сыныптасың – Рөзімін.
- Рөзі болсаң,
Мен Әкімнің өзімін.
- Футбол қалай,
«Демалдың ба?» деп тұрмын.
- Жо-жоқ, Рөзі,
Үйге енді кеп тұрмын.
- Алло, Әкім,
Есептер бұл не болды?
«Шығардың ба?» деп тұрмын.
- Бағаналы

Соның қамын жеп тұрмын.
– Уайымдама,
Айтты Низам, Бек құрбым,
Асанәлі
Есептерді шешіпті,
Басқаға айтпай, тек тұрғын!..

Тұрсынбай Адашбаев



1. Әкім мен Рәзі не туралы сөйлесті?
2. Өлеңді рөлге бөліп оқыңдар.



ТЫРНА МЕН ҚҰРБАҚАНЫҢ ДОСТЫҒЫ

(Әзірбайжан ертегісі)

Бірде тырна батпақтан су ішіп тұрады. Бір уақытта батпақтан құбақа шығып оған:

– Бауырым тырна, біз бауырлассақ қайтеді,
– дейді.

– Құрбақа-ау, бұдан ештеңе шықпас, –
дейді тырна.

– Неге? – деп сұрайды таңғалған құрбақа.

– Себебі сен судың астында өмір сүресің,
мен бұлттың үстінде өмір сүремін. Мен сенің
үйіңе бара алмаймын ғой, суға тұншығам.

Сен менің үйіме келе алмайсың, қанатың
жоқ, – дейді тырна.



— Ой, сол да сөз болып па, сен осы батпақтың басына келгенде, кездесіп тұрсақ болды емес пе?

Тырна құрбақамен келіседі. Сөйтіп екеуі дос болыпты. Тырна батпақтың басына келген сайын, екеуі кездесіп, сөйлесіп тұрыпты. Сондай бір кездесуде:

— Бауырым тырна, сен көк аспанда қалықтап жүресің. Әр нәрсені көресің, әр жерлерге барасың, ал мен болсам, осы батпақтан басқа ешқайда барған жоқпын, ештеңе көрген емеспін. Мені сен өзіңмен

бірге алып ұшып, екеуміз саяхат жасасақ қайтеді, - дейді құрбақа.

— Сен менімен қалай саяхатқа шықпақсың? Сенің қанатың жоқ қой! — деп таңғалады тырна.

— Қанатым жоқ болса қайтер дейсің? Сен мені қанатыңның үстіне отырғызасың. Мен қанатыңнан қатты ұстаймын. Сөйтіп аспанға көтерілеміз, - дейді құрбақа.

Тырна құрбақаның бұл ойының қисынсыз екенін қанша түсіндірсе де, ол түсінбей қояды. Тырна амалсыз құрбақаның айтқанына көнді. Сөйтіп ол құрбақаны қанатының үстіне отырғызып, көкке көтеріледі. Әрине, құрбақа тырнаның қанатына жармаса алмайды. Су-сып жерге құлап түседі. Жерге емес, өзінің батпағына қайта құлайды. Өлмейді, тек жарақат алады.

Алаңдаған тырна құрбақаның қасына келіп:

— Екеуміздің достығымыздан ештеңе шықпайды деп айтып ем ғой. Әркім өзінің теңімен дос болуы керек. Әйтпесе одан жақсылық күтуге болмайды, — дейді.

— Аударған Бибісара Қайымова



1. Құрбақа тырнаға нені ұсынды?
2. Тырна не деп жауап берді?
3. Ертегінің мазмұнын айтыңдар.



СЫНЫҚҚА СЫЛТАУ ІЗДЕГІШТЕР АУРУХАНАСЫ

Аурухана ішінде
 Кәрі де бар, кішің де.
 Айтып жатыр сылтауын
 Қиналған бір пішінде:
 Ыңқ-ыңқ етіп қасқыр тұр
 «Шыбын шағып алды!» деп;
 Аю «Тиін басыма
 Жаңғақпен сап қалды!» деп;
 Піл жылап тұр: «Дәрігер,
 Жын тиген бе өзіне?
 Аяқтарын шымалдар
 Тығып алды көзіме!»
 Тышқан Ешкі құлағын
 Созып, мұнда жетіпті.
 Қасқыр басып аяғын,
 Итті майып етіпті.
 Емделуге бір Өгіз
 Келсе-дағы үш тоқтап,
 Төбелепті Шегіртке
 Бейбастығы ұстап қап.
 Қолтырауын әл құрып,
 Бармай қалды жұмысқа.
 Қыршып апты аяған
 Жыртқыштау бір құмырсқа.
 Бұлбұлдары шырқаулы
 Арыстан да сырқаулы.

Еңбек етер тек есек
Таба алмай сылтауды.

Анвар Обиджон



1. Аурухана ішінде қандай жануарлар бар екен?
2. Олар қандай сылтаулар айтты?



БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ?

Түрік халқының ертегісі

Ертеде бір бозбала болыпты. Ол өзінің кедейлігін айтып үнемі мұңаяды екен.

— О-ой, шіркін-ай, егер менің мол байлығым болса, өмірім де жақсы болар еді. Онда бақытты болып, қызық дәурен сүрер едім! — деп армандайды екен.

Күндердің бір күнінде оның үйінің жанынан өтіп бара жатқан тас қалаушы бір шебер бозбаланың сөзін есітіп қалады. Қасына барып:

— Сен неге соншама қайғыра бересің? Сенің мол байлығың бар ғой, мұңая берме, — дейді.

— Менің байлығым бар дейсіз бе? — деп бозбала таңғалады. — Қайда ол байлық? Қандай байлықты айтып тұрсыз өзіңіз? — дейді.

— Сенің баға жетпес байлығың айналаңды анық көретін мына көздерің, — дейді қария. —

Бір көзіңді қанша ақшаға сатар едің? Немесе ақысына басқа не сұрайсың? – дейді шебер.

– Не айтып тұрсыз? –деп бозбала шошып кетеді. –Мен көзімді ешқандай ақшаға да, басқа қымбат дүниеге де бермеймін.

– Жарайды, – дейді тас қалаушы. –Онда қолдарыңды кесіп сат. Ақысына көп алтын аласың.

– Жо-о-оқ! Мен қолдарымда да ешқандай алтынға бермеймін, - дейді бозбала безілдеп.

– Е, балам менің ойымды енді өзің де түсінген шығарсың, - дейді тас қалаушы шебер қария. – Сен өте бай, нағыз бақытты адамсың. Қайғыра берме. Көпті көрген мен сияқты қарттың сөзіне сен. Адамның ең зор байлығы – дененің саулығы. Денсаулығының арқасындағы күші, қайраты. Денсаулықты ешқандай ақшаға сатып ала алмайсың. Дені сау адам – ең бақытты адам! – деп, қария бара жатқан жолымен әрі қарай жүріп кетіпті...

Аударған Түгел Мәденұлы.



1. Бозбала кедейлігін айтып неге мұңаяды екен?
2. Тас қалаушы шебер баладан не сұрады?
3. Ертегінің мазмұнын айтыңдар.



САУЫСҚАН

Әшекей іздеп сабылдым,
Қайтейін, оған тоймаймын.

Алқындысын да сабынның
Көре қалсам қоймаймын.

МЫСЫҚ

Болсақ та тегі арыстан,
Оңтайын күткен батырмыз.
Бірімен – бірі жарысқан
Тышқанды аңдып жатырмыз.

БІЛГІР БАЛА

Басқышты Нарбай көрді де:
– Баспалдақтарды көр, міне.
Не еткен ұзын саты! – деді.
– Саты деген немене?
– Басқыштың аты, – деді.

Бахром Акбаров



1. Сауысқан не істеді?
2. Мысық нені аңдиды?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Телефонда кімдер сөйлесті?
2. Тырна батпақта су ішіп тұрып неге жолықты?
3. Тырна мен құрбақа неге дос бола алмайды екен?
4. Бақыт деген не?
5. Сауысқан, мысық туралы білгендеріңді айтыңдар.

XIV бөлім. КӨКТЕМ



КӨКТЕМ СӘНІ

(Ел аузынан)

Таң атты. Барлық жан-жануарлар ұйқыдан оянды. Қартайғандікі ме, аң патшасы Арыстан кешеуілдеп тұрды. Керілді, созылды. Айналаға көз салды. Дала жайнап тұр екен. Көңілденіп сала берді.

— Жар салдыр, — деді ол Жолбарысқа. — Аң біткен жиналсын.

Арыстан үйшігінің жанына аң біткен топырлап, толып кетті.

– Бәріңе бір сұрақ беремін, – деді Арыстан жиналғандарға жағалай қарап алып. – Көктем сәні не?

- Гүл, тақсыр, – деді Қасқыр.
- Жасыл желек, – деді Ақбөкен.
- Хош иіс, – деді Ит.
- Мөлдір су, – деді Қоян.
- Жылылық, – деді Арқар.
- Нөсер, – деді Түлкі.
- Салқын самал, – деді Бұғы.
- Шалқыған көңіл, – деді Аю.
- Шаттық, – деді Елік.
- Күлкі, – деді Борсық.
- Жігер, – деді Қодас.

Аңдар «Айтып біттік» дегендей іркіліп қалды. Арыстан оқты көзін Бұлғынға қадады:

– Сен неге үндемейсің?

Бұлғын Арыстанның алдына кеп:

– Тақсыр, мен айтатын ештеңе қалған жоқ. Меніңше, көктем сәні – осы айтылғандардың бәрі. Солардың бәрін қоссақ, көктемнің сәні шығады.

Бұлғынның сөзіне бәрі қол соғып, риза болды. Аңдар көңілді тарасты.



Жоспар:

1. Аң патшасы – Арыстан.
2. Жар салған Жолбарыс.
- 3.

- 4.
- 5.

Жоспарды өздерің жалғастырыңдар.

*Гүл, жасыл, желек, мөлдір су, жылылық,
нөсер, ашық аспан, салқын самал, еңбек,
шалқыған көңіл, шаттық күлкі, жігер деген
сөздерді дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.*



НАУРЫЗ

1. Наурыз – жыл басы:
– Қыс пен көктем қауышады.



- Суық пен шуақ ауысады.
- Қатып жатқан тоң жібиді.
- Тоңып қалған өң жылиды.
- Көктен күннің нұры төгіледі.
- Жерде мұздың көбесі сөгіледі.

2. Наурыз – теңдік күні:

- Күн мен түн теңеледі.
- Ұл мен құл теңеледі.
- Қыз бен күң теңеледі.
- Ұлық пен кішік жанасады.
- Хан қарашаның халін ұғады.
- Қараша ханның төріне шығады.

3. Наурыз – пәктіктің күні:

- Реніштер ескерілмейді.
- Жәбірлеуге дес берілмейді.
- Әділдік салтанат құрады.
- Әкімдік тасада тұрады.
- Қарттардың көңілі кеңейеді.
- Жастардың күлкісі көбейеді.

4. Наурыз – тазалық күні:

- Киімнің кірі арылады.
- Бұйымның шаңы қағылады.
- Қоралардың қақпасы ашылады.
- Көң-қоқыс атызға тасылады.
- Ауыл үйлер тазартылады.
- Айнала жаңартылады.

5. Наурыз – еңбек күні:

- Бұлақ біткеннің көзі ашылады.
- Ұста біткеннің көрігі басылады.
- Айналаға тал егіледі.
- Айдалаға нәр себіледі.
- Арық-тұрық өріске шығарылады.
- Соқа-сайман егіске шығарылады.
- Жаңа көштің көлігі байланады.
- Жаңа төлдің көгені сайланады.

6. Наурыз – тоқшылық күні:

- Өбдіренің аузы ашылады.
- Сүрі асылады.
- Қазан оттан түспейді.
- Өр үй наурыз көже істейді.
- Уыз қатырылады.
- Сорпа сапырылады.
- «Сен іш, мен іш» болады.

7. Наурыз – тілек күні:

- Көк тәңірі, нұрыңды аяма!
- Жер тәңірі, ырысыңды аяма!
- Көк көп болсын!
- Шөп көп болсын!
- Елді ырыстан арылтпа!
- Жердің жемісін тарылтпа!
- Әділ ханды тағынан тайдырма!
- Өз халықты бағынан айырма!
- Досқа амандық бер!

- Қасқа жамандық бер!
- Пәлекет қашық жүрсін!
- Берекет тасып жүрсін!
- Басыма бас қос!
- Жасыма жас қос!
- Асыма ас қос!

А. Байтөлиев



1. Наурыз неліктен жыл басы, теңдік күні, пәктік күні, тазалық күні, еңбек күні болып саналады?
2. Наурызда не теңеледі?
3. Наурызда қандай тамақтар дайындалады?
4. Наурызда айтылатын тілектерден айтып бер.
5. Наурыздың жыл басы екенін түсіндір.



Сөздік

Наурыз – парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны аңғартады.



ТӨРТ МЕЗГІЛ

Атақты Жыл ақсақалдың екі ұлы, екі қызы болыпты. ♦ Төртеуінің мінезі төрт түрлі екен. Үлкені Қыс тентек, ашулы, қатал болып өсіпті. Одан кішісі Көктемгүл көңілді, ақжарқын әрі көрікті екен. Дегенмен өкпелегіш болса керек. Ал көңілденген кезінде айналаны әсем әнге бөлейді екен. Одан кейінгі Жазгүлдің жайдарылығымен аты шығыпты. Оны жұрттың

бәрі жақсы көріпті. Бұл да әншіліктен алдына жан салмапты.

Кенжесі Күз ерке болып өскендігі ме, мінезі сылбыр, көңілшек көрінеді. Құйттай нәрсеге өкпелеп, көзінен бырт-бырт жас шыға келеді екен. Бір жақсысы, қолы ашық, жомарт болыпты.

Жыл ақсақал төртеуін де өте жақсы көріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, бағып-қағып, еркін өсіріпті. Перзенттері де оны қатты құрметтеп, сыйлайды екен.

Ұлдары мен қыздары кәмелетке толып, буындары бекіген соң, Жыл ақсақал оларды алдына шақырыпты.

— Балаларым! Ақылдарың толысты, буындарың бекіді. Оң мен солды таныдыңдар. Енді мен сендерге үлкен сенім артып, зор міндет жүктегелі отырмын. Қалай көресіңдер? — деп, ол ұлдары мен қыздарына сынай қарапты.

— Мен дайынмын! — дейді Қыс қатулы қабағын түйген күйі.

— Мен де! — Көктемгүл сыңғырлай тіл қатады.

Оған Жазгүл жайдары үн қосады. Күз де теріс кетпейді.

Жыл ақсақал ұлдары мен қыздарына сүйсіне қарап, біраз отырады да:

– Ендеше біліп қойыңдар, біздің арғы атамыз – Уақыт. Одан – Ғасыр, Ғасырдан мен туғанмын. Менің қол астымда он екі ай бар. Мен сендерге сол он екі айды үш-үштен теңдей бөліп, енші бергім келіп отыр, – дейді Жыл ақсақал сақалын салалаған күйі.

– Алақай! – Көктемгүл мен Жазгүл шаттана айғай салады.

Қыс пен Күзге де әке шешімі ұнайды.

– Ендеше былай. Мына әр қағазда ай аттары жазылған. Әрқайсысың үш-үштен алатын болыңдар, – деп ораулы он екі қағазды шашып жіберіпті.

Ұлдары мен қыздары шашылған қағаздарды таласа-тармаса алады.

– Желтоқсан, қаңтар, ақпан, – дейді Қыс.

– Наурыз, көкек, мамыр, – Көктемгүл де іле үн қатады.

– Маусым, шілде, тамыз, – деген Жазгүлдің жауабынан кейін:

– Қыркүйек, қазан, қараша, – деп Күз де өз үлесін дауыстап айтып шығады.

Жыл ақсақал балаларының дабыр-дүбірі басылған соң:

– Сонымен сендер үш ай кезекпен жұмыс істейтін боласыңдар. Тек бір ескертерім сол: сендердің еңбектерің елдің игілігі үшін қызмет ететін болсын. Соны ұмытпаңдар, – деп балаларына ақ батасын береді.

Содан бері жылдың төрт мезгілі — қыс, көктем, жаз, күз — адамдарға қалтқысыз еңбек етіп келеді екен.

(Б. Әділов.)



1. Төрт мезгілді атаңдар.
2. Жыл ақсақалдың неше перзенті болыпты?
3. Жыл ақсақалдың перзенттерінің мінездерін айтыңдар.



КӨКТЕМ

Кешіктің ғой сен мүлде,
Көктем, көктем,
келдің бе?!



Көрік қосып көрікке,
Нәр бердің бе өрікке?
Сұлу көктем, алға бас,
Гүлін жарсын алма ағаш!

Бау-бақшалар көктесін,
Биыл жеміс көп болсын!
Биыл жақсы жыл десін,
Бар өсімдік гүлдесін!
Болсын сондай таң нұрлы,
Болсын бұл жыл жаңбырлы!

Құстар мәз боп сайрасын,
Жалпақ әлем жайнасын!
Көктем, көктем, келдің бе?
Жау, жаңбыр боп егінге!

(Мәлике Байсариева.)



1. Көктем тек өрікке ғана нәр бере ме?
2. Көктемде бау-бақшалар қандай түске енеді?



БОСТАНДЫҚТЫҢ ГҮЛДЕРІ

(Сыныптан тыс оқу)

Әлібек студент ағасы Жарасқа еріп, тауға шыққанына қуанды.

Шымқай жасыл түсті шыршалар,
қарағайлардан төмен шоқ-шоқ ағаштар, бау-
лар. Күншығыста айылдай шұбатылған жол-
дар, бірімен-бірі тұтасқан үйлер.

Ал төменде астана жатыр көсіліп. Таңертеңгі күннің ақ сәулесіне малынып, балбыраған.

— Әлібек, бері кел. Мына жерде жуа бар екен, — деген ағасына еріне қарады да:

— Қызғалдақ көп деп едіңіз ғой, қайда? — деп сұрады.

— Сәл кешігіппіз. Оншақты күн бұрынырақ келгенде қызғалдаққа да, жауқазынға да қарқ болар ең.

Әлібек үндемей қалды.

— Гүл керек болса, эне. Сонау етекке қарашы. Әлібек құлдыраңдап, құлдилай жөнелді. Шайқалып тұрған сұңғақ көк гүлдердің атын білмеді. Түп жағындағы жапырақтары пияздың гүліне ұқсайды. Күлтелерін санады. Әр қауызда да алтаудан екен. Сол күлтенің дәл ортасында жұп-жұқа, нәп-нәзік үш күлте тұр. Басы көк те, түбіне қарай сұйылып, бозарып кетеді. Сыртынан қоршаған алты күлтенің түсі басқаша. Бұлардың да басы көк болғанымен, бел ортадан төмен түбіне дейін жұқалаң қоңыр сызықтармен нақышталған. Біреу әдемілеп әдейі сызған секілді.

Әлібек гүлдердің бірін үзуге оқтала беріп, қолын тартып алды.

Ағасының: «Ағылып келіп жатқан жұрт гүлді қоя ма?» — деген сөзі тоқтатқан. Мұнда келгендердің бәрі жұла берсе, Бостандықта гүл қала ма?

Кенет сәбидің даусы естілгендей болды. Жалт қарады. Жарас ағасы жуа теріп жүр, ал... Ақ нұрға малынған қала Көктөбенің көк гүлдерін аңсап, Әлібекті күтіп жатқан секілді.

«Үшеуін ғана үзіп алам. Қалғанына тиіспеймін», – деп ойлады Әлібек. Сөйтті.

Сосын ағасына қарай өрледі. Міне, қызық, тағы да бір ерекше көк гүлдер. Тұрысы өзгеше, тосын. Қолындағы үзіп алған гүлдері тікесінен мойнын созып тұр еді, мыналар: «Бізді нәзік деп, кішкентай деп алмай кеткенің бе? Біздің де қаланы көргіміз келеді», – деп өтініш білдірген сияқтанады. Бастарын иіп мұңайып тұрғаны содан шығар.

Әлібек кішкентай гүлдерді ақырын сипады. Қылдай нәзік сабақтары қауыздарын қалай көтеріп тұрғаны таңданарлық. Бойлары да қораш. Қолындағы сұңғақ гүлдердің жартысындай ғана. Күлтелерінің түсі де бөлек. Ашық қоңырға жұқалтым көкті қосып, болар-болмас қызыл араластырған сияқты.

«Жарайды, сендерді де апарайын. Бәріңді емес, үшеуіңді ғана», – деді Әлібек іштей.

Келесі күні балабақшадан оралған Әлібектің көңілі пәсейіп қалды. Кішкентай гүлдердің күлтелері бүрісіп, қауыздарына кіріп кеткен. Бастары жиырылып қалған. Бір жақсысы, әлі де тірі секілді.

– Мына кішкентай гүлдерді бөлек қоймаса, солып қалады, – деп Әлібек кітап оқып отырған Жарастың жеңінен тартты.

Жарас таңырқап қалды.

– Неге?.. Мынаны қара. Шынымен-ақ бүрісе бастаған.

– Анау дәу гүлдерден қорқып, су іше алмай тұр.

Жарас күлді:

– Қо-ой, дәу гүлің қанша ішер дейсің. Тыптыныш қой. Кішкентай гүлдер қанғанша іше бермей ме?

– Ішпейді, қорқады аналардан.

– Жарайды, – деді ағасы. – Олай болса, кішкентай гүлдер түнде ішер.

– Бәрібір қорқады, – деп Әлібек айтқанынан қайтпады.

– Түнде ішсе, аналар оянып кетеді.

– Енді маған неғыл дейсің?

– Мыналарды кішкентай вазаға бөліп сал. Мен сындырып алам, мамам ұрсады.

– Бопты, жарайды, – деп Жарас інісінің айтқанын істеді.

Әлібек ертеңіне тағы да балабақшадан келген соң гүлдерге қарады. Үлкен вазадағы сұңғақ гүлдер сол қалпы – тіктік, мойындарын созып тұр. Ал кішкене вазадағылар әлі көңілсіз. «Ім-м, – деді Әлібек іштей, – күн түспейтін бөлмеде жа-

урап қалған шығар? Ұйықтайтын бөлмеге апарып қояйын».

Әлібек ваза ішінде ұйлығып, бойын жаза алмай тұрған жабырқау гүлдерді ақырын-ақырын үрледі. «Енді күнге жылынасыңдар. Тезірек өсіңдерші өздерің», – дегісі келді.

(Бекен Ыбырайымов.)



1. Әлібек қайда шықты?
2. Ол ағасынан не сұрады?
3. Гүлді ұзу айып па?
4. Әлібек кішкентай гүлдерге қалай қарады?



АЙХАЙ, КӨКТЕМ!

Тентек жаңбыр терезені
Бытырамен атып тұр.



Кенеледі
Жер өзегі,
Рахатқа батып қыр.
Үдеріп көк,
Түнеріп кеп,
Аласұрып атқандай,
Алабұртқан, күреңіткен,
Аласапыран шақтардай.

Күркіретіп,
Дүркіретіп,
Мына келген көктем бе?!
Сіркіретіп, бүркіп өтіп,
Өтір шашып кеткен бе!
Алаңым да,
Адамым да
Жадырады-ау шалқып бір!
Қырдан ескен самалында
От иісі аңқып тұр.
Тентек жаңбыр тереземді
Бытырамен атып тұр.
Қандырайын кенеземді.
Айхай, көктем!
Тұра тұр!

(Мұқағали Мақатаев.)



1. Жаңбырдың тамшыларын ақын қай сөздермен бейнелеп тұр?
2. Табиғатта не күркірейді, не дүркірейді, не сіркірейді?

3. Көктем айларына қай айлар жатады?
4. Көктем жылдың нешінші мезгілі?
5. Өлеңді жаттап алыңдар.



Сөздік

Бытыра – жаңбыр тамшысы деген мағынада.

Алабұрту – толқу, мазасыздану.

Аласапыран – көктемде қар еріп, көксоқта болып жатқан кез.

Кенезе – шөлдеу, шөліркеу.

ӘЖЕ



Әжем менің әлі де
Ұқсамайды кәріге.
Шай қайнатып береді
Қажет болса бәріне.

Базарға өзі барады,
Бәрін сатып алады.
Суды Сырым әкелсе,
Жүсіп отын жарады.

Жұмсайды әжем мені де
Тауыққа жем беруге.
Ауырады кей кезде
Аяғы да, белі де.
Біз дәрісін табамыз,
Қамқорлыққа аламыз.
Әжемізді өзіміз
Демде емдеп аламыз.

(Нүсіпбек Исахметов.)



1. Әженің кескін-кейпі қандай?
2. Ол не істейді?
3. Су әкеліп, отын жаратын балалардың аттары кім?
4. Әже мен ананың айырмашылығы неде?



ТҮН ҰЙҚЫСЫН ТӨРТ БӨЛГЕНДЕР

(Сыныптан тыс оқу)

Ақылды және зейінді перзент өз әкесінің басқа адамдарға қарағанда өзі үшін мейірбан, рақымды екенін дереу байқап алады.

Ата-ана өз перзенттерінің басқа перзенттер сияқты бақытты болуын тілейді. Тіршілікте қиындық пен ауыртпалық көрмеуін қалайды. Соған жауап ретінде балалар да ата-анаға мейірімді болуға тиіс. Оларды қадірлеп, айтқан насихаттарына жүгінуге тиіс. Ата-ана алыста болса да, әлгі айтқан өсиеттерін балалары ұмытпауы керек.

Ей, балам, егер адам қолындағы түкке тұрмас бір жүкті бір сағаттай көтеріп тұрса, оның, әрине, қиналғанын сезуге болады. Ал енді көз алдыңа мына нәрсені әкел: егер сол жүкті тоғыз сағат көтеріп тұрса, онда не болар еді? Ал тоғыз күн көтеріп жүрсе ше? Содан-ақ өзің қорытынды шығара бер, сені анаң тоғыз сағат емес, тоғыз ай құрсағында көтеріп жүрді. Содан соң сені әлпештеп, жиырма бір ай емізді.

Ақылды, зейінді бала ананың құрметін өз орнына қояды. Қолынан қандай жақсы іс келсе, анасы үшін оны атқарады. Ананың ризалығын алу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады. Ешқашан да ананың ашуын шығармайды, ананың күші жетпейтін нәрселерді талап етпейді. Ондай перзенттерді ата-ана тұрмақ, көрші-қоландар да жек көреді.

Сен отырған кезде ата-анаң кіріп келсе, онда дереу орныңнан тұрып, жарқын жүзбен

қарсы ал, сәлем бер. Ал сәлем – адамның әдептілігін байқататын өлшем.

Ата-анаң қартайғанда, оларға жан-жақты көмек бер, айтқанын істе. Өйткені, күні келіп, сен де қартаясың, сен ата-анаңа қандай мәміледе болсаң, перзенттерің де саған дәл сондай мәміле жасайды.

(Әбділқадыр Барзанжи.)



1. Қандай бала әкесі мен анасының жақсы қасиеттерін дереу байқайды?
2. Ата-ана перзенттеріне не тілейді?
3. Бір затты тоғыз сағат көтеру мен тоғыз ай көтерудің айырмасы қандай?
4. Ата-ананы құрметтей біліңдер.

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Аң патшасы арыстан жан-жануарларды жинап қандай сұрақтар берді?
2. Бұлғын арыстанға не деп жауап ұайтарды?
3. Жыл ақсақалы перзенттеріне қандай тапсырмалап берді?
4. Әлібек қайда шықты? Ол кішкентай гүлдерге қалай қарады?
5. Наурызда қандай тілектер айтылады?
6. «Айхай көктем» өлеңінде ақын жаңбырдың тамшыларын қандай сөздермен бейнелеген?
7. Әженің кескін-кейпін суреттеп бер.
8. Қандай бала әжесі мен анасының жақсы қасиеттерін дереу байқайды?

XV бөлім. ӘЛЕМ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ



САУЫСҚАННЫҢ ҰЯСЫ

(Ағылшын ертегісі)



Ерте-ерте, ертеде, ересектердің бала кезінде, пысықтардың шала кезінде аспандағы құстар құстық өнердің қыр-сырын енді ғана меңгере бастаған екен. Ал алақанат Сауысқан өзін сол кездің өзінде-ақ асқан білгір санапты. Бірақ оның білетіні – тоғыз, білмейтіні тоқсан тоғыз еді.

Бір күні құстар ұя салуды үйренеді. Сауысқан бір жаққа қыдырып кетіп, маңызды сабаққа қатыса алмай қалады.

Күндерде бір күн көктем келіп, құстар ұя салу қамына кіріседі. Сауысқан да жұрттан қалмай іске кірісейін десе, құрылысты неден бастарын білмей дал болады. Сауысқанның ішіне сөз сыйған ба?! Біздің сауысқанымыз да басына түскен ауыртпалық жайлы жаһанға жар салып, зар илейді. «Құс екендерің рас болса, ұя салуды маған да үйретіңдер» деп қолқа салады. Құс ағайындары сауысқанды аяп, көп болып көмектесуді ұйғарады. Біреуі шөп-шалап әкеп, біреуі бұтақ тасып, Сауысқанға ұя салуды үйрете бастайды.

– Мына бұтақшамен мына жерді таспалайық, – дейді Ұзақ өзі әкелген құрылыс материалын талдың жуан бұтағына іліп жатып.

– Осы да ма! Мұны мен сенсіз де білемін, – деп, Сауысқан тұмсығын көтеріп, құйрығын қайқаңдатады.

Сол мезетте олардың жанына Қара Торғай кеп қонақтайды. – Ал мынау сабанмен мына тұсты жабайық, – дейді ол.

– Осы да ма! Мұны мен сенсіз де білемін! – деп, Сауысқан тұмсығын көтеріп, құйрығын қайқаңдатады.

Жұмыс осылай жүріп жатады. Үлкен құстар Құтан, Кептер, Қаратаған, Қарға, Қырғи – бәрі бір-бір бұтақшадан алып келеді. Ал Сауысқан тұмсығын көтеріп, құйрығын қайқаңдатып: «Осы да ма! Мұны мен сендерсіз-ақ білемін» дегеннен бір танбай, әрі-бері секеңдеумен болады.

Көмекке Шымшық, Бозторғай, Қарлығаш, Қаратамақ сияқты кішкентай құстар келеді. Олардың кейбіреулері қабырғаны жүн-жұрқамен бекіте салса, кейбіреуі балшықпен сылақ сылауды жақсы білетін, енді бірі еденге мамық төсеудің шебері еді. Бір үлкен құс бұтақшаны тұмсығымен тістеп, алып-ұшып келе жатса, сауысқан тағы баяғы әніне салады: – Осы да ма! Мұны мен сенсіз де білемін!

Сонда мақтаншақ сауысқаннан әбден мезі болған үлкенді-кішілі құстар: – Солай ма, Сауысқан мырза! Сен бізсіз-ақ бәрін біледі екенсің. Олай болса, мына құрылысты өзің-ақ жалғастыра ғой.

Солай дейді де, Тырна, Қарға да Шымшықта, Қарлығаш та, Торғай да пыр-пыр ұшып, өз шаруаларына кетеді.

Міне, Сауысқан ұясының сиықсыз болатыны осы себептен: ұя емес, қалай болса, солай тыға салған қисық-қисық таяқтар.

Сауысқан ұя салуды әлі күнге дейін үйренбепті деседі.

Аударған Ү.Кеңесбаева



1. Сауысқан құстардан не үшін көмек сұрады?
2. Сауысқанның қай сөзі құстарға ұнамады?
3. Сауысқан ұясы неліктен сиықсыз, қисық болып қалды?
4. Ертегіден өзіңе қандай ой түйдің?



ҚҰМЫРАДАҒЫ БАЛА

Ертеде балық аулап күн көретін бір кедей балықшы болыпты. Ол күні бойы ау салып, түнде қайығының үстінде ұйықтайды екен.

Бір күні түнде ол өзен түбінен бір шоқ алтын түсті от көріп, қатты қайран қалыпты. Артынан жүрегін тоқтатып, көрген нәрсесіне ау

салыпты. Тартып шыққан соң қараса, асыл тастан жасалған балық салатын құмыра екен. Құмыраның түбінде кішкене екі алтын балық пен бір түп тұңғиық гүлінің суреті салыныпты. Тұңғиық гүлдің үстінде бір өрім шашы, үстінде жасыл түсті киімі бар қармақ ұстаған балықшы бала отырыпты.

Тағы бір күні түнде қарт балықшы құмыраның түбіндегі кішкене баланың қармағын суға салып, алтын балық аулап отырғанын көреді. Баланың қармағын кешікпей алтын балықтардың біреуі келіп қабады. Артынан ол меруерттерін теріп әкеліп, баланың құмырасына тастай бастайды. Меруерттер табанда алтын түйіршіктерге айлана береді. Таң атқан соң бала қармағын жиып, тұңғиық гүлінің қауашағына келіп отырып, әуелгі кейпіне кіреді. Қарт балықшы іштей: «Мынау бір бағалы құмыра болды ғой!» деп ойлайды.

Қарт балықшы әлгі алтын түйіршіктерді сатып, қайығын жөндетеді. Жаңа ау алады. Үй салдырады. Жағдайы күннен күнге жақсара түседі.

Бір күні қарт балықшы тағы біраз алтын түйіршіктерін базарға апарып сатып, үйіне біраз керек-жарақ әкелмек болады. Базарға жетіп, алтынын сатуға шығарғанда оны сонда жүрген аудан әкімі байқап қалады. Ол балықшыдан алтынды қайдан алғанын

сұрайды. Аңғал балықшы болған жайды түгін қалдырмай баяндап береді.

Ертесі күні әкім екі адам жіберіп, балықшыны алдыртады да құмыраны өзіне беруін талап етеді.

– Бұл құмыра патшаның бағалы заты! Мен оны сенен алып, патшаға апарып беремін, – дейді әкім.

Бұны есітіп қатты қапаланған балықшы:

– Бұл құмыраны патшанікі деуге қандай негізің, нендей айғағың бар? – дейді.

Балықшының қасарысқанына әкімнің жыны келіп, құмыраны күшпен тартып алмақ болады. Мұны байқаған балықшы:

– Мен бұны сындырсам да еш уақытта сендерге бермеймін! – дейді тістеніп.

Соны айтады да, құмыраны жерге бір ұрып, күл-талқан етеді. Бұлай боларын кім ойлаған? Шағылған құмыра түбіндегі балықшы бала тіріліп, қолындағы қармағын бір бұлғайды да, әкімді іліп алып алысқа лақтырып жібереді. Артынан бала қармағын тағы бұлғап қалады. «Мені тағы іліп алғалы жатыр» деп ойлаған әкім қорыққанынан жүрегі жарылып кетеді.

Артынша, бала қайта секіріп құмыраға кіреді. Ал құмыра демде өзінің әуелгі қалпына келіп, балықшы шалдың қолына барып қона қалады.

Қытай тілінен аударған Серік Үсенұлы.



1. Балықшы су түбінен нені көріп, қайран қалды?
2. Қарт балықшы неге қуанады?
3. Әкім балықшыдан нені талап етеді?



АЯҚ ТУРАЛЫ

Тұрған аяқ,
Қашқан аяқ,
Оңға, солға
Басқан аяқ.
Үлкен аяқ,
Кішкене аяқ.
Ара шағып,
Іскен аяқ.
Қисық аяқ,
Түзу аяқ.
Шолақ аяқ,
Ұзын аяқ.
Бүтін аяқ,
Сынық аяқ.

Жүреміз біз
Мұны да аяп.
Жалаң аяқ,
Жаралы аяқ.
Қайтып кетіп
Барады аяқ.
Киген аяқ,
Шешкен аяқ
Шалшық суды
Кешкен аяқ.
Таңған аяқ,
Талған аяқ.
Жүгіруден
Қалған аяқ.

*Доктор Сеусс (ағылшын ақыны)
Аударған Қадыр Мырза Әли*

Өлеңді жаттап алыңдар.



БАУ-БАҚША ДЕП ОСЫНЫ АЙТ

Бау-бақшаға
Келе ғой,
Көңіліңді
Бөле ғой:

Пияздары
Қабақтай,
Қабақтары
Табақтай!

Бүлдіргені
Жаңғақтай,
Жаңғақтары
Қабақтай!

Құлпынайы
Сәбіздей!

Сәбіздері
Өгіздей!

Қиярлары
Қауындай,
Қауындары
Тауындай!..
Бау-бақша деп осыны айт!

Асен Расцветников (Болгария)



1. Бау-бақша деп нені айтады?
2. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтыңдар.



ТЕК ОСЫЛАЙ БОЛУҒА ТИІС

Қайық сорлы сықырлады,
Шашалды.

Шошимыз біз,
Қорқамыз біз қашанғы.

Қайық сусын

Батыр жігіт-батыр қыз

Бақырашпен төгіп келе жатырмыз.

Көрінбейді шамшырағы теңіздің,

Жаңбыр менен долы толқын

Егіз-ді.

Көк нөсерден шұрық тесік арқамыз,

Бірақ біздің сиреген жоқ ортамыз.

Сөйлестік біз долы теңіз тілінде,

Бір мезгілде күн де шықты күлімдеп.

Біздер солай қасарыстық,
Серіктестік.
Тау толқынмен,
Жау толқынмен тірестік.

О, Жаратқан!
Сүріндірме!
Ақсатпа!
Тек қайсарлық жеткізеді мақсатқа!

Шубхаш Мукерджи (Бенгалия)
Аударған Қадыр Мырза Али



1. Қайықтағы суды кімдер бақырашпен төгіп келе жатыр?
2. «Шұрық тесік арқамыз» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Теңіз толқынымен күресу де – ерлік екенін байқататын өлең жолдарын табыңдар.

**Бөлімді қайталауға арналған
сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Сауысқан құстардан не үшін көмек сұрады?
2. Сауысқан ұясы неліктен сиықсыз, қисық болып қалды?
3. Балықшы су түбінен нені көріп қайран қалды?
4. Әкім балықшыдан нені талап етеді?
5. Бау-бақша деп нені айтады?
6. Тек осылай болуға тиіс тақырыбында қайықтағы суды кімдер бақырашпен төгіп келе жатыр?

XVI бөлім. ТЫНЫШТЫҚ ПЕН БЕЙБІТШІЛІК



ЕЛ ҮШІН ТУҒАН ЕР



Еліміздегі өзендердің таулардан сарқырап ағуы да, таңымыздың арайланып атуы да, біріншіден, күн сәулелі Отанымызда бейбіт өмір мен тыныштықтың сақталуынан. Екіншіден, сол бейбіт күн үшін Елімізді қорғау жолында қаншама ерлеріміз жанын қиды.

Бура ата жақтан келе жатқан ақсақал:

– Бұл ауылды не деп атайды?

– Елібай, – деп жауап берді жас бала тақылдап.

– Онда бұл ел Отан үшін жанын қиған ер Нұрғали Ормановтың ауылы болды ғой, ә? – деп тіл қатты ақсақал кеудесін бір көтеріп.

– Сен, балам, Нұрғали ағаңның ерлігі жайлы естуің бар шығар, ә? – деді тағы да.

– Иә, – деп бала жауап берді, – әкемнен естігенім бар. Тіпті, Нұрғали ағамның қыздарын да танимын.

– Бәрекелде! – деп ақсақал жас баланың арқасын қағып қойды.

Нұрғали Орманов ағамыз – Отан үшін, ел үшін ерлік жасап, батырлықтың үлгісін көрсеткен азамат.

Ерлер есімі қашанда ел ішінде сақталады.

Мекембай Омарұлы



1. Нұрғали Орманов кім?
2. Нұрғали ағамыз Отан үшін қандай ерлік көрсеткен?



ОТАН

Әуелгі Отан – ана алды, оттың басы,
Ауыл алды, аунаған шөптің қасы.
Сағынғанда тым ыстық көрінеді
Жаста ойнаған үйшік қып сайдың тасы.

Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді.
Отан дейміз туған жер, ата мекен
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.
Отан дейміз кең байтақ астананы,
Жасыл жайлау, жаңа жол, жас қаланы.
Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,
Ол бірақ өз үйіңнен басталады.

Өтебай Тұрманжанов.



1. Өлең неліктен Отан деп аталады?
2. Біз өсіп-өнген жерімізді не деп айтамыз?
3. «Отан – отбасынан басталады» дегенді қалай түсінесіңдер?



САҚШЫ АҒА

Қарамайды ол дауылға,
Қарамайды ол жауынға.
Кірпік қақпай тұрады
Туған жердің тауында.

Көл сыбдырын біледі ол,
Жел сыбдырын біледі ол.
Көк орманның шайқалған,
Әр шыбығын біледі ол.

Бұлақ күліп ақса да,
Құстар сайрап жатса да.
Тыныштығын бәрінің
Күзетеді сақшы аға.

(С. Жиенбаев.)



Өлеңді жаттап алыңдар.



БЕЙБІТ ӨМІР СОЛДАТЫ

Ұшағы бұл – қанаты,
Сүйсініңдер, қараңдар.
Бейбіт өмір солдаты –
Менің ұшқыш ағам бар.

От, жалындай қайраты,
Сүйсініңдер, қараңдар,

Бейбіт өмір әскері –
Менің танкист ағам бар.

Жауды ықтырар айбаты,
Сүйсініңдер, қараңдар,
Бейбіт өмір әскері –
Ер теңізші ағам бар.

Әлемге аян болды аты,
Сүйсініңдер, қараңдар,
Бейбіт өмір әскері –
Менің көп-көп ағам бар.

Ізтай Мәмбетов



1. Шекараға не кеп жетті?
2. Қараңғыда шекараны күзету оңай ма?
3. Шекара күзеткен әскерлерді не деп атаймыз?
4. Менің сүйсінетін кімдерім бар?
5. Сенің сол ағаларыңдай болғың келе ме?
6. Өлеңнің соңғы шумағын жаттап алыңдар.



ЖЕҢІС КҮНІ

Ойлап-ойлап тұрдым көп,
Сауал бердім білігім кеп:
– Қуанышты мереке –
Жеңіс күні қай күн? – деп.

Атамнан да сұрадым,
Папамнан да сұрадым,



Ағамнан да сұрадым,
Апамнан да сұрадым.

Тосты бәрі құлағын:
– Дұрыс, – десті, – сұрағың!
Бейбіт күннің бәрі де
Жеңіс күні шырағым!

Қайрат Жұмағалиев.



1. Мен не деп сұрадым ағамнан, апамнан және әкемнен?
2. Олардың жауабы қандай болды?
3. «Еске алу мен қастерлеу күні» қандай күн деп аталады?
4. Жеңіс жайлы өлең жинаңдар.



БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл айтулы күн әлемнің бірқатар елдерінде балалар мерекесі ретінде аталып өтіледі.

Балаларды қорғау – балалар мен кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің құқығын қорғау, оларға қамқорлық көрсету деген сөз. Кейбір ата-аналар балаларын қараусыз қалдырады. Кейбіреулер аяусыз ұрып-соғады. Күш көрсететіндер де болады. Кейбір елдерде кәмелетке толмаған балалардың еңбегін қанау, оларды құлдықта ұстау сияқты келеңсіз әрекеттер де болып тұрады. Бала – баға жетпес байлық, сондықтан ол мұндай жағымсыз әсердің бәрінен қорғалуы тиіс.

Балаларды қорғау деген, сондай-ақ, оларға қамқорлық көрсету деген сөз. Балаларды қорғау – олардың денінің саулығына қамқорлықпен қарау. Ал денеміздің сау болуы өзімізге байланысты. Мәселен, міне, жазғы демалыс та басталды. Демалыста не істейміз? Жазғы демалысты қайда өткізуге болады?

Лагерьде. Жазғы демалыста қалалық жерде тұратын балалардың біразы лагерьлерде демалады. Қаламыздың маңында бірқатар сауықтыру лагерьлері бар. Олардың балаларға

арнаған базарлығы да аз емес. Балалар лагерінде жазда балалар бес маусыммен демалады. 7–14 жас аралығындағы балалар 12 күн ішінде әртүрлі шығармашылық кештерге қатысады, спортпен айналысады. Футбол, волейбол, баскетбол, теннис, шахмат секциялары мен ән, би, қолөнер үйірмелері жұмыс істейді. Атпен серуендеймін деушілерге де жағдай жасалған. Бассейн де бар.

Жұлдыз Әбділда.



1. Қай күн халықаралық балаларды қорғау күні?
2. Балаларға осы бейбітшілік кезінде қандай қамқорлықтар жасалған?
3. Деніміздің сау болуы кімдерге байланысты?



Мақал

Дені саудың – тәні сау.



СЕНІҢ ОТАНЫҢ

Отан – сенің ата-анаң,
Отан – досың, бауырың.
Отан – өлкең, астанаң.
Отан – аудан, ауылың.

Отан – тарих, Отан – тіл,
Жасаған елің, өз халқың.

Отан – өлең, Отан – жер.
Көтерген көкке ел даңқын.
Отан осы, достарым,
Көңілге мұны түйе біл.
Отан деп өсіп жас жаның,
Оны ардақтай сүйе біл.

Бүркіт Ысқақов.



1. Отан, ата-ана, дос-бауыр, өлке, астана және аудан мен ауылыңды не деп атаймыз?
2. Тарих, тіл, ел-халқың, туған жерің кімнің даңқын көкке көтереді?
3. «Отаным-алтын бесігім» тақырыбында сурет салдыңдар.



БІЗ – БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ

Біз бақытты баламыз
Бізге де бір қараңыз.
Тамылжыта би-билеп,
Шаттық әнге саламыз.

Ұлттық киім киеміз,
Біз Отанды сүйеміз.
Жырға атын қосатын
Отан – біздің киеміз.

Әзірге біз кішіміз,
Жақсы оқу – ісіміз.
Спортпенен дос болсақ,
Таси берер күшіміз.

Құстар көлін жайлаған,
Елде өмір қайнаған.
Біз – бақытты баламыз
Жарқын жазы жайнаған.

Лала Жүнісқызы.



1. Біз қандай киім киеміз?
2. Домбыраны қолға алып, Отанды неге қоса-сыңдар?
3. Бейбітшілік заманда жасап жатқан балалардың ісі не болып табылады?
4. «Бейбітшілік», «Тыныштық» деген тақырыпта сурет салыңдар.

Өнегелі сөз

Асыл елін ер тербетер,
Аққу – қазды көл тербетер.

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Нұрғали Орманов Отан үшін қандай ерлік көрсеткен?
2. Біз өсіп-өнген жерімізді не деп атаймыз?
3. «Сақшы аға» өлеңін жатқа айтып беріңдер.
4. Шекараны күзеткен әскерлерді не деп атаймыз?
5. Мен не деп сұрадым ағамнан, апамнан және әжемнен? Олардың жауабы қандай болды?
6. Қай күн балаларды қорғау күні?
7. «Бейбітшілік», «Тыныштық» деген тақырыпқа сурет салыңдар.

XVII бөлім. ЖАРҚЫН ЖАЗ



ЖАРҚЫН ЖАЗ

Көл жағалай көп құстар
Ұшып-қонып жатады.
Қиқуласып әр тұстан
Сызылтып үн қатады.

Дөңгеленіп төбеден
Сәулесін күн төгеді.
Жарқын жаздың не деген
Жасыл түсі көп еді.

(Алмахан Омарова.)



Өлеңді жаттап алыңдар.



ТАҢНЫҢ АТУЫ

Түннің салқын самал, таза ауасын жұтқым келіп, тысқа шықтым. Шығыс жақ сарғайып, таң да атып келеді екен. Атып келе жатқан таң, шіркін, әдемі болады екен ғой! Шығыс жақтағы көкжиек алқызыл нұрға бөленген. Одан жоғары аспан кеңістігі ағарып айқындала бастады. Жұлдыздар да сирепті. Тек қана электр шамындай жарқырап Шолпан жұлдызы тұр. Оның Шолпан екенін ол жұлдыз таң алдында туады деген жұрт сөзіне қарай жобалаймын. Бұл – менің ағарып атқан таңды ең бірінші рет көруім еді. Таң сәулесі жанымды жадыратып, кеудеме нұр құйғандай болды. Көңілімдегі қорқынышты ойлар серпіле бастады. Таң нұрын тамашалап мен далада біраз тұрдым. Үйге қайта келіп, орныма жаттым. Кешікпей-ақ әжем де сиыр сауа бастады. Таң торғайларының шырылдаған әдемі даусы естіледі. Әжемнің шелегіне сүттің сырылдап құйылғаны да құлағымға келеді. Осы дыбыстарға құлағымды тоса маужырап жатқанымда, ұйықтап кеткенімді сезбей қалдым.

(Мұқан Иманжанов.)



1. Жазушы таңның атуын қалай бейнелеген?
2. Аспанда не сирепті?

3. Шолпан жұлдызы қашан туады?
4. «Жанымды жадыратты» дегенді қалай түсінесің?



ЖЕР-АНА

Бейбіт бақша ішінің балшығын бей-берекет шашып, қопарып ойнап жүр еді, өтіп бара жатқан қария:

– Әй, балам, жерді мұнша неге қорлайсың? Қайта қадірлеп күтпеймісің, ол сені асыраушы анаң ғой, – деді.

Балшықты анаң дегеніне аң-таң болған Бейбіт:

– Менің анам үйде, аты – Зейнеп, – деді.

– Балам, онда сол Зейнеп келінге айта бар, түсіндірер, – деп қария ұзай берді.

Бейбіт үйге келді. Анасы баласының үстібасын көріп кейіді. Тамағын ішіп, көңілі жайланған соң, Бейбіттің есіне манағы қарияның айтқаны түсті.

– Апа, – деді ол, – мана бір шал маған «жерді босқа қопарма, ол да сенің анаң» деді. Ол не дегені?

– Сен не дедің? – деп сұрады Зейнеп.

– Менің анам үйде дедім.

– Балам-ай, неге осыншама кір, балшық болып келгеніңді енді білдім. Ол кісі саған дұрыс айтқан. Жер – бәріміздің анамыз. Онсыз тіршілік жоқ.

Бейбіт әлі аң-таң. Шешесі де қарияның сөзін айтады.

— Жер — анамыз дейтін себебіміз, — деді анасы. — Ішетін суымыз, жейтін нанымыз жердікі. Дұрыстап ұғып алшы, тіпті адамға қажеттінің бәрі жерден өнеді. Қағаз, қарындаш, машиналарды жасайтын темірді де жер береді. Мысалы, жаңағы жеген қаймағың сиырдың сүтінен алынады. Сиыр жердің шөбін жемесе сүт бермейді. Сүт болмаса, қаймақ қайдан келеді? Солай, балам. Содан да Жер — бәріміздің асыраушы анамыз.

Бейбіт анасының әр сөзін зейінмен тыңдады. Түстен кейін бақшаға кіріп, өзі қопарып, шашып ойнаған топырақты тегістеді. Тіпті, ақырын ғана алақанымен аялап, сипап қойды.

(«Балдырған» журналынан.)



1. Бейбіт қандай қателік жасады?
2. Бейбітке қария қандай ескерту жасады?
3. Анасы қарияның сөзін неліктен мақұлдағанын айтып бер.



ТАБИҒАТ – СУРЕТШІ

Қыс, көктем, жаз, күз атты
Төрт суретші кездесті.

– Шетімізден талантты
Шеберміз ғой біз, – десті.

Содан олар келісті
Сәндемек боп орманды.
Түрлі бояу бөлісті,
Қыл қаламды қолға алды.

Алдымен қыс таяды,
Қолына алып қаламын.
Аппақ етіп бояды
Бүкіл орман алабын.

Көктем келіп сол сәтте
Боямаққа сайланды.
Аппақ орман әп-сәтте
Жасыл түске айналды.

Жаз келді де орманды
Безендіре бастады.
Сан бояумен бар маңды
Құлпыртып-ақ тастады.

Күз де қарап тұрмаған
Келген кезде кезегі.
Қолға сары сырды алған
Суретшінің өзі еді.

(Мұрат Қуанышбеков.)



1. Ақын жыл мезгілдерінің түстерін қалай суреттеген?
2. Жыл мезгілдерінің адам өміріндегі орны қандай?
3. Өлеңнің мазмұнына сүйене отырып, жыл мезгілдерінің суретін салыңдар.



АЛТЫН БЕСІК

(Сыныптан тыс оқу)

Менің туған өлкем – Көкшетау, шыңын мұз басып жатқан биік таулар емес, төбесіне оп-оңай шыға беруге болатын аласа таулар. Міне, сондай таулардың бірінің етегіндегі көл жағасында менің туып өскен аулым қоныстанған. Таудың аты – «Салпық» деп, ал оның іргесіндегі айдынның аты – «Шұңқыр көл» деп аталады. Ауылдың аты осы көлдің есіміне қойылған.

Біз бала кезімізде жазда Салпық тауының бауырына жидек, шие, бүлдірген теруге баратын едік.

Ал көл жағасы қандай тамаша еді. Ыстық күндері қасынан шықпайтынбыз. Арқаны күнге қақтап-қақтап алып, жүгіріп келіп, суға қайта-қайта күмп-күмп беріп құлайтынбыз. Бізден әріректе тереңдеу жерде, мойындары жіп-жіңішке болып, шүрегей үйректер жүзіп бара жатады. Жақындасақ, тереңге қарай ұзай береді.

Дауылды, желді күндері көл беті бұйраланып, дөңбекшіген толқындары жағаны ұрып, көбік шашып жатады. Әлденеге ашуланған сияқты мінез танытатын.

Туған жер – алтын бесік. Әлдилейді, тербетеді сені. Қиялыңды ұштайды. Мен бесінші сыныпта оқитын едім. Туған жерге деген сезімімді дауыстап айтқым келеді. Өзіміздің Салпық тауы туралы, оның іргесіндегі кішкене көл туралы өлең жаздым. Әлемде Салпықтан биік тау жоқ, әлемде Шұңқыр көлден үлкен көл жоқ деп сипаттадым. Олар маған, шынында да, солай көрінген. Ауылдан алысқа ұзап шықпаған кезім, басқа тауды да, басқа көлді де көрмеген едім. Кейін есейген соң білдік те, көрдік те: Салпықтан әлдеқайда үлкен, аса зор таулар да көп екен. Шұңқыр көлден әлдеқайда байтақ, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін шалқар көлдер де көп екен.

Сонда туған жерімнің тауы мен көлі, өзім қай қиырда жүрсем де, көзіме сол баяғы бала кезімдегідей, алып тұлғада елестейді де тұрады. Мұның сыры туған жерге деген ыстық махабатта болса керек.

(Нығмет Фабуллин.)



1. Ауылдың аты ненің есіміне қойылған?
2. Балалар жидек теруге қайда баратын еді?

3. Көл жағасының көрінісі қандай?
4. Туған жерді неліктен «алтын бесік» деп әспеттейді?
5. Туған жер табиғатының басқа табиғаттан қандай өзгешелігі бар?
6. Туған жерге деген махаббатты қалай түсінесіңдер?



ТЫРНА

Қар еріп, сай-сала бұлақ сылдырына толғанда, көгілдір көктемнің көктегі жаршысындай болып тыраулап тырналар келеді. Оның алыстан талып жеткен үнін естігеніңмен, көзіңе бірден шалына қоймайды.

Көк аспандағы әсем үн бірте-бірте айқындала түседі. Сонау көз ұшында тізбектеле ұшқан тырналарды сонда ғана көресің. Олар өткен күзде тастап кеткен мекеніне қарай бір-бірлеп тыраулай қалықтап бара жатады.

Күн ұясына қона, тырналар аялдама жасайды. Ұзақ жолдан шаршаған олар түні бойы қонақтап, ертеңгі сапарға күш жинайды. Бәріміз осындамыз ба дегендей-ақ таңертең бір-біріне дауыс беріп, түгендеп, хабарласып алады да, аспанға қайта көтеріліп, сап түзеп, кете барады.

Тырна – өте сақ құс. Күзетте тұрған кәрі тырна жақындап келе жатқан адамды сезіп

қалса болды, тыраулап қатер белгісін бере қояды. Шыршаның арасынан сызат беріп келе жатқан ең алғашқы таң рауанын тырна қалт жібермейді. Ол таңның атқанын бар дау-сымен орманның басқа тұрғындарына жария етеді. Оны өзге құстар іліп әкетеді. Сөйтіп, әп-сәтте жаңа туған күн құрметіне ғажайып ән мерекесі басталады да кетеді.

(«Ол кім? Бұл не?» кітабынан.)



1. Жазушы тырналардың келуін қалай суреттеген?
2. Тырналардың қалай ұшатынын жазушының қай сөйлемдерінен білуге болады?
3. Тырна адамды сезсе, қандай белгі береді?
4. Тырна орман тұрғындарына нені жариялайды?

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Жазушы таңның атуын қалай суреттеген?
2. «Жер-Ана» әңгімесіндегі Бейбітке қария қандай ескерту жасады?
3. Ақын жыл мезгілдерінің түстерін қалай суреттеген?
4. Жазушы тырналардың келуін қалай бейнелеген?

МАЗМУНЫ

I бөлім. Біз – ұлы елдің ұланымыз

1 Қыркүйек – Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік күні.....	3
Мен елімді сүйемін.....	4
Борыш.....	6
Өзбекстан. Егеменді еліміздің картасы.....	7

II бөлім. Кітабым – шуағым

Кітапқұмар Ахмет.....	15
Оқығанның көзі ашық.....	17
Кітапты қадірлеген аналар.....	19
Нақыл өлең. Кітап оқудың пайдасы.....	22
Ақыл таразысы.....	25
Оқулық.....	26
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.....	28

III бөлім. Мектеп киелі мекен

Міне, үлкен азамат.....	29
Қоңырау.....	30
Табылған ақыл.....	31
Мен мектепке барар ем.....	33
Қамқорлық.....	34
Әзілхан мектепке барады.....	36
Мектептен жырақ жол.....	37
Мен емес!.....	41
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.....	43

IV бөлім. Күткен күзім, келдің бе?

Қыркүйек.....	44
Қазан. Қараша.....	46
Күзгі жапырақтар.....	47

Қарбыз	48
Бір күндік қызық	49
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	33

V бөлім. Достық – баға жетпес байлық

Сынақ	54
Ташкент – әсем астанам	57
Түлкі мен жолбарыс. Тырналар	58
Өзбек елі – өзегі бір өз елім	60
Арыстан мен күшік	61
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	63

VI бөлім. Әдептілік – адам көркі

Әдеп әліппесі. Көшеде. Қоғамдық орындарда	64
Үстелде. Сен қонаққа келдің	65
Сәлем бер	66
Әкем менің	67
Өзім	70
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	72

VII бөлім. Өнерлінің өрісі ұзақ

Менің шеберханам. Балға. Төс	73
Егеу. Ара. Қайшы. Ине	74
Сүргі. Еңбекпен ел көгерер	75
Шебердің ескертуі. Ұста	77
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	80

VIII бөлім. Халық ауыз әдебиеті

Бесік жыры	81
Тұсау кесу жыры	82
Ақсақалдың ақ батасы	83
Өтірік өлеңдер	84

Алтын балта.....	86
Жеті ақылды	89
Қыз бала мен ұл баланың айтысы.....	90
«Көги гөк».....	92
Алдар көсе мен бай баласы.....	94
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	96

IX бөлім. Ұлттық мәдениет

Салт-дәстүрім.....	97
Зергерлік бұйымдар	98
Бесікке салу дәстүрі	99
Ғажайып таяқ.....	100
Көрімдік.....	101
Татулас	104
Қонақасы.....	106
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	107

X бөлім. Қыс кереметтері

Алғашқы қар.....	108
Өзбекстан Республикасының Конституциясы	109
Қысқы кеш.....	110
Аққала	112
Желтоқсан.....	114
Біліп ал!.....	116
Қарғалар	117
Қасқыр қысты қалай өткізеді?	118
Аязда.....	119
Әже алғысы	120
Өкініш.....	122
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	124

XI бөлім. Отан қорғаушылары

Сақшы	125
-------------	-----

Батыр бала	126
Тоқтар батыр.....	128
Командир	129
Ерліктің мәні неде?.....	131
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	134

XII бөлім. Ертегілер әлеміне саяхат

Аю мен тышқан.....	135
Жалқау үкі.....	137
Адалдық.....	139
Инабатты жалшы.....	141
Арман қанатында. Өсем мен	143
Абай мен Әбіш.....	144
Баланың айласы.....	146
Мен жастарға сенемін	148
Көне жұрт	149
Өтіріктің залалы	152
Қанат туралы хикая.....	154
Таза болыңдар.....	155
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	156

XIII бөлім. Туысқан халықтар әдебиеті

Телефондағы әңгіме.....	157
Тырна мен құрбақаның достығы.....	158
Сыныққа сылтау іздегіштер ауруханасы	161
Бақыт деген не?.....	162
Сауысқан	163
Мысық. Білгір бала	164
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	43

XIV бөлім. Көктем

Көктем сәні.....	165
Наурыз	167

Төрт мезгіл.....	170
Көктем.....	173
Бостандықтың гүлдері.....	174
Айхай, көктем!	178
Әже.....	180
Түн ұйқысын төрт бөлгендер	181
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	183

XV бөлім. Әлем балалар әдебиеті

Сауысқанның ұясы	184
Құмырадағы бала	186
Аяқ туралы.....	189
Бау-бақша деп осыны айт. Тек осылай болуға тиіс ..	190
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	191

XVI бөлім. Тыныштық пен бейбітшілік

Ел үшін туған ер	192
Отан	193
Сақшы аға. Бейбіт өмір солдаты	194
Жеңіс күні.....	195
Балаларды қорғау	196
Сенің Отаның.....	198
Біз – бақытты баламыз.....	199
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	200

XVII бөлім. Жарқын жаз

Жарқын жаз	201
Танның атуы	202
Жер-ана	203
Табиғат – суретші	204
Алтын бесік.....	206
Тырна	208
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар	213

0-56 **Оқу кітабы.** Жалпы орта білім беретін мектептердің 3-сыныбына арналған оқулық. // М. Омарұлы, Г. Нишанова, Р. Өсєрова/. 6-басылымы. –Т.: «O'zbekiston», 2019. –216 б.

ISBN 978-9943-01-283-7

УЎК 372.41y821.512.122-3

КБК 81.2 Каз 922

O'quv nashri

Mahkamboy O'maro'g'li, Gulnora Nishanova, Rabiya Userova

O'QISH KITOBİ

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining 3-sinfi uchun darslik

6-nashri

(qozoq tilida)

Original-maket «O'zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan, 100011, Toshkent, Navoiy ko'chasi, 30

Редактор *Г. Әмірқызы*

Суретші *Р. Зуфаров*

Көркемдеуші редактор *Б. Зуфаров*

Техникалық редактор *Л. Хижова*

Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158. 14.08.2009.

Басуға 2019 жылы 24-январьда рұқсат етілді.

Пішімі 70x90^{1/16}. Офсеттік қағаз. Гарнитурасы «Arial».

Кеглі 14, 12. Офсеттік әдіспен басылды.

Шартты баспа табағы 15,79. Есепті баспа табағы 8,62.

Таралымы дана. Тапсырыс №

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
«O'qituvchi» баспа-полиграфия шығармашылық
үйінде басылды.

Юнусабад, Янги шаҳар көшесі, 1А.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.